Этнопедагогика материалдарын оқу үрдісінде пайдаланудың тиімділігі мен нәтижелілігі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың диалектикалық бірлігін сақтау принципінің қатаң қадағалануына байланысты. Оқу- тәрбие үрдісінде осы категориялардың біреуіне басымдылық беру әлеу- меттік- тарихи қоғамдастықтар арасында қайшы пікірлер тудырады. Оның себебі: халық дәстүрі мен этномәдениет аса күрделі сипатта болғандықтан, пайдалану парқын білмесе, жастардың ұлттық салт- дәстүрге, адамгершілік нормаларына жағымсыз қарым- қатынасы пайда болуы немесе ұлттық сана- сезім шамадан тыс ұлғайып, ұлтшылдыққа әкеп соғуы да мүмкін. Осы жағдай мектеп міндеттерін шешуде қазақ халық педагогикасы мен әлемдік өркениет қазынасының, көп ұлтты. Қазақстан халықтары мәдениетінің диалектикалық бірлігін сақтау қажеттігін тудырады. Жалпы адамзаттық құндылықтар ұлттық нышандар арқылы қабылданады, сөйтіп бірін- бірі толықтырып, байытады. Балалардың ұлттық мәдениет өркендерін меңгеруге деген ынта- ықыласы мен құштарлығын сақтап, дамыта отырып, жалпы адамзаттық мәдениет пен өрке- ниет жетістіктеріне ұмтылдыра білу ұлттық дарашылдықтан аулақ болатындай жұмыс мазмұны мен формаларын, әдістерін іздестіруді қажет етеді.

Қазақтың салт- дәстүрлерін дәріптейтін материалдарды оқу- тәрбие үрдісінде бірізділік- пен, сабақтастықпен пайдалану принципінің қатаң сақталуы көкейкесті пробле- малардың бірі. Қазақ халық педагогикасы материалдарын оқу- тәрбие үрдісінде ретсіз, жүйесіз қолдану салдарынан ұлттық мұраның мән- маңызына нұқсан келуде. Мектептің тәрбие шараларында халықтық салт- дәстүрдің «Тұсау кесу», «Келін түсіру», «Шашу шашу» сияқты жекелеген, көпшілікке танымал түрлерін ғана пайдалану «дәстүрге» айналды. Тіпті кішкентай қыздарға сәукеле кигізіп қою сияқты дәрекі жәйттер де орын алуда. Осы кемшіліктерді жою мақсатында сабақтарда, тәрбие жұмыстарында, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерінде бірізділікті, сабақтастықты сақтау, халықтық педагогика материал- дарының мән- мазмұнына жете көңіл бөлу көзделеді, Мысалы, салт- дәстүрлерді пайдалануда адам дүниеге келіп, ақырғы сапарға аттанғанға дейінгі («тал бесіктен жер бесікке») аралықтағы барлық түрлері қамтылуы тиіс. Ал халық шығармашылығы үлгілерін қолдануда бастауыш сыныптарда қаламақ, санамақ, жұмбақ тәрізді бала ойындары, орта сыныптарда батырлар жыры, жоғары сыныптарда қоғамдағы қарым- қатынастар туралы түркі ғұламаларының, қазақ ақын- жырауларының, ағартушы қайраткерлерінің күрделі еңбектері білім мен тәрбие мазмұнына арқау болса, нәтижелілігі арта түсері хақ.

Келесі принцип – осы мазмұнды ақпараттарды оқу- тәрбие үрдісінде пайдаланудың кешенділігі және жүйелілігі. Халық педагогикасы материалдарын оқу- тәрбие үрдісінде меңгертудің мазмұндық жағынан да, орындалу тәртібі жағынан да логикалық жалғастық табуының мәні зор. Айталық, бастауыш сыныптарда сабақ мазмұнына салт- дәстүрлердің бала тәрбиесіне байланысты түрлері, ал орта және жоғары сыныптарда үйлену, үй болуға, адам қазасына қатысты рәсімдер ендірілсе, бұдан әрі сабақта алған білімдері сыныптан тыс шығармашылық әрекеттерінде (шығарма, реферат жазу, ғылыми конференцияларға баяндамалар дайындау және т.б.) терең- детілсе, оқушылардың халықтық әдет- ғұрып жөнінде жүйелі ұғым- түсініктері қалыптасары сөзсіз. Осындай логикалық байланыстар қазақ халық педагоги- касы материалдары саласынан бірізді, терең білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Кешенділік принципі қазақ халық педагогикасы материалдарының I сыныптан XI сыныпқа дейін оқылатын барлық пәндердің мазмұнында және тәрбие беру кезеңдерінде қамтылуымен, сонай- ақ оқушылардың сыныптан тыс шығармашылық іс- әрекеттерінде, басқа да тәрбие шараларында қолданылуы- мен қамтамасыз етіледі.

Қазақ халық педагогикасы материалдарын оқу- тәрбие үрдісінде пайдаланудың маңызды принциптерінің бірі- оқушылардың жас ерекшеліктерін назарда ұстау және оған саралы көзқарас тұрғысынан қарау. Бастауыш, орта, жоғары сынып оқушылары өздерінің анатомиялық- физиологиялық, психологиялық қасиеттерімен ерекшелінеді.

Бастауыш сынып (1-4 сыныптар) оқушылардың жас шамаларына қарай, олардың адамгершілік, табиғатқа аялы көзқарас, үлкенді сыйлау, сөзге беріктік, әдептілік, адалдық, құрбыластарымен сыпайы қарым- қатынас жасау сияқты сапа- қасиеттерін тәрбиелеуге бағытталған салт- дәстүр үлгілері ұсынылады. Халық шығармашылығы саласынан оқу пәндерінің тақырыптарына байланысты жаңылтпаш, ойын әндерін, санамақ, қаламақ үйрету, ал сыныптан тыс шығармашылық әрекеттері мен тәрбие шараларында табиғи материалдардан ойыншықтар жасату, әндердің инсценировкаларын, қойылымдарын ұйымдастыру қарастырылады.

Жоғарыда көрсетілгендерді мектептің оқу- тәрбие үрдісінде пайдаланудың формалары мен әдістері сол үрдістің барлық компоненттерімен, әсіресе оның мақсат- міндеттерімен тығыз байланыста екенін атап айтқан жөн.

Психологтардың пікірінше, сабақтарды үнемі бірсыдырғы, бір деңгейде ұйымдастыру формалары балалардың тез шаршауына, қабылдау мен ойлау әрекеттерінің тоқырауына, қызығушылығының бәсеңсуіне әкеп соғады. Әрі қазақ халық педагогикасы материалдарын пәндерге қосымша ретінде енгі- зілуіне байланысты оқу ақпарының молаюы оларды игеруде біршама күрде- лілік туғызады. Ішкі қор арқылы пайдалану, құрылымы жағынан тиімді ұйым- дастыру жұмыстары ғана жағымды жетістіктерге қол жеткізеді. Осы ретте қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде кеңінен орын алған дәстүрлі емес сабақтар (іскерлік ойын, пресс- конференция, жарыс, КТК, аукцион, шығармашылық есеп, лекция- концерт, ойын, брейн- ринг, телекөпір, экскурсия, ғажайып алаң, т.б.) өткізу, сондай- ақ оқу жұмысын ұйымдастырудың басқа да көмекші фор- малары (лекция, семинар, конференция, консультация, факультатив, т.б.) қолда- нылады.

Халық педагогикасын мектептің оқу- тәрбие үрдісінде оңтайлы пай- далану *шарттары* болып: оқу - тәрбие үрдісінде пайдалану формаларын, әдістері мен принциптерін анықтау; оның оқу үрдісінде, мысалы дене шынықтыру пәнін оқытуда пайдаланудың мазмұнын жасау; халық педагогикасын пайдаланудың оқушыларға тәрбие берудегі ықпалын анықтау. Ал пайдалану *өшемдері* болып: көкейкестілігі; тұтастылығы; мұға- лімнің халық педагогикасын пайдалануға даярлығы; халық педагогикасын пайдаланудың практикалық тиімділігі мен болашағы.

Сонымен қазақ халық педагогикасын мектептің оқу үрдісінде, оның ішінде географияны оқытуда пайдалануды әдістемелік тұрғыда (оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары, нұсқаулары, ұсыныстары, оқу фильмдері, диафильмдер, диапозитивтер, көрнекі құралдар және т.б.) қамтамасыз ету: *біріншіден*, оқушылардың қазақ халық педагогикасы арқылы оқу материалын жүйелі, терең мазмұнды сипатта меңгеруіне септігін тигізеді;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә.«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 31.01.2017ж.
2. Ғабдуллин М. Ата- аналарға тәрбие туралы кеңес. –Алматы: Мектеп, 1966.- -123 б.
3. Жарикбаев К. Из истории развития педагогической мысли в дореволю- ционном Казахстане. –Алма- Ата: РУМК, 1978. -82 с.

Аннотация

Мақалада қазақ халық педагогикасының озық үлгілерін сабақ үрдісінде және сабақтан тыс іс-шараларда пайдаланудың тиімділігі мен маңызы туралы айтылады.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы применения лучших образцов казахской народной педагогики на уроках и во внеурочных различных мероприятиях.

Annotation

The article is considered questions of application of the best samples of the Kazakh national pedagogics at lesson and in after-hours various events

**УДК 37.01
И 83**

ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ АУТИСТА В ШКОЛЕ

Исаева А.Р., Сейдалиева Г.Ш.

Таразский государственный педагогический университет, Тараз қ.

Проблема аутизма, становится на сегодняшний день актуальной, так как по сравнению с прошлыми годами зафиксирован более высокий рост заболеваемости. По статистике, в различных странах, из 100 или 1000 детей - у одного существуют признаки аутизма. Визуально статистика один из 100 или из 1000 поначалу кажется не настолько шокирующей, если не брать в счет, что несколько десятков назад аутизм считался крайне редким психическим заболеванием.

«Аутизм» был введен австрийским и американским педиатром и психиатром Лео Каннером, а в 1934 году Ганс Аспергер, 1947 году – советский ученый Самуил Мнухин описали расстройства психики у старших детей.

Аутизм - это не просто психическое расстройство, а серьезное многофункциональное нарушение, в основе которого лежат такие проблемы как: иммунология, неврология, биохимические проблемы, эндокринные и т.д. На современном этапе инклюзивное образование предполагает обучение аутистов в обычных школах. Чтобы разобраться с проблемой воспитания и обучения аутистов в школе, нужно для начала определить самые распространенные причины заболевания аутизмом у детей.

Причины РАС (расстройство аутичного спектра) данного психического расстройства весьма спорны. Сказать по какой конкретной причине ребенок заболел аутизмом, невозможно. Этиология заболевания остается до конца не изученной. Все предположения относительно возникновения аутизма, в ходе неоднократных исследования закончилось - провалом. Такие проблемы, как « проблемы в семье, профилактические прививки, плохие социальные условия, дефицит в каких либо веществах не является главным фактором развитие болезни. Возможно эти проблемы подкрепляют РАС, но они не являются существенными в развитии патологии» [1].

Первые симптомы аутизма - замкнутость, агрессия, застенчивость могут проявляться в возрасте 2-3 лет, иногда такие состояния могут быть охарактеризованы как «странности ребенка», поэтому болезнь на начальном этапе обнаружить очень тяжело. Как правило, первые признаки обнаруживают родители, и то если в данной семье уже воспитываются, или проживает близкий родственник или взрослые дети с диагнозом расстройства аутичного спектра.

К сожалению, позже всего получают диагноз первые дети в семье, так как чаще всего молодые родители в силу своего незнания ставят под сомнения отклонения в поведении ребенка. Тяжелые формы аутизма встречаются довольно редко, а вот легкие формы распространены довольно таки часто.

«Дети, заболевшие РАС, как правило, сплочены общими характеристиками:

- трудности при коммуникации с другими детьми;

- затруднении в восприятии чего-то нового и определении ограниченности интересов;
- повторения поведения рисунков» [2].

Исходя из всего, аутизм – это общее расстройства развития, которому характерно нетерпимость обычных нагрузок (обычные предметы или обычное поведение другого человека проявляется слишком сильно и ярко), особенно близкие контакты с другими людьми. Дети с данным диагнозом, на самом деле отречены от окружающего мира, хотя у них огромное желание быть понятыми. Общительность детей аутистов проявляется намного больше, чем у обычных детей. Также был замечен тот факт что, нарушение речи встречается не у всех. Многие из детей страдающие аутизмом говорят довольно таки хорошо, и иногда даже у них очень высокий интеллект.

Поэтому большинство детей с легкой формой аутизма учатся в обычных классах, с обычными детьми. Но не стоит забывать, что болезнь может как регрессировать, так и 90% прогрессировать. Чтобы не допустить прогрессии в болезни, должны быть задействованы родители таких детей, педагоги персонал школ и дошкольных учреждений.

Замечена критическая нехватка дипломированных специалистов, знающих консультантов, способные помочь детям которым поставлен диагноз «аутизм» и которые поступают в бесплатные средние школы. Преподаватели в школах сами психологически не готовы, это не говоря о их специальной подготовке с такими детьми, которая иногда отсутствует. Учителя вынуждены полагаться на родителей, хотя родители считают, что именно учитель и школа должны сами решать подобные проблемы. По итогам, как бы это печально не звучало, дети аутисты предоставлены сами себе, должное обучение и воспитание они не получают в общеобразовательных школах. Поэтому, несмотря на большую мотивацию со стороны родителей отдавать своих «необычных» детей в образовательные организации, психологическая не готовность, родителей, детей и учителей, мешает конструктивному взаимодействию со школой.

«Основными проблемами детей с РАС, препятствующими их социальной адаптации и обучению в среде сверстников, являются:

- Выраженные трудности социально-эмоционального взаимодействия;
- Трудности организации собственной деятельности и поведения, поведенческие нарушения, выраженные в разной степени;
- Выраженная неравномерность и специфика развития психических функций, специфика развития познавательной деятельности в целом;
- Трудности в установлении продуктивного взаимодействия с окружающими;
- Необходимость в специально организованном образовательном пространстве, использовании специальных приемов и методов при обучении и психолого-педагогическом сопровождении детей с РАС»[2,с.34].

Ребенок с РАС в обычной школе имеет огромные трудности именно при эмоциональной адаптации, и поэтому ему очень важна психологическая помощь. Ребенок аутист в школе и дома может вести себя совершенно по разному. « В стенах школы ребенок с аутизмом может вести себя агрессивно, неистовствовать, кричать, визжать и швырять разные вещи об стенку, но при возвращении домой ребенок аутист может быть спокойным» [3].

Самая главная проблема аутистов в школе это отсутствие медикаментозных препаратов специальных для детей с РАС. Существует несколько принципов медикаментозной коррекции: Первое это то что диагноз РАС не должен автоматически вести к назначению медикаментозного лечения, но должен автоматически запускать процесс интенсивной педагогической коррекции;

Второе, это значительная часть детей с РАС (порядка 50%) может обучаться без медикаментозной поддержки при условии интенсивности и эффективности педагогического воздействия.

К третьему по нашему мнению относится состояние определенной части детей с РАС (около 10—15%) на момент первичной врачебной консультации таково, что занятия без предварительной медикаментозной коррекции невозможны; в остальных 35—40% случаев медикаментозная поддержка ведет к повышению эффективности занятий, облегчает и ускоряет приобретение ребенком необходимых навыков.

Должна внедряться система реального инклюзивного образования, что подразумевает именно совместное обучение аутистов и обычных детей.

Со стороны педагогов и психологов, а также родителей «должны проводиться коррекционные занятия с аутистами, различные предметотерапии (сенсорная интеграция и стимуляция), песочная терапия, иппотерапия, дельфинотерапия, кинезотерапия, тренинги для привыкания и внедрения детей аутистов в обычные классы (на что и направлено по своей сути инклюзивное образование). Терапия, упражнения, игры не способствуют регрессии болезни, но они являются положительным стимулом для ребенка – аутиста»[4].

В коррекционной работе с аутистами можно использовать: кинезиологическую гимнастику, развивающие упражнения, игры.

Рассмотрим «кинезиологическую гимнастику». Целью комплекса «игровых упражнений для детей с аутизмом является повышение устойчивого внимания, развитие межполушарного взаимодействия и способность выполнять последовательные комплексные движения и совершать целенаправленные действия по определенному плану». К кинезиологической гимнастике относятся такие упражнения как: «кулак-ребро-ладонь», «зеркальное рисование ладонью», «пальчиковый игротренинг», «веселая грамматика», «зонтик», «Слоговой анализ»

«Кулак – ребро – ладонь»: «Данное упражнение выполняется на песке. Три положения руки на плоскости песочного листа последовательно сменяют друг друга. Ладонь: на плоскости, сжатая в кулак; ребром на плоскости песочницы; распрямленная на плоскости. Выполняется сначала правой рукой, потом – левой, затем двумя руками вместе. Данное упражнение обязательно сопровождается речевыми командами: «Кулак – ребро – ладонь. Повтори: раз – два – три. Раз – два – три – стоп!». Это необходимо для развития слухового внимания и двигательного самоконтроля».

«Зеркальное рисование на песке». «Одновременно правой и левой рукой ребенок рисует симметричные рисунки на песочном листе. При обучении грамоте это могут быть буквы и слоги. Педагог может организовать игру «Найди правильную букву». Ребенок должен сравнить изображение и найти графически правильный образ буквы, выделив его другим песком».

«Пальчиковый игротренинг». «Цель: развитие тактильного и пространственного восприятия, мелкой моторики. Материал и оборудование: песок сухой, речной; песок декоративный (серебряный, зеленый, желтый, оранжевый, голубой); шесть контейнеров для различного вида песка; набор камней различной величины; браслет детский; кольца на каждый палец, изготовленный из ниток; пластмассовая черепаха.

Приветствие: ладони «здороваются»:

Здравствуй, песок!

Сухой, колючий,

Здравствуй, песок!

Теплый, сыпучий.

Упражнение выполнять на песочном листе, наполненном сухим (речным) песком. Ладони педагога и ребенка прикасаются к песку (действия сопряженные)».

«Веселая грамматика». Цель: формирование грамматического строя речи.

Упражнение «Большой и маленький». «Педагог называет большой предмет (машина) и дает задание ребенку найти маленький предмет, спрятанный в песке. Обнаружив предмет, ребенок называет: машинка».

«Слоговой анализ» (игра «Слогин») Цели: «развитие фонематического слуха; слоговой анализ слов. Методические рекомендации: для игры понадобятся заранее заламинированные карточки со словами, которые следуют спрятать в песок полностью: в двухсложных словах ребенок видит только первый слог, в трехсложных – первые два слога. Педагог читает начало слова, ребенок должен назвать его конец. Можно поменяться ролями: ребенок называет (читает) первый слог, взрослый – слог, следующий по смыслу».

«Зонтик». Цели: «определение рода существительного; употребление местоимений мой, моя, моё, мои. Методические рекомендации: для игры потребуются зонтик, украшенный ленточками, на которых с помощью скрепок подвешены предметные картинки в зависимости от лексических тем: «посуда», «мебель», «одежда», «обувь». Педагог вносит зонтик и демонстрирует его, акцентируя внимание ребенка на картинках. Далее начинает медленно крутить зонтик, предлагая поймать картинку. Задача ребенка: назвать ее, употребив соответствующее местоимение, например: «Чей стул?» или «Чьи тапки?» Модуль «зонтик» незаменим в процессе логопедической работы с аутичными детьми и активно используется при проведении логопедических игр, являясь ярким демонстрационным материалом, эффективным наглядным средством подачи материала».

Также существует ряд упражнений предназначенные для детей с аутизмом.

Упражнение «Чего не стало?»: «Педагог использует миниатюрные игрушки и производит действия с ними. Педагог: «Что это?» Ребенок: «Это кубик». Педагог: «Спрячь кубик в песке. Нет чего?» Ребенок: «Нет кубика»».

Упражнение «Нет кого?». «Педагог прячет в песок игрушки – животных, оставив на поверхности лишь хвост, лапы или ухо. Ребенок должен отгадать, кто спрятался».

Упражнение «Чей хвост?». «Для образования притяжательных прилагательных ребенок изменяет слова по образцу: хвост лисы – лисий хвост, хвост зайца – заячий хвост» [5].

В настоящее время большую популярность имеют компьютерные игры специально разработаны для детей аутистов. «Психологическая игра «Фрэнки и Друзья», предназначена для охвата многих социальных навыков, которые некоторые дети с аутизмом находят сложными. В игре развиваются такие качества как распознавание эмоций и привитие внимания к людям, а не отвлекающие объекты, которые часто можно встретить в компьютерных играх. Также огромный плюс является тем что на экране нет инструкций и лишних слов. Вместо этого присутствуют символы и звуки для создания смысла. Игра была разработана для того, чтобы дети всех уровней РАС могли попробовать игру, независимо от уровня их языка и когнитивного функционирования» [6].

Предложение упражнения и игры, по нашему мнению могут помочь детям с РАС в процессе социализации и адаптации. «Знакомься с этими играми и упражнениями, дети постепенно будут совершенствовать речевые навыки, запоминать виды работ, правила игры и выполнять аналогичные задания с другим речевым материалом» [7].

Таким образом, вопросы адекватного психолого-педагогического сопровождения ребенка с РАС сегодня являются крайне актуальными.

Список использованной литературы

1. Психология детей с отклонениями и нарушениями психического развития/ Сост. и Общая ред. В.М. Астапова, Ю.В. Микадзе. – СПб.: Питер, 2002 Астапов В.М. Тревожность у детей. – М.: ПЕР СЕ, 2005г.
2. Лебединский В.В. «Нарушения психического развития у детей» Москва 1999г.
3. Лебединский В.В., Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М.
4. Агафонова И.Н. Учимся думать. Сборник занимательных логических задач, тестов и упражнений. Уч. пособие. СПб.: «МиМ-Экспресс», 1996. 96 с.
5. Исаев Д.Н. Психиатрия детского возраста. Психопатология развития. СПб.: СпецЛит, 2014. 469 с.

6. Психолого-педагогическое сопровождение обучающихся с расстройствами аутистического спектра. Методическое пособие. М.: ФРЦ

7. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. «Эмоциональные нарушения в детском возрасте и их коррекция» Москва 2000г.

Аннотация

Статья посвящена проблеме детского аутизма. Рассмотрены проблемы социально-эмоциональной адаптации аутистов, предложены коррекционные упражнения, для детей с расстройством аутичного спектра.

Ключевые слова. ранний детский аутизм, коррекционные мероприятия, иппотерапия, дельфинотерапия, кинезотерапия, комплексная реабилитация .РАС.

Аннотация

Мақала балалар аутизмі мәселесіне арналған. Аутистер бейімделуінің әлеуметтік-эмоционалдық проблемалары қарастырылған, аутистік спектры бұзылған балалар үшін коррекциялық жаттығулары ұсынылған.

Annotation

The article is devoted to the problem of children's autism. Consider the problem of social and emotional adaptation of children's autism, proposed correction exercises of children's with disorder autism spectrum.

ӘОЖ 159.92
К 95

МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТІ

Көшімбетова С.А.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.

Раимбекова А.А.

№39 гимназия мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Тараз қ.

Отбасындағы адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған- туыстарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Н.Ә. Назарбаев

Бүгінгі таңда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрдің адамгершілігі бар асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттерінің біріне айналып отырғаны даусыз. Сондықтан ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің ұлттық ана тіліміздің болашағы мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне тәуелді деп ойлаймын. Олай болса мектеп пен отбасының бірлескен әрекетінен көп нәтиже шығуы сөзсіз.

Отбасы- адам баласының алтын дiңгегi, тәрбие көзi, бала тәрбиесiнiң алтын бесiгi. Бұл шағын әлеуметтік топ- бала үшін өмір мектебі. Өйткені адам шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті әрі қасиетті алтын мектебі. Бала адамның бауыр еті, олай болса ата- ананың балаға берері мол. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Өйткені ата-ананың баласына деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе де толтыра алар емес. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» - деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындап тұр. Отбасы

мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында ортақ мақсаты бір. Отбасы үлкен және жауапты іс. Осы істі ата-аналар басқарады және қоғам алдында жауап береді. Әрбір ата-ана өз міндетін адал және түсініп орындауы қажет.

Ұлы педагог А.С. Макаренко «Сіз өз балаңыздың тәрбиесін бастамастан бұрын, өзіңіздің жеке мінез-құлқыңызды тексеріңіз...Сіздің жеке мінез-құлқыңыз нағыз шешуші нәрсе...ата-аналардың өздеріне талап қоюы ата-аналардың өз отбасын қадірлей білу, әрбір қадамын қадағалап отыру-тәрбиенің ең бірінші және басты әдісі»-деген болатын [1].

Отбасылық тәрбиесінің қиындық туғызатын мәселелері біз өмір сүретін қоғамның басты проблемалары болуы мүмкін. Сондықтан өзінің ұлттық қайта өрлеуі кезеңінен өтудегі тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған басты міндеттерлі айқындауда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өскелең ұрпақтың тәрбиесіне басты аудару қажеттілігін атады: «мұнда, негізгі орын әрине отбасыға беріледі, бірақ мемлекетте бұл мәселеден шет қалмауы керек. Бала бақшасынан бастап мектепте, колледжде немесе ЖОО-жа жастарды біз оқытып қана қоймай тәрбиелеуіміз қажет. Атақты орыс ғаламы, еуразиялық идеясының авторы Л.Гумелеев өз кезегінде халықтың күші оның санында емес, ұрпақтары мен әлемге мұра ретінде қалдырған рухани мәдениетінде» деп атаған еді.

Отбасы - адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, мұралардың сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Солай бола тұрса да мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы ғана үлкен нәтиже береді. Олай болса, бүгінгі мектеп пен отбасының ұлттық мәдениеті, әдебиетімізді, ұлттық ана тіліміздің болашағы мектеп пен отбасының бірлескен әрекетіне тәуелді. Мектептегі әрбір тәрбиелік іс-шара бала игілігіне ұйымдастырылғандықтан ата-анада үлкен үлес қосып, хабардар болып отыруы керек. Қазақ «бірлесіп пішкен тон келте келмес» дегендей тәрбиенің дұрыс болуы бірлескен істің нәтижесі демекпіз. Өйткені мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы байланысқа келсек, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудаға ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу, сынып пен мұғалім, мұғалім мен бала, педагог пен ата-ана арасындағы қарым – қатынасты нығайту, жетістікке жету үшін бірлескен әрекеттің ортақ мақсаттарын анықтау, отбасы ерекшеліктерін ескере отырып қиындықтарды бірлесе шешу.

Оқушылардың жеке психологиялық дамуында болатын кейбір қолайсыздықтың алдын алу; ата-аналарға, оқушыларға кейбір мәселелерді шешуде педагогикалық ұжымға көмек көрсету міндеті тұр [2].

Елбасының жолдауына үлес қосу яғни ой-санасы дамыған, адамгершілігі мол дене тұрғысынан салауатты болуы сонымен қатар, мәдениетті тұлғаны жан-жақты қалыптастыруды көздеген тәрбиенің мәселелері мектепті де, ата-ананы да әрқашан толықтырып тұрды. Мектепте болып жатқан жағдайларға әрдайым ата-ана құлақдар болуы тиіс. Оқушылармен кейбір мәселелерді шешуде, кейбір кездесетін қиыншылықтардың алдын алуда педагогикалық ұжымның көмегі зор.

Қазіргі жастардың нағыз патриот, отансүйгіштік, салауатты азамат болуы халықтың да, ата-ананың да мақсаты мен арманы. Олай болса ата-аналармен бірлесе істеген жұмыс нәтиже береді.

Ата-ана университетінің жұмысын жандандыру, ата-аналармен жиі кездесу, дөңгелек үстел ұйымдастыру, пікір-сайыс жүргізу, оқушылардың жанұясымен танысу яғни ата-аналармен тығыз байланыста болу, бірлесе атқарған жұмыс сынып жетекшінің жұмысына оң нәтиже береді. Оқушының дүниетанымы оның қоршаған ортасынан дамитыны белгілі. Сондықтан мектеп, қоғам, ата-ана біріктірілсе ынтымақтастық нығая түседі [3].

Жастар біздің болашағымыз болғандықтан ешуақытта назардан тыс қалмайды. Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелі болуы да ата-аналармен тығыз байланыста болғанда оң тәрбие болары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. С.Губашева «Тәрбие жұмысының әдістемесі»

2. И.Иванов «Тәрбиелік шығармашылық істердің энциклопедиясы»

3. С.Әбенбаев «Тәрбие теориясы мен әдістемесі»

Аннотация

Золотая колыбель воспитания- ребенка это семья, это мини-социальная группа – это школа жизни для ребёнка. Семья- золотая опора для человека.

Annotation

The gold base of education of a child- family 6 it is the mini –social group – it is a life school for a child. Family – the gold base for a man.

Түйіндеме

Отбасы- адам баласының алтын діңгегі, тәрбие көзі, бала тәрбиесінің алтын бесігі. Отбасы үлкен және жауапты іс.

ӘОЖ:371.3

Ә 96

ҚАЗАҚ МАҚАЛ МӘТЕЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Күмісбекова Ж.Н., Әшірқұл А.Е.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.

Қазақ мақал-мәтелдері халықтық педагогиканың ең бір інжу-маржаны, асыл қазынасы. Қазақ мақал-мәтелдері жан-жақты мазмұны арқылы ең шынайы адамгершілік қасиеттерді білдіреді, баланың жаңа ұғымдарды біліп, ойының дамуына, санасының қалыптасуына ықпал жасайды. Отанына, халқына, табиғатына сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде мақал-мәтелдердің алатын орны зор. Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан оған айтатын ақыл-насихат әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болу керек.

Халық тұрмысының айнасы мақал-мәтелдерде осы қоғамдық топтардың, таптардың арасындағы қайшылықтар, тартыстар бейнеленеді. Байлар «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» деп кедейледі кемсітсе, кедейлер «Аузы қисық болса да бай баласы сөйлесін» деп байларды кекетеді. М.Ғабдуллиннің монографиялық еңбегінде осының барлығы мол мысалдармен дәлелденген. Автор өзінің педагогикалық ой пікіріне лайық парасаттылықты, білімділікті, саналылықты уағыздайды; өнер-білімге, ерлік-еңбекке, бірлік-ұйымшылдыққа тәрбиелейтін мақал-мәтелдерді түсіндіруге, насихаттауға ерекше көңіл бөлген, мақал-мәтелдердің эстетикалық мәнін, маңызын ашып айқындап берген [1].

Қазақ мақал-мәтелдері– әр халықтың өз даму тарихында басынан кешкен алуан түрлі оқиғалары, өзі аңғарған табиғат құбылыстары, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, мінез-құлқы, психологиясы жөніндегі жасаған қорытынды, тұжырымдарының түйіні, өмір тәжірибесінен жинақталған философиялық ойлардың ұтқыр да ұтымды, жатық та көркем көрінісі, фразеологиялық оралымдардың өңделіп, сырланып, әбден қалыпқа түскен тұрақты түрлері. Ол бір ғана емес ертеден бері қалыптасқан ой дәлдігімен, мазмұнының тереңдігімен ерекшеленетін ауыз әдебиетінің бір түрі. Халықтың өзінше шағын ауызша энциклопедиясы ғана емес, ұстаздық, тәлімгерлік рөл де атқарады, адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жерлеп, бала тәрбиесінде ерекше орын алатын халық даналығы. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа да нұсқа, әрі тұжырымды болады.

Бала тәрбиесінің түп негізі – қазақ мақал-мәтелдерінде. Қазақтың көрнекті қайраткері, ірі тіл маманы Ахмет Байтұрсынұлы: «Кемшілік болмас үшін әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, өзге тілді оқыта бастайды» - деген еді. Демек, жас ұрпақты ұлттық ерекшеліктеріндегі әдет, салт-дәстүрлерінен тәлім-тәрбие алуға негіз болатын ана тілі.

Қазақ халқы ауыз әдебиетінің бай мұрасында баланың дамуына, жалпы тәлім-тәрбиеге ықпал жасайтын мол мүмкіндіктер бар. Бұл бай мұраны мұғалім баланың жас кезеңіне, дара ерекшеліктеріне сай, ұғымына байланысты ертегі, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер және алуан түрлі салт-дәстүрлерді педагогикалық тұрғыдан іріктей алуы керек [2].

Төменгі сынып оқушыларын ізеттілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу, ұлттық тәлім-тәрбиені дер кезінде беру, меңгерту – ұстаздың басты міндеті. Бастауыш сынып оқушыларының өзара қарым қатынас жасауының алғашқы әліппесі, қадамы сәлем беруден, амандасудан басталатынын білу керек. Қазақ халқының сәлемдесу рәсімі ата-ананың, ағайын-туманың, түгелдей ел-жұрттың амандығын, саулығын қамтитын мазмұнда болады. Дәстүр бойынша сәлемдесу «Ассалаумағалейкум» деген сөзден басталады. «Сөз анасы сәлем», «Көргенді бала алыстан сәлем береді» деген аталы сөздер баланы инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелейді.

Қазақ халқының туыскандық, бауырмалдық қасиеті оның жеті атасын білуді талап етеді. «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер», - деген халықтың дана сөзі бар. Сондай «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» - деген аталы сөз де бауырмалықтың, бірліктің белгісін білдіреді.

Бала тәрбиесіне байланысты қазақ халқында көптеген салт дәстүрлер бар: шілдехана, балаға ат қою, тұсау кесу, атқа мінгізу т.б. көптеген дәстүрлердің ішінде ұлттық салтымызды бейнелейтін «Қонақ келсе-құт» деп халқымыздың қонақжайлылығын білдіретін дәстүр, өзінің бүкіл мазмұнымен, әдет-ғұрпымен, қонақ күту рәсімімен жоғары ұттық мәдени негіздерін, үйге келген қонақты бар ықыласпен, жылы жүзбен қарсы алу, күту, қадірлеу ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүр. Сондықтан төменгі сынып оқушыларын қонақ күту, мерекелік күндерді өткізудің барысында ұлттық-мәдени сапалары туралы ұғымды қалыптастырып, іс әрекетпен байланытыру керек. Олар амандасу, құрмет көрсету, қонақ күту, дәмді ас пісіру, қонақасын салу рәсімі.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып-үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Сол себепті ұрпаққа ұлттық тәлім тәрбиені мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер арқылы сөз мәдениетін ұштастырып сіңіру керек [3].

Қазақ мақал-мәтелдері – халық даналығының қазына байлығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, А.Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады»,— деп көрсеткен болатын. Демек, мақалда тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміз шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болса, ал мәтелде тұрмыста қолданылатын сөздердің шындыққа жанаса қоймай, кесегімен айтылатын сөздердің қатарына жатқызуға болады. Қазақ мақал-мәтелдерінің бастау көзі сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөк» жырынан) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Ал Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік» сөздігінен:

«Ұлы болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», ал «Құдатғу біліктен»: «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» дейтін мақал-мәтелдерді байқауға болады. Бұл деректерге сүйене отырсақ, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерден бастау алып, шығармалардың тілінде қолданыста болғанына көз жеткіземіз.

Қазақ мақал-мәтелдерінде бала тәрбиесі де үлкен мән беріледі. «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді» деген мақал-мәтелдердің мәнісі – жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім, өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз орнын алып, даналық сөздеріміз мақал-мәтелдерден өнеге алмақ [4].

Көреген Мағжан атамыз бір сөзінде: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі...» – депті. Осы ой бүгінгі күні өзекті мәселе болып тұр. «Мектебімізді таза, берік һәм халықтың жанына үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ сертгесуге болады» деп арыстан атамыз Мағжан сұрғылт заманның сұрқия саясатынан қаймықпай айтқан екен.

Қазіргі жаһандану заманында өскелең ұрпақты сана-сезімі, ақыл-ойы қазақи ұлттық құндылықтарды жоғары бағалайтын, бар асылды бойына сіңірген саналы ұрпақ етіп тәрбиелеуде мақал-мәтелдің алар орны ерекше. Әр бір мақалды оқи отырып оның мағынасын түсініп, өмір жолына бағыт алып, кез келген әрекетке қорытынды жасап, саралай білуде даналардан шыққан асыл сөздің пайдасы тиері сөзсіз. Ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді мақтан етіп, қаймағы бұзылмаған қалпында ұрпақтан - ұрпаққа қалдырумызға мақал-мәтелдегі ақылдың пайдасы тиеді.

Қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы әр алуан болып келеді. Атап айтсақ:

Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдер балаларды отан сүйгіштікке, өз елінің патриоты болуда, елін-жерін шексіз сүйуіне ықпал етеді. Мысалы: «Отан - отанда ыстық», «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Отансыз адам- ормансыз бұлбұл», «Туған жер – алтын бесік». Осы мақалдарда отансыз адам болмайтынын, отанын қорғау ер азаматтың борышы екенін, кең байтақ қазақ жерін шексіз сүйуге, елінің патриоты болуға шақырады.

Ақыл мен өнер білім туралы мақал-мәтел: «Өнер-ағып жатқан бұлақ, білім - жанып тұрған шырақ», «Білімді өлмес-қағазда аты қалар, ұста өлмес-істеген заты қалар», «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Оқу инемен құдық қазғандай». Мұнда білімнің пайдасы, оқыған адамның ғылым сырын түсініп, әр нәрсеге өз көзқарасын дұрыс жағынан білдіре алатыны, оқу-білім алу жолында қажырлы еңбек ету керектігі айтылады. Ғылымға, білімге шақырады [5].

Еңбек пен ерлік туралы мақал-мәтел: «Ердің атын еңбек шығарар» «Еңбек етпесең, елге өкпелеме.» «Егін екпесең, жерге өкпелеме,» «Жылай-жылай арық қазсаң» «Күле-күле су ішерсің.» «Ерлік білекте емес, жүректе.» «Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер.» «Ер бір рет өледі,» «Ез мың рет өледі.» «Еңбексүйгіштікке, төзімділікке, ерлікке, намысқойлыққа тәрбиелейді»

Ынтымақ пен бірлік туралы мақал-мәтелдер: «Ырыс алды-ынтымақ» «Бірлік болмай, тірлік болмас» «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» «Бірлігі жоқ ел тозады» «Бірлігі күшті ел озады» «Татулық- табылмас бақыт» «Бірігіп көтерген жүк жеңіл» деген мақал-мәтелдер балаларды бірлікке, ынтымаққа шақырады.

Мағжан атамыздың мына сөзіне назар салсақ, «Баланы тәрбиешісінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек» дейді. Қазір ХХІ ғасыр білім мен ғылым заманы екенін жұртшылық жақсы біледі. Бірақ бар күшімізді білім мен ғылымға салып, тәрбиені елеусіз қалдырсақ, ұтарымыздан ұтыларымыз көп болатындығын ортағасырлық бабамыз ғұлама әл-Фараби нықтап айтып кеткен ғой. Ендеше, әуелі тәрбие, содан соң барып басқа қажеттіліктер, білім, ғылым, әдебиет, мәдениет. Мәдениет демекші, тәрбиелі қауым мәдениетсіз болуы мүмкін емес. Ал білім, ғылым, мәдениет нағыз қазақи тәрбиемен арқауланса, өркениеттің шыңына даңғыл жол салынбақ [6].

Мақал-мәтелдерде адамгершілік қасиеттерді, әсіресе, ар, ожданدى қастерлеу тәрбиенің басты принципі болып саналған. Осыны басты нысан етіп ұстанған ата-бабамыз «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Ақ жүрген адам азбас», «Адам деген ардақты ат», «Әдептілік, ар, ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат – надандықтың белгісі», «Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы», «Жаным арымның садағасы» деп арды аса жоғары бағалаған. Арлы адам адал, әділ болады. Ар тазалығы басқаға қиянат жасамауға, шыншыл, әділ болуға баулиды. Әдептілік, сыпайылық, кішіпейілдік, мейірімділік, иманжүзділік қасиеттердің бәрі ар-ұят, ождан тазалығынан туындайды. Имансыз болу, ата-ананы, үлкенді, ұстазды сыйламауды халқымыз кешірілмес күнә деп санаған. Қазіргі мейірімсіздік, қатыгездік, дөрекілік етек алып отырған заманда жастарды ар ождан тазалығын сақтауға, имандылыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет болып отыр.

Қорыта айтар болсақ, мақал-мәтелдеріміз әрдайым үздіксіз тәрбие мәселесінде адамгершілік, бауырмалдық, туыстық, қайырымдылық қағидаларын басшылыққа ала отырып үлкен мен кіші, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастық педагогикасын дәріптегендіктен, қазіргі ғылыми педагогика қағидалары да халықтық тәлім-тәрбиеден нәр алғанының айқын айғағы болмақ [7].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы. 1995. 64-65б
2. Қазақ энциклопедиясы
3. Оқушы бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мектеп пен ата-ананың рөлі // <http://40.astana-mektep.kz>
4. *Пірәлиев С.* Ұлттық тәрбие және жаһандану // «Егемен Қазақстан».
5. *Қапалбеков Б.* Ұлттан тілді алса... – Алматы, 2006. – 138 б.
6. *Мырзахан А.* Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие // «Ана тілі», 20 қазан, 2011.
7. Айталы А. Ұлттану: Оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2000.

Аннотация

Бұл мақалада қазақ мақал-мәтелдері арқылы балаларға тәрбие берудің ерекшелігі жан-жақты айтылған.

Аннотация

В этой статье излагаются особенности воспитания детей через казахские пословицы и поговорки.

Abstract

In this article the features of education of children are expounded through the Kazakh proverbs and saying.

ӘОЖ 37.015.3

Б28

Л72

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Махашова П.М., Бауыржанқызы Н.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім берудің жаңа

сапасы барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет- делінген [1].

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесін жаңа сапамен және терең мазмұнмен толықтыру қажет екені де айтылған. Білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – өзекті мәселелердің бірі болып отыр [2].

Қазіргі таңда білім беру салаларында ғана емес, қоғам өмірінің көптеген басқа салаларында сұранысқа ие болатын, арнайы бейінді, психологиялық- педагогикалық, жалпы мамандарды даярлаудың бірегей феномені қалыптасуда. ЖОО-да студенттерді меңгеретін білімнің пәндік жүйесі арқылы тұлғалық кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық орны ерекше. Білім беру саласындағы мамандардың сапасы, оның кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің функцияларын тиімді орындау қабілетін сипаттап қоймайды, сонымен бірге іс-әрекеттің алуан түрлерінде кәсібиліктің шындарына жетудің жолдарын қарастырады. Жоғары кәсіби білім беру жүйесінен өтіп, адам ғылымды болашақ кәсіби іс-әрекетінің бірқатар тәжірбиесін қарапайым қабылдамауы керек, себебі ол өзінің әлемді қабылдауындағы және әлемге қатынасында көп деңгейлі, көпқырлы бағыттылықты меңгеруінен көрінеді. Педагог өз мамандығының жұмыс қабілеттілігі, тәртіптілік, жауапкершілік, мақсат қою мүмкіндігі, оған қол жеткізу жолдарын таңдап, ұйымдастыру, табандылық, олардың кәсіби деңгейін жүйелі және жүйелі түрде жетілдіру, өз жұмысының сапасын үнемі жақсартуға деген ұмтылыс жасай алу керек. Сонымен қатар, мұғалімнің адами қасиеттері әсіресе маңызды, бұл оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде қолайлы қарым-қатынас жасаудың кәсіптік маңызды алғышарттары болып табылады. Студенттердің кәсіби білімін қалыптастырудың басты шарты - танып білуге, құштарлығын арттыратын тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануға, педагогикалық-психологиялық мәселелерді, фактілерді таңдауға, ізденуге, дәлелдеуге үйретеді. Біз алдымен кәсіби педагогтың мағынасын ашып алайық. Кәсіби педагог - балалар, жасөспірімдер, ұлдар мен қыздардың тәндік физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін және басқа да сипаттамаларын, олардың әр түрлі жас деңгейінде әртүрлі дамуының ерекшелігі мен мүмкіндіктерін біледі. Демек, ол осы мәселені біліп, жастарға білім беру туралы өз пікірін білдіруге, практиканың жағымсыз мәселелеріне және тәрбиелеу теориясына қоғамдық пікір қалыптастыруға қабілетті және моральдық құқығы бар.

XXI ғасырдың мінсіз, кәсіби ұстазы оны рухани бай, шығармашылық, еркін, адамгершілік, белсенді, бәсекеге қабілетті және мәдениет адамы ретінде ақылды тұлға ретінде сипаттауға болады. Ал О.А. Абдуллинаның айтуынша, кәсіби маман болу үшін жүйелікпен тұтастылық, теориялық-практикалық пен өзара байланыстыра оқыту жүйесі, процессуалды-мазмұнды және мотивациялық құндылықтарды білу. Ал В.А. Сластениннің ойынша мұғалімнің кәсіби дайындығы бұл- тәрбие жұмысы. Ол күрделі құрлымдық, орындаушы, мотивациялық компоненттерден тұрады [3].

Кәсіби іс-әрекеттің кез келген саладағы сияқты психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің субъектісі – мұғалім. Әр педагогта жалпы педагогикалық және арнайы дағдылар әр түрлі. Олардың өзара байланысы күшті, әлсіз немесе тіпті болмауы мүмкін. Олардың құрылымдық үйлесімі мұғалімнің еңбек өнімділігінің көрсеткіші, оның кәсібилігінің көрсеткіші болып табылады, мұғалімнің кәсіби қызметінде жеке қасиеттер маңызды рөл атқарады. Олар педагогикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді, студенттермен қарым-қатынастың сипатына әсер етеді. Мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттеріне: балаға деген шексіз махаббаты, деонтологиялық парыз, педагогикалық қабілеттілігі, рефлексия, ұжымшылдық, шығармашылық, жан-жақтылық, біліктілік,

қарым-қатынас жасай алуы жатады. Ғылымның негіздері бойынша кәсіби білімі (психологиялық-педагогикалық, пәндік-ғылыми, әдістемелік, жалпы мәдени және т.б.), практикалық қызметтің тиісті тәжірибесі туралы ақпарат, мұғалімнің кәсіби қызметінің сабақтастығын қамтамасыз ету оның кәсіби дамуының негізін құрайды. Олардың арасында заманауи кезеңдегі мұғалімнің жұмысының мәнін, педагогикалық қызметтің ерекшеліктері мен қарым-қатынасын, мұғалімнің жеке қасиеттерін, оқушылардың психикалық дамуы, олардың жасына және жеке-типологиялық ерекшеліктеріне ерекше мән беріледі. Педагогикалық-психологиялық тұғыр бойынша кәсіби өзіндік білім алу қабілетін қалыптастыру – кешенді және көпқырлы үдеріс болып саналады. Оларға: болашақ мамандардың өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігімен байланысты тұлғаның сапасы ретіндегі қабілетін қалыптастыру; кәсіби өзіндік білім алу қабілетін қалыптастырудың маңызы зор [4].

Қазіргі таңда білім беру ортасында психологиялық қызметте кәсіби шеберлікті толықтырудың педагогикалық-психологиялық негіздері ол педагог мамандардың шығармашылық қабілетін, әлеуеті мен кәсіби құзырлығын арттыруға қолдау көрсету. Пәндерді оқытудағы сыни тұрғысынан ойлау – креативті тұлғаны қалыптастырудың бір жолы. Осы жеке туындаған қайшылықтарды жеңуде ерекше орынды тұлғаның кәсіби қалыптасуының талдауын қарастыра келе, бұл процестің негізгі кезеңдердін көрсетуге болады:

- кәсіби өзін-өзі анықтаудың өзегі әлеуметтік-экономикалық шарттар мен кәсіби іс-әрекеттің талаптарын, мүмкіншіліктері мен ерекшеліктерін есепке ала отырып мамандық таңдау болып табылады.

- кәсіби өзін-өзі анықтау - мамандық таңдауға және мамандық әлеміне индивидтің таңдаулы қатынасы;

- кәсіби өзін-өзі анықтаудың барлық кәсіби өмір ағымында кездеседі: жеке бастың мамандығына деген ой, кәсіби болмысы жайында ой қорытындысын жасайды.

- кәсіби өзін – өзі анықтаудың өзектілігі жалпы білім беретін мектепті аяқтау, кәсіби мекемеде оқып бітіру, біліктілігін жоғарлату, т.б.

Кәсіби дағдылар, К.К.Платонның сөзіне сәйкес - бұл икемді дағдылары мен шығармашылық негізінде осы саладағы алынған кәсіби дағдыларын жоғары деңгейде және оның тәжірибесі өзінің меншігі болып табылады. Кәсіби дағдыларын ең маңызды көрінісі мұғалімнің қызметінің нәтижелері. Сондықтан кәсіби шығармашылық және тұлғалық-кәсіби даму үдерісінде, іс-әрекеттің және оның жүзеге асырудың жағдайларын анықтауға бағытталған педагогикалық-психологиялық зерттеулерде аса конструктивті және практикалық тұрғыда маңызды есептеледі. В.Д. Щадриков кәсіби іс-әрекеттің жүйелі генезін зерттей отырып, кәсіби шеберлікке біршама әсер ететін жалпы факторлардың арасынан қажеттіліктерді, мотивацияны және әлеуметтік мәртебені айқындайды [5].

Педагогикалық шеберлік - мұғалімнің кәсіпқойлығының негізі болып табылады, онсыз білім ордасында жұмыс істеу мүмкін емес. Ол мұғалім оқу орындарының көзделген және ұсақтауға және мектепте жетілдіру жалғастыруда мұғалімдер, жеткілікті теориялық және практикалық оқыту негізделген. Сондықтан, мұғалім алдында білімін тексеру және бағалау түрлі нысандары мен әдістерін үйлестіре отырып, сыныптағы оқушылардың фокус және тәртіпті сақтау үшін, проблемалы жағдайларды құру үшін ең маңызды әдістерін қолдану, дұрыс сабақтың жеке қадамдар құрылымы, мазмұны мен әдістемесін анықтау үшін тренингтер дайындалуға жолдарын білу керек студенттермен жеке жұмыс және т.б. Сонымен мұғалімнің кәсіби қызметінің ең жоғары деңгейі - педагогикалық инновация. «Инновациялар - адамдардың шығармашылық қызметінде жаңа инноваторлардың белсенділігі». Сол тұжырымдама латын тілінен алғанда - бұл жаңашыл, жаңа немесе прогрессивті қағидаттарды, идеяларды, техниканы бір немесе басқа салада енгізетін және енгізетін адам.

Тұжырымдай келгенде, кәсіби мұғалім - өткен мен болашақты байланыстырып тұратын ажырағысыз тізбектегі орталық байланыс. Ол эстафета ретінде қоғамның тарихи өткен өмірінің тәжірибесін перспективалық болашаққа - жастарға жеткізеді. В.А.Сластенин мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар жүйесін және оның педагогикалық және психологиялық еңбекке кәсіби даярлығы ретінде қарастырады. Әр тұлға «мен педагогпін» деген жас маман ХХІ ғасыр талабына сай, әр түрлі техника және әдіс-тәсілдермен қаруланған, әрі кемелденген маман болу керек деп ойлаймыз. Сөзімізді Ф.Знанецкий ойымен аяқтағымыз келеді.: «Бүгінгі таңда саясаткер, қоғам қайраткері, қаржыгер, индустриалға қарағанда қазіргі заманғы қоғамда мұғалім күрделі міндеттерді атқарады. Ол ең радикалды өзгерістердің негізгі қозғалтқышы, әлемдік мәдени революцияның көшбасшысы болуы керек». Сол себепті; болашақ педагогтардың кәсіби маман болуы өз қолдарында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы 10 қаңтар, 2018 ж
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы
3. Кәсіби даму мектебі. Алматы-2009
4. Балашов, М.М. Жас оқытушылардың білім берудегі инновациялық үдерістерге дайындығы мәселелері // Кәсіптік қызметке мұғалімдерді бейімдеу мәселелері: мақалалар жинағы / М.М. Балашов, М.И. Лукьянова; Ед. Н.Н. Никитина. - Ульянов: ИПКПРО, 1998.
5. Ахтаева Н.С., Әбдіғапарова А.І. Басқару психологиясы. А., – 2009

ӘОЖ 37:39(574)

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ТӘРБИЕЛЕУ - ҚОҒАМ МІНДЕТІ

Нүсүпкүл Н.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселердің бірі олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылдық пен адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын - ұнамды мінез-құлық нормалар мен рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру қажеттілік екені, ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан - 2030" Жолдауында жан-жақты былайша негізделген: «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсысымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және т.с.с. бағытталған» деген жолдарышан байқауымызға болады [1].

Ал салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін темекі шегуге, ішімдік ішуге және наша тартуға қарсы тәрбие берудің маңызы зор. Сонымен қатар Жолдауда бүкіл халыққа, оның ішінде жас ұрпақтың денсаулығын сақтаудың негізгі міндеттерін шешудің бағдарламасын былайша атап көрсетті: «Адамдардың санитарлық тазалығы мен гигиенасы жедел жақсартылсын, аурулардың профилактикасы ұйымдастырылсын. Денсаулықты жақсарту шындап қолға алынсын» [1].

Ал Үкіметінің «Салауатты өмір салтының кешенді бағдарламасында» білім бері жүйесінің оқышылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлін арттыру қажеттігін айрықша атап көрсеткен [2]. Сондықтанда осы қойылған міндеттерді шешуде салауатты өмір сүруге тәрбиелеудің алатын орны мен рөлі ерекше. Ал ол тәрбиенің құрамдас бөлігі – темекі шегуге, ішкілік ішуге, нашақорлыққа қарсы тәрбие беру.

Жастар мен үлкендерден бастап барлық жастағы топтар бойынша темекіні ұзақ уақыт шеккендер арасындағы өлім темекі шекпейтіндерге қарағанда үш есе артық. Ішімдік ішу, өкінішке орай, тіпті балалық және жасөспірімдік кезеңнен-ақ басталады. Ал қазіргі кезде наша қолданушылардың санының күрт өсуі байқалады. Орта мектеп жасындағы балалардың есірткі заттарын қолдануы жиілеуде.

Темекі шегу, ішімдік ішу, наша қолдану бос уақытын тиімді өткізуге, белсенділік танытуда, дұрыстап тамақтануына және салауатты өмір салтының басқа да жақтарына әсерін тигізеді. Бұл зиянды әдеттер көптеген аурулардың пайда болуына, адам денсаулығына орасан зор зиянқестік әкелетін маңызды факторлар болып табылады. Біздің республикамызда балалар мен жастар арасында ішімдік ішу, темекі шегу, есірткі заттарды қолданудың өршуі себепті зиянды әдеттерден құтылу көкейкесті мәселе болып келеді.

Сондықтанда білім беру ұйымдары алдына мынадай мақсат қойылады – бүгінгі қоғамда белсенді өмірге дайын жас адамның өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру үшін қажетті жағдай жасайтын бірыңғай жүйе жасау. Бұл жүйе наша қолдану, спирттік ішімдік ішу және темекі шегудің алдын алуды әлеуметтік-құқықтық құндылықтарға бағыттап тәрбиелеуде және өзін өзі қадірлеуде жауапкершілікті дамытуды басшылыққа алады.

Сонымен салауатты өмір салтына тәрбиелеу - жеке тұлғаға темекі шегуге, ішкілік ішуге және нашақорлыққа қарсы тәрбие беру деп түсінеміз.

Ал салауатты өмір салты түсінігі әлеуметтік пропесте жеке дара адамға, әлеуметтік топқа және жалпы қоғамға зерттеу жүргізуге мүмкіншілік береді. Ол сонымен қатар жеке адамдардың өмір тіршілігінің белгілі жағдайда қалай іске асатынын білуге көмектеседі. Өйткені адамның өмір салты ең алдымен жеке адамның қоғаммен байланысының түрі мен белгілі жағдайдағы ерекшелігіне және оны қоғамдық қатынас жүйесіне тарту әдісіне байланысты. Сондықтан да практикалық мүдде әсерінен адам мен қоғамның арасындағы өзара байланыс қалыптасады.

Салауатты өмір салтын зерделегенде өмірдің жағдайы мен деңгейін және сапасы мен стиліне көңіл бөлмесек, өмір салты туралы тұтас әрі толық мағлұмат ала алмаймыз.

Сонымен, салауатты өмір салты сияқты сан қырлы құбылысты методологиялық зерттеу арқылы қоғам дамуының заңдылықтардан ашып, оның сандық және сапалық қасиеттерін біліп, сол арқылы қоғамымыздың үлгісін (моделін) жасауға болады.

Кез келген жеке адамның өмірі өне бойы белсенді өмір тіршілігінен енжарлыққа, бір іс-әрекеттен екіншісіне ауысып, өзгеріп отырады. Мысалы, қоғамдық еңбектен, күнделікті тұрмыс тіршілігіне, онан демалысқа т.б.

Жеке адамның өмір салты құрылымы тек бір уақыт өлшемімен өлшенетін болғандықтан оның қарапайымдылығы осы мәселені зерттегенде өте маңызды. Себебі ол, біріншіден – жеке адамның өмір салты құрылымының негізгі элементтерін бөліп алуға; екіншіден – осы негізде кез келген жеке адамның өмір салты түрінің сапасын анықтауға; үшіншіден – жеке адамның өмір салтын салыстырып зерттеу арқылы олардың бір-бірінен айырмашылығын білуге болады.

Енді жеке адам туралы және олардың кейбір ерекшеліктері мен қасиеттері туралы айтатын болсақ әуелі оған қысқаша түйнік беруіміз керек. Адам табиғаттағы бірден-бір ақыл-ой иесі, сол себепті олар аңнан осы қасиеті арқылы ажыратылады. Адам еңбек арқылы өздеріне өмірлік қажеттілікті жасап, соның арқасында ойлау және сөйлеу мүмкіншілігіне ие болады. Адамдар тіл арқылы өздерінің сезімін жетілдіріп айналадағы объективті дүниені түсінуге және ұғынуға талпынады. Соның арқасында қоғам құрыш оны тарихи даму жолына түсіреді. Осы кезден бастап адам мен қоғам арасындағы қатынас күннен-күнге күрделеніп, оның аяғы кей уақытта шиеленіске апарып соғуда. Бірақта қоғамсыз адам өмір суре алмайды, сондықтанда адамдардың міндеті - өзі өмір сүріп отырған қоғамның өмір салтын жетілдіріп дамыту арқылы оны өз пайдасына асыру.

Адам туымысында адамдық қасиеттерге ие болып тумайды. Ол қоғамда әлеуменденлеу арқылы қалыптасады. Адамның адам болып қалыптасуында орта, соның ішінде ұсақ әлеуметтік топтар (отбасы, мектеп, ұжым) шешуші орын алады.

Әрбір адам бір тәуліктің ішінде өзінің іс-әрекеті арқылы белгілі бір тіршілік түрін атқарады. Сондықтанда ол оның өмір салтының құрылымы больш табылады. Осы тәуліктің үштен екісі белсенді іс-әрекетке және үштен бірі дене демалысына (ұйқыға) жұмсалады.

Жеке адамның салауатты өмір салты жағдайы, оны өзара байланыстыратын өмір тіршілігінің тәсілі, оның өмір салты, бүкіл қоғамның өмір салтын белгілейтін жағдайдан және әлеуметтік топтың өмір салтын өзара байланыстырудан анағұрлым айырмашылығы бар. Әрине жеке адамның өмір салтын өндіріс тәсіліне және қоғамдық-экономикалық мәнге, табиғи-географиялық жағдайға, өзінің этникалық бірлігіне, сол жеке адам жататын әлеуметтік топтың объективтік жағдайы мен өмір деңгейіне ешқандай бағыныңқы емес деп айтуға болмайды. Мұның бәрі адам өмірінде зор рөл атқарады. Неге десеніз қоғамда өмір сүріп оған тәуелді болмау мүмкін емес. Өйткені жеке адамның өмір тіршілігі түрінің әлеуметтік мәнін қоғамдық-экономикалық жағдай анықтайды. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық және басқа да объективті жағдайдың себебіне байланысты қандайда бір жеке адам өзінің өмір салтын сол шеңбердің ішінде іске асырады.

Белгілі бір жеке адамның өмір салтын қалай анықтауға болады?

Егерде бүкіл қоғамның өмір салты өзінің мәні жағынан бір жақты әлеуметтік-экономикалық және басқа да объективті жағдаймен өзара байланыстырылса немесе әлеуметтік топтың өмір салты оның өндіріс жүйесіндегі орнына байланысты, қоғамдық еңбек бөлісі шеңберінде болса, ал жеке адамның өмір салты көп жағдайдың жыйынтығына байланысты. Атап айтқанда мұнда қоғамдық және табиғи жағдайдан басқа оның кәсібі, материалдық жетістігі, ұжым мен отбасының әсері, алған білімі мен тәрбиесі, сонымен қатар оның жеке басының қасиеттері - қажеттілік жиынтығы, мүддесі, қабылеті, құндылық мақсаты, өмірге көзқарасы т.б. болады.

Бәріненде маңыздысы әрбір адам өзінің іс-әрекетінде жеке көріністерінің күшіне байланысты белгілі бір шеңберде белгілі бір өмір салтын осы шеңбердің көлемінде таңдап алады, соған байланысты ол өзінің өмір салты үшін өзі жауапкершілікте болады.

Барлық жағдайдың күрделілігі сол (субъективті және объективті) қандайда бір жеке адамның өмір салтын талдау кезінде тек оның өмір салтын емес сонымен қатар оның өзгеріп жетілуінде ескеру керек.

Адамдар қоғамда топтарға бірігеді, соның нәтижесінде көм үшесі бар үлкен әлеуметтік топтар құрылады. Олар бір-бірімен өзара әртүрлі байланыс жасайды. Адамдардың бірігуінің нәтижесінде ұсақ топтар да пайда болады. Мұның үлкен топтардан айырмашылығы оның барлық мүшелері бір-бірімен бетпе-бет тікелей қатынаста өмір сүреді.

Егерде ұсақ топтар еңбек немесе қоғамдық ұйымдардың арнаулы бөлімі ретінде қалыптасып өмір сүрсе онда адамдардың өзара қатынастарының негізін олардың белгілі бір ортақ әрекеті құрайды. Еңбек ұжымындағы алғашқы бірлік (бригада, цех т.б.) қарапайым ұсақ топ, оның өмір сүруі және дамуы көптеген процестермен сипатталады.

Әлеуметтік ұсақ, немесе номинальдық топтардың қандай болса да, бірінші кезеңде олар қоғам өмірімен байланыста болады және экономикалық, құқықтық, саяси, мәдени, діни т.б. қатынастар негізінде құрылады.

Әлеуметтік топтарды бір-бірінен ажырататын белгілер, олар - жыныстық, жастық, этникалық, территориялық, таптық, кәсіби т.б. айырмашылықтары. Әлеуметтік топтар жалпы алғанда адамдардың қоғамдағы жағдайына, әлеуметтік-экономикалық құрылымдағы орыны мен қызметіне, мүддесі мен құндылық бағытына қарай ажыратылады.

Әлеуметтік топтың өмір салты - ол тек оны құрайтын жеке адамдардың әдеттегі тіршілік әрекеті түрінің жыйынтығы емес, сонымен бірге сол топтың тіршілік түрінің тұтастығын, әлеуметтік топтың қоғамдағы орнының және рөлінің ерекшелігін, оның сапасы мен дәстүрін т.б. анықтайды.

Жеке адамның өмір салтымен салыстырғанда әлеуметтік топтың өмір салты құрылымының күрделілігі – оның тек уақытпен емес кеңістікпен де өлшенетіндігі. Бұл жерде анықтап алатын маңызды нәрсе – осы күрделі құрылымды қоғамның элементтері құрамынан қалай бөлуге және әлеуметтік топтың өмір салтына синтездік көрініс беруге болады.

Адамдар өмір сүру үшін белгілі бір қоғамдық қатынасқа енеді және өндірістік топтарға бірігіп қызмет атқарады. Олар сонымен қатар, саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани, моральдық, құқықтық т.б. қатынаста болады.

Өзінің құрылымы жағынан әлеуметтік топтың, соның ішінде әсіресе жеке адамның өмір салтына қарағанда қоғамның өмір салты әлдеқайда күрделірек. Біріншіден, ол уақытта және кеңістікте өтіп жатқан әлеуметтік топтар мен жеке тұлғаларға тән әртүрлі өмір тіршілігін өзіне қосады. Екіншіден, қоғамның өмір салты әлеуметтік топтардың және жеке тұлғалардың өмір тіршілігінің жиынтығынан өзгеше. Атап айтқанда әлеуметтік топтардың қарама-қарсы күресі немесе өзара ынтымақтастығы, яғни әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани өмір тіршілігінің қоғамдағы біршама тұтастығын көрсетеді.

Бұл жерде әңгіме қоғамдық өмір салтының құрылымының ерекше күрделілігі туралы екені белгілі. Қоғамға тән оның қарапайым өмір салты өзінің құрылымында уақыт жағынан да, кеңістік жағынан да бірнеше есе күрделенеді. Өмір салтының құрылымының өзінен өзі күрделілігіне қоса ол қоғамдық өмір салтының жаңа бір элементі, яғни барлық қоғамның өмір тіршілігінің түрімен белгіленеді.

Қоғамның өмір жағдайы, оның өмір тіршілігін белгілейтін өзіне әр түрлі үш топты біріктіреді, олар - әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-имандылық. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайы барлық қоғамдық өмір салтының мәнін анықтайтын басты шешуші жағдайдың жиынтығы. Осы қоғамдағы өндіріс күшінің даму деңгейімен және қоғамдық-экономикалық құрылыс түрінің үстемдігінің қасиетіне байланысты. Осы соңғысы барлық қоғамның өмір салтының мәнін өзара байланыстырады. Оның әлеуметтік-экономикалық мазмұны оның өмір тіршілігі түрінің мәні. Сонымен қатар бүкіл қоғамның өмір салтын өзара байланыстыратын жағдайдың жиынтығын талдағанда тек әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдаймен шектеліп қоя дұрыс емес.

Сонымен, «салт», «өмір салты», «салауатты өмір салты» және «салауатты өмір салтын тәрбиелеу» ұғымдары жеке тұлғаның салауаттылық өмірін қасиетін тәрбиелеудің құрылымдық бөліктері болып саналады. Сондықтан *салауатты өмір салтына тәрбиелеу* - жеке тұлғаға темекі шегуге, ішкілік ішуге және нашақорлыққа қарсы тәрбие беру деп түсінеміз.

Денсаулық сақтауды іс-жүзіне асу үшін жас ұрпаққа салауаты өмір салтын тәрбиелеудің маңызы ерекше. Сол мақсатта мектепте оқытылатын дене шынықтыру пәндерінің оқу бағдарламаларына сай келетін темекі шегуге қарсы материалдарды пайдалану қажет. Оны дене шынықтыру сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда жүргізу керек. Сонда ғана ол тәрбиенің әсері мен тиімділігі денсаулықты сақтауда өз нәтижесін берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. “Қазақстан - 2030”. – Алматы: Білім, 1998.
2. Салауатты өмір салтының кешенді бағдарламасы. – Алматы, 1999.
3. Қожахметова К.Ж., Демеуова М.Е. Жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік мектептер мен лицейлердің, колледждердің оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттері арасында темекі шегудің, нашақорлықтың, ішімдікке салынудың алдын алуға арналған көпсатылы білім беру бағдарламасы. - Алматы: Раритет, 2003. - 24 б.

АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оралымбетова Г.У., Болусбекова Д.
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.

Елбасы биылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі, бұл, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтау», - деп, жеке адам құндылығын арттыруға назар аударғаны баршаға мәлім. Қазіргі кезде кез келген мемлекеттің табысы- оның жер көлемі мен табиғи қорларының көптігінде емес, бәрінен бұрын адам мүмкіндіктерінің сапасына сүйенеді. Ал, елдің адам капиталын көрсететін бірден-бір көрсеткіш ол- білім. Олай болса, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына жастарға білім беріп қана қоймай, олардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, тәрбиелі, шығармашыл, яғни, интеллектуалды үйлесімді маман даярлау міндетін қойып отыр [1].

Бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер, жеке тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыру- оқытушының әдістемелік қызметінен көп жаңашылдықты, ізденісті күтеді, кәсіби құзыреттілігі шеңберінің кеңдігін қажет етеді. Оқытушы заман талабына сай жаңа әдістер мен тәсілдерді, студенттермен жұмыс істеудің технологияларын көштен қалмай уақытында оқу үдерісіне ендіріп отырулары қажет. Осыған байланысты әлемдік білім беру кеңістігінде болып жатқан соңғы жаңалықтар мен әдістемелерді пайдалану маңызды болып табылады.

Білім беру үдерісінің негізгі қатысушылары: басшылардың, оқытушылардың, білімгерлердің қайта құрушы іс-әрекетінің тиімділігін өлшеу тәсілдерін, технологияларын және теорияларын меңгерген, елдегі және дүние жүзіндегі білім берудің дамуы туралы біліммен қаруланған мамандары бар білім, шынайы түрде іргелі білім болып саналады. Білім беру адамды дамытуға бағытталған. Ғылымның дамуында туындайтын қарама-қайшылықтар жаңа ғылымды құру құралдары арқылы шешіледі. Осылайша, акмеология ғылымы пайда болды. Б.Г.Ананьев өзінің «Человек как предмет познания» монографиясында акмеологияның адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орнын айқындап көрсетті. Ол білім берудің ықпалымен ересек адамның дамуына алғашқылардың бірі болып лонгитюдті зерттеулер ұйымдастырып жүргізді, сонымен бірге білім беру құралдары арқылы ересектер мен балалардың дамуын зерттеді. Бұл іргелі білім берудегі акмеологиялық теорияның құрылуына әкелді.

Акмеологтарға, акмеологиялық білім мен технологияларға деген қажеттілік, қазіргі заманғы әлеуметтік өмірдің барлық саласында пайда болды, сонымен бірге осы салаларға байланысты нақты зерттеулерге деген қажеттілік те пайда болды. Акмеолог-теоретиктер қысқа мерзім ішінде, бір жағынан, көптеген әлеуметтік-тұлғалық жағдайлар мен мәселелерді жалпылай отырып, акмеология мен акмеологиялық қызметтің, мамандардың, әртүрлі саладағы білімнің негізгі бағыттарын құрастыра алды (А.А. Деркач, Е.А. Яблокова және т.б.), ал екінші жағынан, осы мәселені шешудің психологиялық құралдарымен теориялық тұрғыда қаруландыру мақсатында, заманауи, адекватты әдіснамалық принципті – Б.Г. Ананьев ұсынған детерминизм принципін және С.Л. Рубинштейн мен оның шәкірттері құрастырған субъектілік және даму принциптерін атады [2].

Акмеологиялық технологиялар болашақ тұлғаның мінсіз деңгейі мен сапасына нақты көшуді көрсететін, акмеологиялық нысан үлгісінің шеңберінде әзірленген. Бұл модель жеке, алгоритмдер және оның даму әдістерінің қазіргі жағдайы мен болашақтағы жағдайының ажырамастығына тән бақылау тетіктерін күтуді және кері байланыс жұмыс

істеуін қамтиды. Осы ережелердің негізінде акмеологиялық технологиялар әдістер немесе жеке кәсіби деңгей және кәсіби даму жолдары ретінде анықталған.

Акмеологиялық технологиялар түзете және дамыта оқыту – білім алушылардың күрделі проблемалары, жеке басының және даму резервтерін қалпына келтіру, кәсіби ортада табысты бейімдеу кейін еңсеруге акмеологиялық іс-шараларға қасақана бағытталған жүйе болып табылады.

Акмеологиялық технологияларды психологиямен жиі теңестіреді, бірақ олар тек формальді іс-жүргізушілік тұрғысынан жақын. Шынында да, акмеологиялық технологиялар психологиялық әсер болып табылады, яғни, оның арнайы түрі, акмеологиялық әсері деп аталады. Бұл әсер арнайы іскерліктердің субъектісінің әсерімен байланысты. Бірақ олардың принципті айырмашылығы әсер етудің бағыттылығы болып табылады. Акмеологиялық технологиялар бірінші кезекте олардың ізгілікті бағытын ерекшелейді, өйткені, прогрессивті тұлғаны дамытуды жүзеге асыру үшін олар көмектесуге бағытталған, сондықтан көптеген ықпалдардың мәні манипулятивті болып табылады.

Акмеологиялық технологиялар әрқашан жеке бағытталған, нақты адамның тұлғалық-кәсіби дамуы үшін пайдаланылады. Акмеологиялық технологияның басты әдісі ішкі немесе сыртқы әсермен жүзеге асырылатын акмеологиялық ықпал ету болып табылады. Акмеологиялық әсер – бұл интеграцияланған және мақсатты жүзеге асырылатын, жеке тұлғаға немесе топқа, гуманистік мазмұны бар және ең алдымен жеке тұлғаны және топты дамыту үшін бағытталған.

Психологиялық-акмеологиялық қызмет - бұл психологиялық және акмеологиялық құралдар арқылы еңбек ұйымының мамандарының әлеуетін тиімді пайдалану, олардың кәсіби-тұлғалық өсуі мен кәсіби іс-әрекеттегі сәттілік, сол ұйымның жұмысының тиімді жоғарлауын, оның бәсекеге қабілеттілігін дамыту мен кәсіби жетілуін қамтамасыз ететін құрылымдық жүйе.

Мамандардың кәсіби-тұлғалық өсуіне арналған акмеограмманы қалай құру маңызды. Ол үшін келесі өлшемдер қарастырылады:

- тұлғаның күшін бағалау;
- интеллектуалды әлеуеті;
- биологиялық әлеуеті;
- мінез-құлық әлеуеті;
- бағыттылық әлеуеті;
- шығармашылық әлеуеті.

Оқыту және тәрбиелеу акмеологиясы. Акмеология ғылымының әуел бастағы практикалық тұрғыдағы шешетін мәселесі-кәсіби шығармашылықтың шыңына шығуға әзір шеберлерді тәрбиелеу болған. Жасаған істері мен бастамаларында нәтижеге жетуге деген ұмтылыс әр адамда болады. Бабалардан қалған «шығар тауың биік болсын» деген баталы сөзде де осы мән-мағына жатыр. Адамтану саласының педагогика ғылымы мен практикасы үшін аса маңызды басымдылықтары мен стратегиялық бағыттары да осы акмеология болып табылады. Акмеологияның ғылым ретіндегі дамуына белгілі ғалымдар К.А.Абульханова, О.С.Анисимов, С.А.Анисимов, А.А.Бодалев, А.К.Маркова, И.Н.Семенов, А.П.Ситников, Ю.С.Степанов, В.Д.Шадриков, т.б. өз үлестерін қосты [3].

Акмеологияның зерттеу нысаны прогрессивті дамушы ересек тұлға, ең маңыздысы кәсіби іс-әрекеті мен тұлғалық дамуында шыңға жетуі. Олар:

- ересек адамдардың өз бетінше даму заңдылықтары;
- кәсіби шыңға немесе белгілі бір табысқа жету факторлары;
- өзін-өзі тәрбиелеуге, білімін жетілдіруге және өзін-өзі бақылай білуіне үйретуге қызықтыру жолдары;
- кәсіби шеберлік шыңына жету үшін ересек адамдардың өзін-өзі түзету, жетілдіру және ішкі ресурстарын тиімді пайдалана білуге бағыттау;

Акмеологияның зерттеу кең ұғымда адамның индивид, индивидуалдылық, еңбек субъектісі ретінде, сонымен қатар кәсіби және қарым-қатынаста тұлғалық дамудың шыңына жету процесі, заңдылықтары мен механизмінен тұрады.

Психологиялық түзету жұмыстарының ерекшелігі адамның ішкі жан дүниесіне жағымды әсер ету, өзінің жағымды қасиеттерін аша білу, қарым –қатынас үйлесімділігін орнату, сөйлеу мәнерін қалыптастыру, қызықтыру, танымдық процестері, өздеріне қажетті іс-әрекетке итермелеу арқылы жүзеге асады. Мұндай жұмыстарды біз «ағартушылық» деп атаймыз. Мұнда бірнеше акмеологиялық технологиялардың реті ұйымдастырылып жүргізілді.

Тақырыбы: «Бәріміз- біріміз үшін, біріміз-бәріміз үшін»

Мақсаты: Жалпы бұл техниканы жүргізудегі мақсатымыз студенттердің креативтілік терминінің мәнін ашу. Олардың жан-жақты түсінуін анықтау және де осы техниканы жүргізу барысында студенттердің топтық белсенділігін анықтау.

Нұсқауы: Студенттер топпен жұмыс болғандықтан өздерін еркін ұстап, ойларын еркін айтып сабаққа белсенді қатысуы керек. Топпен жұмыс болғандықтан бір-екі адам ғана қатыспай, аудиториядағы бүкіл студенттер қызыға қатысуы керек. Студенттерді үш топқа бөлу қажет, үш сатыдан тұрады.

Біріншісі - сұрақтардан тұратын ұяшықтар сұрақтары 10, 20, 30, 40 баллдарына байланысты жеңіл, әрі қиын болмақ. Бұл сұрақтар пәнге байланысты сұрақтар болады.

Екіншісі - логикалық және жағдаяттардан тұратын техника. Тек пән сұрақтарымен шектелмей, студенттердің пікірін білу үшін және белсенділігін және логикалық ұшқырлыққа байланысты жағдаяттар мен логикалық сұрақтар болмақ.

Үшіншісі - әр топтан топбасшы келіп техника жүргізушінің алдынан жасырын тұрған «маман», «студент», «мұғалім» сөздерін таңдап, алдарына тұрған А4 форматты аққағазға белгілі бір уақыт аралығында топпен жұмыс болғандықтан тобымен сурет ретінде немесе схемалар, сызба-нұсқа арқылы қорғап шығады. Яғни «Креативті маман», «Креативті студент», «Креативті мұғалім» кім екендігін дәлелдеп, дәйекті сөздік қорлары арқылы қорғап шығуы керек. Қорғап шыққан соң әр топ өзінің тобының тақырыбына байланысты 5 минуттық көрініс қою керек.

Құрал жабдықтар : плакат, маркер, аққағаздар, қалам-сап.

Логикалық сұрақтар: Допты лақтырғанда, сол ізбен қайта келу үшін қалай лақтыру керек?

Теңізде қандай тас жоқ?

Үстел үстінде 3 стақан шие тұр оның 1 стақан шиеcін Марат жеп қойды. Үстел үстінде қанша стақан қалды?

Қорытындылай келе, жаңа заман ағымына сай білім саласында жаңа технологияларды қолданудың маңызы зор. Қазіргі таңда білім берудің негізгі талаптарының бірі білімді үздіксіз жетілдіру және оқыту үрдіcін интенсивтендіру болып табылады.

Топтық жұмысты ұйымдастыруда курстан алған білімнің тигізер пайдасы мол болды. Топтық жұмыс арқылы бір-бірімен тез тіл табысып, сабаққа деген қызығушылықтары арта түсті. Бір-бірімен ақылдасып, пікір алмасып, араласып үйренді. Өздерін еркін ұстап, бір-бірін бағалай білді. Тіпті сөздік қорлары дамып қолданысқа мынадай сөздер де енді: «Сен келісесің бе...», «Сен қарсы емессің бе...», «Қалай ойлайсың...» т.б.

Топтық жұмыс мынадай жетістіктерге жеткізетініне көзім анық жетті:

1. Студенттердің оқу және танымдық қабілеттері дамиды.
2. Студенттердің қорқыныш сезімі мен беймазальғы төмендейді
3. Сабақтың уақыты тиімді үлестіріледі.
4. Аудиториядағы психологиялық ахуал жақсарады, жауапкершілік сезімі арта түседі.
5. Берілген білім берік қабылданады, алған білімдерін іс-жүзінде іске асыра алады.
6. Аудиториядағы жұмыс сараланады.

Топпен жұмыс жасау дағдылары кейін біз педагог болған кезде де қажет болады. Себебі күнделікті өмірде біз көбіне топпен жұмыс жасаймыз. Сондықтан өз пікірлерін, көзқарастарын және басқалардың ойларын дәлелдей біледі. Сондықтан топтық жұмыс арқылы өте маңызды мәліметтер айтылады, әрі сабақ қызық өтіледі.

Тақырыбы: «Академиялық даудамай» пікірталасы

Мақсаты: Әр үйренушінің қарастырылған проблема бойынша өзіндік пікір, көзқарасты қабылдауы, бір байлам мен шешімге тоқтауы.

Міндеті: Жүргізуші сабақта қарастырылып жатқан тақырып бойынша кемінде екі шешімі бар проблеманы студенттерге жария қылады. Студенттер топқа бөлініп, қарама-қарсы көзқарастар бойынша екіге бөлініп, өз позицияларын қорғауға дайындалады. Жүргізуші сұрақтар қойып, тақырып талқыланады. Екі топ бір-біріне сұрақтар қойып, жауап беріп, өз ұстанымдарын жақтап, пікірталасқа кіріседі. Соңынан пікірталас тоқтатылып, екі жақ келісім мен мәмілеге келетіндей ортақ шешімді іздестіреді.

Армысыздар құрметті студенттер, бүгінгі пікірталастың жақсы өтуіне ат салысып, белсенділік танытайық. Пікірталастың тақырыбы «Білімді кітаптан алған тиімді ме? Әлде интернеттен ба?». Бұл тақырыпты алған себебіміз, қазіргі таңда бұл мәселе өте өзекті мәселелердің бірі екені белгілі. Пікірталастың ережелерімен таныс болыңыздар.

1. Пікірталаста тұлғаның жеке қасиеттері сыналмай, тек пікірлер, көзқарастар мен пайымдаулар ғана сыналуды тиіс.

2. Пікірталаста басты мақсат жеңу емес- ақиқатқа жету.

3. Басты этикалық ереже: басқа пікірлермен келіспеуге болады, алайда оларды сыйлау керек.

4. Біреу сөйлегенде, оның сөзін бөлуге болмайды.

5. Басқа пікірлермен келіспеушілік болған жағдайда, оларға жалаң түрде баға бергеннен гөрі, олардың мағынасы мен мазмұнын айқындайтын сұрақ қойған орынды.

6. Пікірталаста икемділік пен бейімшілдіктің жоғарғы дәрежесін көрсеткендер жеңіске жетеді.

7. Ақиқатқа жету жолы біреу емес және оның барлығы да тең дәрежелі.

Сұрақтар:

1. Қазіргі уақытта білім көздерін қайдан алған тиімдірек?

2. Интернеттің пайдасы мен зияны?

3. Қазіргі кезде нәліктен кітап оқитындардың саны азайып бара жатыр?

4. Рухани құндылықтарды жетілдіруде кітаптың маңызы.

5. Интернетті дұрыс пайдану үшін не істеу керек?

- Пікірталас өз мақсаттарына жетті ме?

- Пікірталастың ең сәтті жерлері қандай болды?

- Пікірталастың сәтсіз жерлері қандай болды?

- Пікірталас тақырыптан ауып кеткен жоқ па?

- Пікірталасқа барлығымыз да белсенді түрде қатыстық па?

- Пікірталаста бір көзқарас үстемдік жүргізген жоқ па?

- Пікірталаста біз әр уақытта бір-біріміздің пікірімізбен санасып, оны сыйладық па?

Талқылау соңында студенттер өз ойларын эссе немесе басқа да жазбаша түрде жеткізуі керек.

Қорытынды: Пікірталасты қорындылау- оның тиімділігінің айғағы. Сол себепті де пікірталас соңында қатысушылардың қорытынды пікірлеріне тоқталып, проблема шешудің ең тиімді жолдары қысқаша сарапталды. Бұл жерде жүргізуші кейбір пікірлердің осал жақтарына тоқталды. Пікірталастың тақырыбы қазіргі таңда өзекті мәселе. Пікірталаста студенттер өз ой-пікірлерін айтып, талқылап, соңында өз шешімдерін айтты. Пікірталастың мақсаты жеңіске жету емес- ақиқатқа жету болғандықтан, екі топ та соңында дұрыс әрі ортақ бір шешімге келді. Екі топ та заман талабына сай интернет те, кітап та маңызды екенін айтып, көзқарастарын, пікірлерін білдірді. Талқылау соңында

студенттер өз ойларын эссе немесе жазбаша түрде жеткізе білді. Пікірталаста екі жақ та белсенділік танытып, ат салысып қатысты. Пікірталас өте қызық өтті.

Диалогтік әдістің тиімділігі. Сіздерге диалогтан бір мысал келтірейін. Мысалы, мұғалімнің сұрағы: «Дүние жүзінде неше мұхит бар?». Жауабы: 4. Мұғалім: дұрыс. Бұл жетілмеген диалогтың көрінісі. Себебі, біріншіден бұл оқушының назарын аударатындай деңгейде қойылған жоқ. Екіншіден бұл сұраққа сұраққа жауап беретін оқушы немесе осы пәнді жақсы көретін оқушы ғана жауап берді. Оқушы төрт деп жауап бергеннен кейін, мұғалімнің әрекеті «дұрыс» деп ары қарай сұрақты өрбіткен жоқ. Осы тұста сұрақты дұрыс қоя білу- мағызды дағдылардың бірі. Сұрақ қоюдың техникаларын жетік меңгерген жөн. Сұрақ қою техникасының үш түрі бар: түрткі болу, қайта бағыттау, сынақтан өткізу. Жеке тоқталатын болсақ, түрткі болуда оқушыдан дұрыс жауап ала алмаған жағдайда, оларға көмектесу ниетпен дұрыс жол сілтейміз. Түрткі болу техникасын қолдану арқылы оқушылардан сіздер қалай ойлайсыздар? деп сұрақ қойып және өткенді еске түсіру арқылы оқушының ойын түртіп, оқушылардан дұрыс жауап алуға жетелеуіміз керекпіз. Екінші сұрақ қоюдың қайта бағыттау техникасы. Ол қандай техника? Біз бір сұрақты қойғаннан кейін, екі-үш оқушыдан жауап аламыз да, сол жерден сұрақты тоқтатып тастаймыз. Енді осы тұста бір сұрақты бірнеше оқушыға қайта бағыттап, сіз қалай ойлайсыз?, сіздің пікірлеріңіз қандай? ал сіздің пікіріңіз ше? деп бір сұрақты бірнеше оқушыға қойып, еркін диалогқа шақырамыз. Оларды еркін диалогқа шақыру арқылы оқушыларды біздер еркін сөйлеуге, өз ой-пікірін анық айтуға жетелейміз. Үшінші- сынақтан өткізу. Оқушыларды нақты білім алып, білім деңгейінде ойларын ары қарай өрбітуге мүмкіндік береді. Мысалы, сіз осымен келісесіз бе? Бұны басқаша қалай атар едіңіз? Тағы да қандай жолдары бар? деген сынды сұрақты диалогта ары қарай өрбітіп, оқушыларды жоғары деңгейлі оқытуға жетелеу болып табылады [4].

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты- бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз оқытушының шығармашылығындағы ерекшелік оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Сабақты түрлендіре отырып тұлғадағы өз-өзіне деген сенімділікті, өзара сыйластықты, өзара түсінушілікті қалыптастыру, тұлғаның өз-өзін жетілдіруіне мүмкіндік беру оқытушының құзырындағы үлкен мүмкіндік. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі- педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзиреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Бұл студенттің екі ауқымды контекст аумағында (рухани-моральдік, философиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, т.б.) оқып-үйреніп, өмірдің көлденең тартқан қандай да болмасын проблемаларын шешуге құзырлы болуы керек дегенді білдіреді. Нәтижеге бағытталу оқу процесінде студентті бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға студенттерді белсендендіретін оқу әдістемелерін қолдануды міндеттейді, өйткені бүгінгі күні оқу процесі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру» сияқты ұғымдардан тұрады.

Қазіргі таңда педагогикалық шеберлік орталықтарында жоғары оқу орындарындағы болашақ педагог мамандарды даярлауда арнайы бағдарлама енгізілген. Бұл бағдарлама негізі бітіруші курс студенттеріне арналған, бұл өте тиімді. Себебі жоғары оқу орнын бітіргелі отырған жас маман ол мектептен бастап оқушылардың бойында қандай қасиеттерді қалыптастыру керектігі туралы пікір қалыптасады және оған дайын болады [5].

Қорыта айтқанда, технология категориясы үлкен тәжірибелік маңыздылығымен акмеологияда жетекші мәнге ие болады. Акмеологияны ғылым ретінде дамыту акмеологиялық технологиялардың келешегін жасауға және олардың белгілерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Қазір акмеология ғылымында акмеологиялық

технологияларды жасау және оларды әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері белсенді түрде өз шешімін табуда. Акмеологиялық технологиялардың бағыттылығы жеке тұлғаны ізгілікті дамытуға негіз бола алады. Акмеологияда өзін-өзі танудың, бағалаудың және дамытудың ізгіліктік технологиялары жасалды және олар табысты қолданылуда. Осыған байланысты, акмеологиялық технологиялар қашан да әрбір білім алушыға бағытталған, олар нақты тұлғаны кәсіби тұрғыда дамыту үшін пайдаланылады. Бұл технологиялардың мәні акмеологиялық ықпал болып табылады. Сондықтан бұл технологиялардың басты әдісі іштей немесе сырттай жүзеге асатын акмеологиялық ықпал болып саналады.

Қазіргі заман жылдам әрі терең өзгерістермен ерекшеленеді. Білім беру жүйесі ауқымды қоғамдық жүйенің бір саласы ретінде өмірде болып жатқан жаңалықтарды есепке ала отырып өз құрылымын өзгертіп отыруы қажет.

Психологиялық акмеологиялық бағыт жеке тұлғаның белсенділігін, қалыптасу жағдайларына жауап іздейтін, белгілі бір нәрсеге ұмтылып, оны керек ететін, тіршілік етуде белсенділік танытатын бағыт. Жаңалықты қабылдап, танып, зерттеу, оны қолдану, жаңалықты қалыптастыру, жүзеге асыру, яғни мазмұны психологиялық түсінікке жақын, қабылдау және қорытындысы ретінде жаңалықты қолдану.

Болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекет ету жағдайындағы педагог-психолог жұмысының негізгі мақсаты - мұғалімдердің психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту.

Жоғарыда айтылған сапалардан инновациялық жұмыс жағдайындағы психологиялық салауатты болашақ мұғалім тұлғасының сипаттамасы айқындалады: өзін саналы түрде сезіну, басқа адамдарды қабылдау іскерліктері, өз эмоционалдық жағдайларын анықтау, жақсы дамыған рефлексия. Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, әрбір адамның кәсіби шеберлігі өз мамандығына бейімделу кезеңінен, мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңінен, мамандықты еркін меңгерген кезеңнен, мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезеңнен тұрады.

Инновациялық іс-әрекет- педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үрдісі.

Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, креативті, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (17.01.2014)
2. Оспанова Б.А., Бейсембаева К.Д. Акмеология. Оқулық А.: 2014
3. Арынбаева Н. Өздігінен білім беруге жетелейтін педагогикалық технологияларды қолдаудың жолдары. Жантану мәселелері № 6. - 2013, 4-6 б.
4. Асхат Әлімов., Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. А.: 2009
5. Ысқақ Г. Білім берудің қазіргі өзекті мәселелері. Жантану мәселелері №3-2017.- 5б.

ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Ратаева К.Б.

№7 Бөбекжай-бақша психологы. Тараз қ.

Еліміздің құқықтық-демократиялық қоғам жағдайында дамуы бүгінгі әрбір азаматтың және өскелең ұрпақтың мәдениет пен біліктілігінің жоғары болуын талап етеді. Осыған байланысты қоғамның адам тәрбиесіне қояр талабы да барған сайын күшейіп, оны іске асырудың көзі болып табылатын психикалық нышандар мен оны дамытудың шарттарына деген көзқарас өзгеріп келеді. Соған сай бүгінде білім беру ұғымының өзі өзгеруде және кеңеюде.

Білім беру мектепте, жоғары оқу орнында, тіпті отбасында білім берудің педагогикалық-психологиялық негіздерін меңгерудің мазмұны мен мәні кеңейе түсуде. Жас ерекшелігі психологиясының дамуына Ч. Дарвиннің эволюциялық идеяларының айтарлықтай ықпалы тиді. Олар психикалық дамудың кайнар көздері проблемасына зейін аударды. Психология зерттейтін деректердің рефлексік мәнін түсінудегі психикалық іс-әрекеттің маңызын кернекті орыс ғалымы Я.М. Сеченов те атап көрсетті [1].

Әрбір адамның өмірінде немесе баланың өмірінде, ол әлемнің идеяларынан әлдеқайда кең екенін түсіне бастаған сәтте пайда болады. Баланың өмірге деген көзқарасы өзгере бастайды, өйткені өзін бала ретінде ересектерге ұқсауға мәжбүрлейді. Бірақ өзін ересек деп біле алмайды. Бұл жағдай өтпелі кезең немесе ғылыми-педагогикалық дағдарыс деп аталады. Жеткіншек жастағылардың физиологиялық құрылымда және психоэмоционалдық дамуда түбегейлі қайта өзгеріске ұшырайды. Сондықтан физиологтар осы кезеңде көптеген құбылыстарды баланың нақты мінез-құлқын айқындайтын күрт «гормоналды жарылыспен» байланыстырса, ал психологтар жеткіншектердің психологиялық сипаттамаларын, себептерін анықтау арқылы баланың мазасыздану жеке басының неврозын туғызады, оның жүйкесі мен психикасының бұзылуына алып келеді. Оның себебі, мұғалім мен оқушы арасындағы қатынасының бұзылуы. Жеткіншектік кезең - қиын әрі сыналатын кезең деп саналады. Бұлай айтылуының себебі, осы уақытта болатын көптеген сапалық өзгерістерге байланысты, бұл өзгерістер кейде баланың бұрынғы ерекшеліктерін, қарым-қатынастарын түбірінен өзгертетін сипатта болады [2].

Жеткіншектік кезең - адамның жеке басының дамуы үшін маңызды. Бұл кезең аясында айтарлықтай кеңейіп, оның сипаты өзгереді, саналы мінез-құлық негіздері қалыптасады, моральдық идеялар мен көзқарас қалыптастыруда жалпы бағдар қалыптасады. Мұның бәрі рухани қалыптасу аясында физиологиялық және ақыл-ой дамуының қарама-қайшылықтарымен байланысты. Осылайша, жеткіншек өтпелі, күрделі, қиын, сыни сипатқа ие болады. Сонымен қатар, басқалармен қарым-қатынастардағы реакциялардың жеткіліксіздігі, ересектер аномалия ретінде қабылданатын әрекеттер мен әрекеттердегі сәйкессіздік, әлеуметтік ережелерден ауытқуы және балалардың құндылықтарды бағалауы, өз-өзін бағалауы өзгереді. Жеткіншек жастағы баланың өтпелі кезеңдегі белгілері:

- әр адам оны ересек адам ретінде қабыл алғанын қалауы;
- ересек адамдармен тең қарым-қатынас орнатуы;
- шешімдер қабылдауда тәуелсіздікке ұмтылуы;
- өз талғамдарының, рейтингтерінің, пікірлерінің, мінез-құлқының пайда болуы;
- өз өміріндегі ересектердің араласуымен (оқу, сыртқы келбеті, достық, хобби) [2].

Жеткіншек бала үшін және оның ата-анасы үшін де өте күрделі кезең болып табылады. Өйткені бұл екі тарап бір-біріне толықтай бейімделіп, өнімді қарым-қатынасты

жаңа жолмен қалыптастыруға мәжбүр. Алайда, негізгі жас ерекшеліктерін білу, туындайтын қақтығыстарды шешу ережелері және осы кезеңде жеткіншектермен не болғаны туралы, сондай-ақ егер ата-анасы дәрменсіз болса, кез-келген қиындықты жеңуге көмектесіп және ата-анасына көмектесу арқылы үйлесімді тұлға жасайды.

Жеткіншек - бұл баланың ең қарқынды даму кезеңі болып табылады, ол ең алдымен өзінің жеке басының қызығушылығымен көрінеді. Жеткіншек өзімен ең қызықтыратындықтан, онымен кездесетін психо-физиологиялық өзгерістер ол қарқынды түрде жүргізу арқылы өзін бағалайды. Жеткіншек кезеңдегі балалардың мінез-құлқы - өз пікірін білдіруге ұмтылу, шешімдерін, қоғамдағы орны мен құрдастарының арасында болуды қалайды. Сондықтан, жеткіншектердің өмірінде, олар оқып жүрген сыныбы, спортпен шұғылдану немесе басқа сүйікті іс-шаралар қатысуы өте маңызды. Жеткіншектер құрдастардың арасында достастық пен борыштық сезімін айқын көрсетеді. Олар тезірек құрдастарының мінез-құлық нормалары мен мінез-құлық ережелерін игереді, өз жолдастарының қоғамдық пікірін бағалайды. Бірақ жеткіншектер әрдайым достық, арнамыс пен басқа моральдық ұғымдардың мәнін дұрыс түсінбейді, себебі жеткіншек кезеңдегі балалар өздерінің қателерін емес, басқаладың қатесін сынағанды ұнатады. Жеткіншектік жас кезеңдегі мінез-құлқы туралы сипаттамалары:

- бас тарту әрекеті. Мінез-құлықтың өзгеруі, бұл көбінесе әдеттегі өмір жағдайында күрт өзгереді: отбасының бөлінуі, мектептегі өзгерістер, ата-аналардың ажырасуы.

- қарама-қайшылық. Басқаладың пікіріне қарсы шығу.

- кобальдудағы имитациялық реакция көрінеді. жеткіншектерде ересек адам сияқты жиі имитациялауға айналады, ал кейбір қасиеттері оның идеалдарын таңдандырады.

- өтемдік реакция. Жеткіншектің ең үлкен сәйкессіздікті тапқан аймақтағы табысқа жетуіне байланысты. Осылайша, физикалық әлсіз жеткіншек спорттық жетістіктерге адалдықпен қарайды.

- тәуелсіздіктің реакциясы. Жеткіншектің ересектерге қамқорлықтан босату үшін тәуелсіздікке ұмтылуымен көрінеді. Қолайсыз жағдайларда бұл үйден, мектептен қашып кетуі мүмкін, ата-аналарына, мұғалімдерге қарсы аффективті құбылыстар болуы мүмкін;

Жеткіншек өзін-өзі тануға және өзіндік мінез-құлқымен бейресми топтарға және олардың көшбасшысымен өзара қарым-қатынас жүйесін қалыптастыруға тырысады. Өкінішке орай, өздігінен-топтық қарым-қатынас процесінде жеткіншектердің тұрақты сипатында агрессияға, қатыгездікке, алаңдаушылықты, оқшаулануды арттырады. Жеткіншектер сынға, күлкіге, сөгіс беруге басқалардың алдын қалу ауыр тиеді. Олар өзгелердің жаман пікірлеріне көп алаңдайды. Сондықтан жұмысында сәтсіздікке ұшыраса немесе өзіндік кемістігі бар болса, олар ауыртпалықпен әрекет етеді. Нәтижесінде, олардың көпшілігі ұялшақ, психикалық оқшаулануға бейімділік, шындықты арман әлеміне айналдырады, ал бұл қаражат ерікті емес. Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейі неғұрлым төмен болса, ол жалғыздықтан зардап шегеді [3].

Қорытындылай келгенде, жеткіншекті кезеңі - адам дамуының маңызды факторы болып табылады. Психологияда жеткіншек жас - 12-ден 17 жасқа дейінгі кезеңді қамтиды. Осы уақыт аралығында бала өсіп, физикалық және психологиялық өзгеріске түсіп, жаңа мүмкіндіктерді иеле отырып, ересек адамдарға ұқсау үшін көбірек дайындалады. Жеткіншекті кезеңі, ең алдымен физикалық өзгерістермен сипатталады, яғни, жеткіншек денесінің пропорциясы, оның бойының ұзындығы мен салмағының өзгеруі диспропорционалды түрде жүзеге асырылады. Ең алдымен ересек адамның мөлшері басына, қолына және аяқтарына жетеді, содан кейін теріге. Бұл ішкі қақтығысты және жеткіншек қабылдамайды. Жеткіншектер көбінесе қорқыныш сезімін сезінеді, өзін-өзі бағалауы өзгеріп отырып, ол қақтығыс жағдайында және депрессияға ұшырауы мүмкін. Оның көз алдында өте сұлу, өте әдемі, батыл, өте қабілетті болуы керек [4].

Жеткіншектер қоғамның өміріне қызығушылықпен қатысады, ал екінші жағынан, жалғыздыққа деген құмарлықты ұстанады. Олар соқыр бағынудан таңдалған көшбасшыға және кез келген билікке қарсы көтеріліс жасауға себепкер болады. Олар өзіншіл және

материалистік, сондай-ақ ұлы идеализмге толы. Олар қатал, бірақ кенеттен ең қарабайыр табиғаттың заңсыздыққа ұшырайды. Кейде басқа адамдарға қатысты мінез-құлқы дөрекі және түсініксіз болып табылады, бірақ олар өздерін өте осал. Олардың көңіл-күйі жарқын оптимизм мен қараңғы пессимизм арасында өзгереді.

Жеткіншектік кезеңдегі балалар қоғамда өз орнын тапқысы келеді. Жеткіншектер өтпелі кезеңдерінде қарым-қатынаста ата-ана, мұлгілімнен гөрі құрбы-құрдастарымен қарым-қатынаста жақын болады. Д.Б. Эльконин бойынша негізгі іс-әрекет құрбы-құрдастармен қарым-қатынастар болып табылады. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі қоғамда өзінің орнын табу, «мәнділікке ие болу»-құрбы-құрдастар ортасында өзін табу. Құрбы-құрдастар мен қарым-қатынастар мотивінің динамикасы алуан-түрлі:

- құрбы-құрдастармен бірге болу, бірлесе әрекет ету 10-11 жаста;
- ұжымда өзінің орнын табу 12-13 жаста;
- өзіндік ерекшелікті, автономдылыққа деген ұмтылыс 14-15 жаста байқалады.

Жеткіншектер үшін достарының айтқан сөзі ата-анасының сөзінен дұрыс болып көрінеді. Жеткіншек кезеңдегі балалар достарымен қарым-қатынасты тұрақты, әрі мазмұнды орнатқысы келеді. Жеткіншек кезеңдегі балалар өздерін ересектер сияқты ұстап, еркін болуды, өздерінен шешім қабылдап жүруді қалайды. Сонымен қатар кез келген мәселелерде өздігінен шешім қабылдап, әр нәсеге бір ашуланып, агрессияға тез бейім болады.

Қоланылған әдебиеттер:

1. «Жас ерекшелігі және педагогикалық психология»/Ред. басқарған А.В. Петровский. - Алматы, 2009.
2. Крайг Г., Бокум Д. «Психология развития». 9-е изд. - СПб., 2012
3. Маклаков А. Г. «Общая психология», издательство «Питер», 2002г.
4. Основы психологии: Практикум (под ред. Столяренко), «Феникс», 2000г

Аннотация

Бұл мақалада жеткіншек жастағы балалардың даму ерекшеліктері, балалардың мінез - құлқында болатын өзгерістерді түзету, психологиялық таным қасиеттерін дамыту туралы жазылған.

Аннотация

В данной статье описаны особенности развития детей раннего возраста, коррекция изменений в поведении детей, развитие психологических познавательных качеств.

Annotation

This article describes the peculiar properties of the development of teenagers, the correction of changes in the behavior of children, the development of psychological cognitive qualities.

ӘОЖ 159.9

Б 39

ТҮЛҒА ДАМУЫНДА ЭМОЦИЯ МЕН СЕЗІМНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Сматова К.Б., Бекмурзаева А.Т.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.

Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде озық жүйені құруды жеделдету қажеттігіне меңзейді. Білім беру бағдарламаларының

негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс. Бұл жас ұрпақты ғылыми-зерттеу саласына және өндірістік-технологиялық ортаға ұтымды түрде кірістіруге көмектесетіндігін атап көрсетті [1].

Тұлғаның қалыптасуында эмоция мен сезімнің өзара байланысы бар. Эмоция мен сезім арасында өзар ұқсастықтар мен айырмашылықтар кездеседі. Эмоция тұлға өмірінде қысқы уақыт аралығында пайда болып жойылады, ал сезім біртіндеп пайда болып ұзақ уақыт көлемінде сақталады. Эмоция тұлға бойында және жануарлар өмірінде де кездеседі. Ал сезімдер жануарларда кездеспейді тек саналы адам баласына тән. Эмоция тұлғаның ішкі сезімдерін анық көрсетуге мүмкіндік береді. Тұлға бойындағы эмоционалды өзгерістерді мимика, понтомимика және жесть арқылы ажырата аламыз.

Тұлға дамуындағы эмоцияның алатын орны әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Егерде тұлға өзінің бойындағы басым немесе әлсіз эмоцияларды ажырататын болса, онда өз өмірін бақылауда ұстай алады. Өзінің эмоцияны жағдайын білу біріншіден өзін қабылдауға мүмкіндік береді, ал екіншіден айналасындағы адамдарды таңуда артықшылықтар береді. Тұлға өмірінде пайда болған әр нәрсе эмоционалды тұрғыда бағаланады. Мәселен, жаңа фильмді көрген кезде ол бізге ұнаса жағымды немесе жағымсыз эмоцияларды байқатамыз.

Кейбір жағдайларда адам бойындағы эмоцияны басқару мүмкін емес. Адамның бүкіл жан-толғанысы эмоциялармен араласып кетеді. Мұндай жағдайға қатты ашуланған адамның бейнесін мысал ретінде көрсетуге болады. Ол өзінің бірде-бір іс-әрекетін немесе сөйлеу жылдамдығын басқара алмайды. Ал эмоционалды жағымды күйде болатын болса, онда ол қоршаған ортадан үйлесімділікте болады. Тұлға даму барысында эмоциясын басқаруға машықтандырады. Әр эмоцияның өзіндік мәні мен мағынасы бар, кейбір жағдайларда эмоциялар құрастыруға немесе бұзуға бағытталуы мүмкін. Тек адам ғана өмірлік даму барысында эмоцияларын қай бағытқа арнайтынын шешеді [2].

Жаңа тәжірибені үйрену кезеңінде сезім мен эмоция басым болады. Олар адамды іс-әрекетке талпындырады, оқу, жұмыс және шығармашылықтағы қиындықтарды жеңуге шабыттандырады. Сезім мен эмоциялар тұлғаның мінезіне, белгілі бір өмірлік бағыттарын анықтауда маңызды болып саналады. Сезімдер әлеуметтік немесе қоғамдық мәні бойынша жағымды және жағымсыз болып бөлінеді: мұндай жағдайда жеке және топтық бағалау әруақытта сәйкес келе бермейді, белгілі бір құбылыстар, деректер бізге жағымды көрінеді, жиі оларды қолдаймыз, басқа құбылыстарды жоққа шығарамыз. Осыдан келіп, тұлға өміріндегі кездесетін сезімдері жағымды немесе жағымсыз сипатқа болады. Жағымды қатарға кіретін сезімдерге қанағаттану, қуаныш, бақыт, шаттық, махаббат жатады. Жағымсыз сезімдерге қанағаттанбау, қайғы-қасірет, жек көру, қорқыныш жатады. Күшті сезімдердің қалынан тұлға ерлік істерге бара алады.

Адамның сезімдер жиынтығы жеке немесе көп жақты қасиеттерімен ерекшеленеді. Оған сүйіспеншілік, қуаныш, құрметтеу мен мадақтау, қобалжу және қорқыныш сезімдері кіреді. Адамның сезімдері әрқашанда белгілі бір қоғамдық мәні бар іс-әрекетке бағытталған болып саналады. Сыйлау мен сүйіспеншілік сезімдері адамдарды игі іс-әрекет жасауға итермелейді. Сүйіспеншілік сезімі көп жағдайда белгілі бір іске бағытталады, сонымен қатар нәтижелі болып саналады (отанды сүйу, еңбекті сүйу, адамды сүйу). Адамның сезімдері оның қоршаған дүниеге деген көзқарасынан білінеді, мұнда заттардың өзі нақты бейнеленбейді, бірақ адамдардың сезімдерінен дүниеге деген қарым-қатынасы сипат береді. Сондықтан әрбір тұлғаның сезім толқыныстарына байланысты, оның орны мен ролі көрініс береді. Тұлға үшін тек мәнді, оның материалдық және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған құбылыстар оған ерекше әсер ете алады. Адамның сезімдерінде оның қоршаған дүниеге қарым-қатынасы, қажеттіліктері, дүниетанымы, көзқарасы мен моралдық қасиеттері бейнеленеді. Біз әрбір адам сезімінің осы қасиеттеріне сай, оның қандай тұлға екендігін айтып бере аламыз [3].

Сезімдерді стеникалық және астеникалық деп екі топқа бөлеміз. Стеникалық сезім дегеніміз адамның белсенділігін арттыратын, күші мен қуатын еселейтін, адамды

жігерлендіретін, сергектікке бағыттайтын сезім. Стеникалық сезім «стиеяос»-грек сөзі, қазақша мағынасы – күш деген ұғымды білдіреді. Оларға ерекше қуаныш, ашу сезімдері жатады. Астеникалық сезім дегеніміз адамның белсенділігін, қуатын азайтатын, адамды тежеп отыратын сезім. Астеникалық сезім «астенос»-грек сөзі, қазақша – әлсіздік мағынасында қолданылады. Мысалы, нәзіктік, қайғы-қасірет, қорқыныш сезімдерін жатқызуға болады. И.П. Павлов эмоцияны инстинктерге жақындатты. Сезімдерді ол бас ми қыртысының жартышарлары қызметі ретінде қарастырды, ал, бұл адамда екінші сигнал жүйесімен байланысты болады. Сезімдер – қоғамдық өмір жағдайында адам дамуының жемісі [3].

Эмоциялардың өзіндік ерекшеліктерін атап өтсек: біріншіден эмоция адамның түрлі органикалық қажеттеріне туып отыратын қысқа ситуациялы көңіл-күй, адам қуанғаннан, қамықаннан көзіне жас алса, не болмаса бір нәрсеге мәз болып, ішек сілесі қатып күлсе, мұндай жағдайда ұзаққа созылмайтындығы белгілі; екіншіден эмоция мәнерлі қозғалыстарда көбірек байқалады; үшіншіден эмоциялардың қызметін лимба жүйкесі мен гипоталамус бөлігі басқарып отырды; төртіншіден эмоциялар жануарларда да кездеседі.

Адам сезімдеріне лайықты көріністер жануарларда кездеспейді. Сезімдердің ерекшеліктері: біріншіден сезімдер адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау қажетінен туатын және біртіндеп дамып отыртын бір сыдырғы тұрақты процесс; екіншіден сезімдерде мәнерлі қозғалыстар жақсы байқалады; үшіншіден сезім ми қабығының жұмысынан көрінеді. Мұнда екінші сигнал жүйесінің басқарушылық ролі күшті болады. Сөз арқылы адам сезімдерінің өрісі кеңіп ауқымды бола түседі. Мәселен, адамдардың интеллектік, эстетикалық, моральдық сезімдерінің қалыптасуына елеулі әсер етеді, соның арқасында сезімдер мен эмоцияларды тәрбиелеуге кең жол ашылады; төртіншіден адамдардың эмоциялары мен сезімдері қоғамдық тарихи сипатта болып отырады [5].

Қорыта келе, сезімдер мен эмоциялардың бір-бірімен тығыз байланысты екенін байқауға болады. Сезімдер ұзақ уақыт көлемінде адам бойында тұрақтайды, ал эмоциялар бір мезеттік болып келеді. Сезімдер мен эмоциялар бір-біріне тығыз байланысты екеніне қарамастан, олардың бір-біріне қарама-қайшы тұстары да көптеп кездесетіндігін байқадық.

Пайдаланылған әдiбеттер тiзiмi

1. Н.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, 2018.
2. Гиппенрейтер Ю.Б. Фаликман М.В. Психология мотивации и эмоций. Москва, 2006. – 750с.
3. <https://vikidalka.ru/1-116651.html>
4. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. Алматы, 2011. – 216б.
5. Жарықбаев Қ. Жантану. Алматы, 2014. – 694б.

Аннотация

В этой статье рассматриваются значения эмоций и чувств в развитии личности. Существует много видов эмоций и чувств личности, но не одно из них не является универсальным.

Аннотация

“The actor creates himself in a twofold sense: as any artist, from his creative imagination; and specifically having in its own face the material from which the artistic image is created” The art of the theater has an amazing ability to merge with life. The stage performance, though taking place on the other side of the ramp, at the moments of higher tension blurs the line between art and life and is perceived by the audience as the very reality. The attractive force of the theater lies in the fact that “life on the stage” freely asserts itself in the viewer's imagination.

ҚОРАҚАЛПОҚ МУСИҚИЙ ФОЛЬКЛОР ШАКЛЛАРИДА МИЛЛИЙ РАНГДОРЛИКНИ АСОСЛОВЧИ ВОСИТАЛАР

Ходжаметова Г.И.,
тарих фанлари номзоди
Ўзбекистон санъат ва маданият институти
Нукус филиали доценти, Ўзбекистан

Бугунги кунда қорақалпоқ театрлари ўз фаолиятида миллий колорит ифодасини қанчалик даражада мужассамлаштирганини таҳлиллар ва тадқиқот натижалари ошкор этади. Унинг аввалида эътиборни қорақалпоқ миллатининг умумий хусусиятларига қаратамиз. Зеро, миллатга хос хусусиятлар бўйича тўлиқ тушунчаси бўлмаган ижодкор миллий асар ярата олмайди. Хўш, бу миллатга хос бўлган миллий калоритнинг муҳим тамойиллари тарихдан бугунга қадар қандай хусусият ва вазиятларни бошдан кечирди? [1].

Достонлар қорақалпоқ фольклорининг асосий жанри бўлиб, 4 тур (қаҳрамонлик, лирик, ижтимоий-маиший, тарихий достонлар)га бўлинади. Қорақалпоқларда кенг тарқалган достон «Алпамис» достони. Шунингдек, «Едиге». «Қублон», «Қирққиз» достонлари машҳур.

Ҳозирги замон қорақалпоқ шеъриятини ғоявий-мавзули бадиий-эстетик жиҳатдан бойитишга И.Юсупов салмоқли ҳисса қўшди. 1980 йилларнинг 2-ярмида К.Мамбетовнинг «Хуждан», О.Абдурахмоновнинг «Бўсаға», А.Оттепбергеновнинг «Дўзах ичида», К.Раҳмоновнинг «Оқибат», Ш.Сейтовнинг «Халқобод» романлари яратилди. Шеъриятга ўз овозига эга бўлган К.Каримов, К.Реймов, Н.Торешова, М.Жуманазарова, О.Сейтаев, О.Сатбаев, Ж.Хўшниёзов, Х.Даулетназаров, Ж.Избосканов, Х.Айимбетов каби истеъдодли ижодкорлар келиб қўшилди.

Театр сахналарида трагедия, комедия, трагикомедия жанрларидаги К.Раҳмоновнинг «Лаққилар касалхонада», С.Жумагуловнинг «Экстрасенс», «Куёвингни бериб тур», К.Матмуротовнинг «Фарзанд», М.Низамовнинг «Ноёб нусха», Ж.Хўжановнинг «Қўшнимнинг қизи» асарлари кўйилди.

Қорақалпоқ мусиқа маданияти узок тарихга эга бўлиб, ҳозирги кунда бой мусиқий фольклор, оғзаки анъанадаги профессионал мусиқа ва шунингдек, XX асрда ривож топган композиторлик ижодиёти намуналарига эгадир [2, б.152].

Мусиқий фольклор шакллари асосини кўшиқлар ташкил этади. Халқ маросимлари билан боғлиқ бир қанча жанрлар (мавсум маросим кўшиқлардан «Айдар-айдар» — шамолни чақириш, диний маросим — «Ярамазан», оилавий маросим ва маиший кўшиқлардан «Яр-яр», «Ҳеужар», «Ўлен», «Синсиу», «Жоқлау» ва б.) унинг энг қадимги қатламни ташкил этади. Бадиий мазмунига кўра халқ кўшиқлари ишқий-лирик, тарихий, маросим, аёллар (қизлар), болалар кўшиқларидан иборат. Уларнинг аксарияти диатоник ладларга асосланиб, оҳанглари мелизматик безакларга бой куйчанлик хусусиятларга эга. Қорақалпоқларда исломдан олдинги маданият ҳисобланувчи руҳларни чақириш, улар ёрдамида беморларни даволаш учун порхай (парихон)лар томонидан ижро этилган айтимлар ҳам сақланган («балик», «гулапсан»). Фольклор мусиқасида аёллар (қизлар)нинг чангқўбиз мусиқаси, йигит-қизларнинг театрлашган ўйин-кўшиқлари, лапарлари («яғлы бахар») мавжуд [3].

Қорақалпоқларнинг оғзаки анъанадаги профессионал мусиқасининг марказий қисмини достон мусиқаси эгаллайди. Қорақалпоқ достон ижрочилари 3 турга бўлинади: жировлар, бахшилар ва қиссахонлар. Уларнинг ҳар бири ўзига хос маълум ижтимоий-сиёсий шароитда юзага келган бўлиб, бир-биридан репертуаридаги достонлар мазмуни, ижро услуби, достон айтим куйлари ҳамда мусиқий чолғу жўрнавозлиги жиҳатидан фарқ қилади. Жировлар фаолияти анъанавий ижоднинг энг қадимий қатламга мансуб бўлиб, қаҳрамонлик достонларни («Қоблан», «Шаръяр», «Едиге», «Алпамис», «Маспатша»),

тарихий тўлғовларни ички овозда кўбиз жўрлигида ижро этишади. Бахши (бакси)лар ишқий-лирик ва қахрамонлик дostonларни («Юсуф-Зулайха», «Зауре-Тайир», «Юсуф-Аҳмет», «Гўрўғли») ҳамда мумтоз шеърляти асарларини очик овозда, дитор ва ғижжак жўрлигида (гоҳида бўламон ҳам кўшилади) ижро этишади. Куйлар мураккаблиги, ифода воситалар бойлиги билан жировдан фарқ қилади. Қиссахонлар кўпинча саводхон шахслар бўлиб, халқ йиғинларида дoston кўлёмаларини ўкиб ёки ёддан айтиб беришади. Улар шеърларни фақат ўзига хос, нутқ интонациясига яқин айтим куй (нама)ларга солиб, мусикий чолғу жўрлигисиз очик овозда ижро этишади.

Миллий мусика чолғулари каторига дostonчиларнинг чолғулари бўлмиш кўбиз, дитор, ғижжак (гиржек) ва бўламондан ташқари чангкўбиз, қамиш сурнай ва болалар хуштаги («искирау-ик») киради. Ўтмишла қорақалпоқларда чиндовул, сурнай, карнай, ноғора, дап (доира) каби чолғуларнинг мавжудлиги ҳақида қахрамонлик дostonларида маълумотлар сақланган. Булардан кўбиз ва дитор кенг тарқалган, уларда моҳир созандалар томонидан қорақалпоқ мумтоз чолғу куйлари чалинади. Айниқса, дитор куйлари орасида «Мухаллес», «Налиш» каби туркумий куйлар шаклан мураккаб ва ифода воситаларининг бойлиги билан ажралиб туради. Қорақалпоқ анъанавий мусика ривожланишига XX асрда Нурабулло жиров, Ерпўлат жиров, Хўқиз жиров, Жумабой жиров, Қиёс бахши Ҳайратдинов, Жапақ бахши Шомуротов, Есжан бахши Қоспўлатов, Кенжабой бахши Тилевмуротов, Қорақалпоғистон халқ артисти Т.Қурбонов ва бошқалар салмоқли ҳисса кўшдилар [4].

Мана шу жиҳатларни ўрганиш санъаткорда миллий колорит даражаларини билиш, уларни ижодий ишга сингдириш имконини беради. Бевосита театр санъати мана шу жиҳатларни ўзида қамраб олади. Бу санъат қорақалпоқ миллатининг миллий минталитетини тиклаш йўлида самарали хизмат қилмоқда.

Театрлар ўзига хос тарихий йўлни босиб ўтди ва фаолиятда давом этмоқда. Бу иш жараёнида ютуқларга эришилди, камчиликлар ҳам ўзига яраша. Энг муҳими, Бехбудий бобомиз айтганидек, “Театр – ибратхонадир”, бу мақсаддан узоқлашмаслик театрнинг эртанги кунини ва келажакини белгилайди.

Фойдаланган адабиётлар:

1. Алиева Н. Санъат – менинг ҳаётим – Т.: Ғ.Ғулом номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти, 1975.
2. Баяндиев Т. “Қорақалпоқ театри тарихи” Т.: ЎзДСМИ 2011 й. 152-бет
3. Бехбудий М. Танланган асарлар. – Т.: Маънавият, 2006
4. Станиславский К.С. Актёрнинг ўз устида ишлаши. – Т.: Бадиий адабиёт нашриёти, 1965.

Телефон +99891 3732318

Эл. Почта: gulchirahodjametova@mail.ru

Аннотация

Қарақалпақстандағы музыкалық мәдениет ұзақ тарихы бар, бүгінгі күні ауызша дәстүр бойынша бай музыкалық фольклор, кәсіби музыка, сондай-ақ 20-шы ғасырдың күрделі композиторлары бар.

Аннотация

Музыкальная культура Каракалпака имеет долгую историю и сегодня имеет богатый музыкальный фольклор, профессиональную музыку в устной традиции, а также сложные композиторы 20-го века.

Annotation

The musical culture of Karakalpak has a long history and today has a rich musical folklore, professional music in the oral tradition, as well as sophisticated composers of the 20th century.

ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛЫҚ ҚОСЫҚЛАРЫ ТӘРБИЯҒА КӨРСЕТИЛГЕН ӘХМИЙЕТИ

Ходжаметова Г.

ӨзМКӨМИ Нөкис филиалы доценти, тарих илимлеринин
кандидаты, Узбекистан

Қосықлар қарақалпақ халық музыка көркем-өнеринде кең раўажланған белгили жанрлардың бири болып есапланады. Халық өзиниң сыясы турмыс тиришилиги менен руўхый кейпин салт-сана хэм психологиясын өзінде синдирген тарихый ўақыяларға бай. Қосық адамларды хадал мийнет, шын дослық, беккем мухаббат қахарманлыққа руўхландырып, эстетикалық заўыққа бөлип келеди. Олар жалпы халықтың түсинигине, ойларына сай болып, адамлар қосық, саз арқалы өзлериниң қуўанышын, шадлығын, муң-шерин, арзыў, эрман-нийетлерин билдирип отырды. Өйткени сөз бенен жеткере алмайтуғын нәзик ойларды саз арқалы беріў анағурлым оңай хэм тәсирли болатуғынлығы хэммеге мәлим. Сонлықтан халық қосықлары өзи дәреткен халықтың турмыс тиришилиги менен бирге раўажланып келеди.

Қарақалпақ халық қосықлары Орта Азияның басқа халықларындай-ақ нота, жазыўы болмағанлықтан әўладтан- әўладқа, атадан- балаға дегендей, шәкиртлер устаз қуўып, шәкирттен устазға өтиў жолы менен бизиң заманымызға жетип келди. Оларды әсирлер бойы халықтың есинде сақлап киятырған музыка байлығының дәретиўшилери, сақлаўшылары, қосықшылар басқа да халық творчествосының ўәкиллери болды. Халықта хәр қыйлы дәрежедеги талант ийелериниң дәретпелериниң ең хасылы ғана сақланып, көркемчилиги төмен дәретпелердиң көбинесе қатарға ерип жүре алмай тез умытылып кеткенлиги мәлим. Себеби дәретпениң идеялық мазмунын халық массасының аўыл-ойы. Арзыў-эрманлары менен сабақлас болғанлары ғана есинде қалған [1. Б. 22-23].

Қарақалпақ халқы өзиниң аўыз-еки творчествосына, соның ишинде қосықлардың әлўан түрлерине оғада бай. Олар халықтың әсирлер бойы жүрегінде сақланып киятырған ойларын, жүрек шерин хэм кейпин аңлатыў менен бирге терең тарихый дереклерге ийе.

Халық өзиниң ишки сезимлерин тек нама арқалы ғана емес, нама менен тексттиң бирлеспеси болған қосық арқалы хәр тәрәплеме жеткерип бере алады. Мийнеткеш халық өзиниң қосық дәретпесинде турмыс хақыйқатлығын реал баян еткен. Елдиң бүлгиншиликке ушырап, талай мәртебе көшип қоныўына қарамастан өзиниң қосық дәретпесин қәдирлеп сақлай биледи. Ол хәр қандай қыйыншылық жағдайларда да халықтың руўхый байлығы болып хызмет етти. Сонлықтан халық өзиниң көркем-өнерин тек кеўил көтеріў ушын ғана емес, ал соның менен бирге азатлық, фәрезсизлик, хадал мийнет хэм жақсы турмыс ушын гүресинде өткир қурал сыпатында пайдаланды [2. Б. 167-168].

Қарақалпақ халық қосықларының тематикасы хәр қыйлы болыўы оның музыкалық жанры жағынан хәр тәрәпемелиги менен тығыз байланыста раўажланып келеди. Хәр бир қосық өзиниң поэтикалық тексти хэм мелодия екеўиниң бирикпеси болған- нама арқалы органикалық беккем байланыста дүзиледи. Хәр бир қосықтың тексти менен мелодиясы теңдей бағаға ийе болып бир мақсетти орынлаўға бийимленген. Халық қосықларының мелодиялық қурылысы поэтикалық текст қатарлары менен өз-ара тығыз байланыста болыўы менен қатар бирин-бири толықтырып, күшейтип отырады [3. Б. 117-118].

Мелодиялық уғымлардың кейни текст қатарларының ақыры менен ушласып поэтикалық цезура, мелодиялық цезура болып та есапланады.

Ретинде тағы да бир айтылатуғын нәрсе халықта «Қуры сөз қулаққа жақпас» дегендей намасыз қосықтың жалаң өзи сақланып қалмайды. Өйткени қарақалпақ қосық қурылысында тақмақ түри болмай, айтым қосықлары кең таралып, намаға салып айтылып келгенлигиниң өзінде қосықты бирден бир алып жүриўши хэм кең таратыўшы, умыттырмаўшы нама екенлиги буның айқын дәлийли бола алады. Хәттеки дәстанлардағы

Насрий (қара сөзлердің) айтылыу жағдайлары, бет ашар, нақыл-жууап айтыслардың өзінде де нағышлы интонацияларға салынып айтылатуғын мелодиялық ырғақларды көреміз. Қарақалпақ халық намаларында мийнет адамларының келешекке умтылыулары, арзыу-эрманлары, тарийхый ўақыялар, үрп-әдетлер, хадал-мухаббат хәм муң шерлери сүүретленеди.

Қарақалпақ халық намаларының музыкалық жақтан анализлеу исине өзбек музыка изертлеушиси И.Ақбаров өзиниң «Қарақалпақ халық намалары» топламына жазған алғы сөзінде бир қатар пикирлер айтылады. Ол қарақалпақ халық намаларын «қосықлар» хәм «дәстанлар» деп еки топарға бөледі, сондай-ақ қарақалпақ халық намаларының өзгешеликлери, оның мелодиялық, ритмикалық қурылыслары хәм оның басқа халықлардың музыкасы менен байланысы ҳаққында бир қанша бахалы пикирлер келтиреди [4. Б. 390].

Халық намаларының В.Шафранников тәрәпинен таярланған «Қарақалпақские народные песни» топламында қарақалпақ халқының қосықларын белгилі бир системаға салып, оларды бир қанша типге бөледі: лирикалық, эпикалық, тарийхый, социаллық протест, ойын-күлкі хәм сазлар т.б. В.Шафранников қосықларды усылайынша типлерге бөлиўди қосық текстиниң мазмунына қарай бөлмей, намасының характерине қарай бөлиўге ҳәрекет еткен. Қарақалпақ музыка изертлеу жұмысында булай етип типлерге бөлиў композитор В.Шафранников тәрәпинен исленген дәслепки баслама болды. Бырақ тилекке қарсы қарақалпақ халқы арасында кең таралып, сүйикли дәрәтпеси болған дәстүр-салт қосықлары буған киритилмеген.

Қарақалпақ халық қосықларын жанрлық жақтан бөлиўди алды менен халық музыкасының атқарыушыларының, бақсы, жырау, сазенде, қыссахан, қосықшы т.б. болып бөлиниўлерине қарай оны халық қосықлары хәм қарақалпақ халық композиторларының дәрәтпелери де еки үлкен топарға бөлиў зәрүрлигин изертлеу жуўмақларымыз анық көрсетеди. Халық қосықларының мийнет, тарийхый. Ўатан хәм ўатанды сүйиў, дәстүр-салт (бесик жыры, хәўжар, ярамазан, жоқлау, сыңсыў), мухаббат қосықлары, қызлар қосықлары, динге байланыслы қосықлар т.б. бир қанша түрлери ушырасады. Олар кең халық массасының атқарыуына ылайық болып, атқарыушыдан аўыз еки профессионал музыкасы сыяқлы айырықша қәнигеликти талап етпейди. Халық қосықларын қосық айтыуға уқыбы бир қәлеген адам атқара бериўи мүмкин. Халық қосықларының текстиде, намасыда қыйнаған турмыстан дәрәген коллективтиң мийнети, оны дәрәтиўшиде, атқарыушыда халық [5. Б.128.].

Пайдаланған әдебиятлар

1. Адамбаева Т. «Қарақалпақ музыкасы тарийхынан». «Қарақалпақстан» 1991-ж. 22-23 б.
2. Ақбаров И. «Қарақалпақ халық намалары» «Қарақалпақстан» 1991-ж. 167-168 б.
3. Аманиязов Ғ. «Халық сүйген қосықлар» «Билим» 1991 ж.117-118 б.
4. В.Шафранников «Қарақалпақские народные песни» Москва: Музгиз, 1959. 390 с.
5. Сайтбекова С. «О жанрах каракалпакских песен». //Вестник ККО АН РУз. 2004. № 1-2. — С. 128.

Аннотация

Өлеңдер - Қарақалпақстандағы ең танымал халық музыкасының жанрларының бірі. Халық бай тарихы мен психологиясы бар саяси оқиғаларға толы.

Аннотация

Одним из знаменитых жанров каракалпакского народного музыкального искусства считается песня. Народ богат своим политическим бытом, живностью, духовной культурой и психологией впитавшийся своими историческими событиями.

Annotation

Song is considered to be the most-known genres of Karakalpak folk. People rich in its political life, wildlife, spiritual culture and psychology ingrained its historical events.

Түйінді сөздер: Қарақалпақ халық музыкасы, сахна, музыкалық өнер, Қарақалпақ халық әні, халық әртісі, жанр.

Ключевые слова. Каракалпакская народная музыкальная культура, сцена, музыкальное творчество, каракалпакская народная песня, народный артист, жанр.

Keywords. Music culture of Karakalpak's folk, scene, musical creativity, Song of Karakalpak's folk, people's artist, genre.

ФИЛОЛОГИЯ
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ: ҚАЗАҚ, ОРЫС, ШЕТ ТІЛДЕРІ

ӘОЖ 81,42:81,367:81.512.122

ГРАФИКА ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ
ӘЛПБИІ ТУРАЛЫ

Байтелиев А.Ә.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.

«Графика» сөзінің екі лингвистикалық мағынасы бар: 1) «ауызша сөйлеуді беру үшін қолданылатын жазбаша тәсілдер жиынтығы» және 2) «әріптердің, таңбалардың кескіні». Кез келген жазу өз табиғатынан - семиотикалық (таңбалық жүйе, онда ойды көру арқылы жеткізу тәсілдері қоршаған ортаға байланысты танылатын сигналдар болуы немесе шартты таңбалар болуы мүмкін. Кәдімгі жазу, тар мағынасындағы жазу - графикалық кескіндік жазу.

Тіл мен жазудың қарым-қатынасы мәселесіне И.А. Бодуэн де Куртэннің еңбектерінде біраз көңіл бөлінген. Ол өз еңбектерінде графикаға, алфавитке және орфографияға анықтама береді және олардың принциптерін тұжырымдайды. Оның пікірінше графика ғылыми болу үшін, ол түгелдей әріптік болуы және төмендегідей принциптерге негізделуі тиіс: 1) әрбір тілдік дыбыс ерекше, дербес әріппен кескінделуі тиіс, 2) әрбір кескіндеме барлық жағдайда бір, тек бір ғана дыбысты білдіруі тиіс, 3) әрбір дыбыс барлық жағдайда бір, тек бір ғана кескінмен берілуі тиіс, 4) жазуда оқылмай қалатын ешқандай кескіндеме болмауы керек, 5) барлық дыбыс белгіленуі керек, б) дыбыстардың бірегей өзгеру түрлері, бірегей сапалық өзгерістері бірегей кескіндеме түрлерімен белгіленуі тиіс (егер мұндай өзгерістерді белгілеуге арналған дербес әріптер жоқ болса), 7) жазу кезінде болмаған я мүмкін емес нәрсені білдіруге талпынбай, тілде бар нәрсені жазуға тырысу керек [1, 79].

Тәжірибеде аталған талаптардың барлығына жауап беретін графика жоқ. Фонемалық және графикалық құрамы бір-біріне сай келетін бірде-бір тіл жоқ. Егер ғылыми графиканың талаптары орындалып отырса, жазба әріптер ережелерін қолдануға, бірге, бөлек және дефис арқылы жазуға, тасымал ережелеріне қажеттілік болғандай жағдайда да, орфографияның көптеген ережелерінің қажеті болмаған болар еді.

Жеке графикалық жүйелер әртүрлі дәрежеде кәдімгі ғылыми графикаға жуықталған. Фонемалық құрам мен алфавиттің арасындағы сәйкестік - графиканың маңызды белгілерінің бірі.

Фонологияның негізгі тұлғасы - фонема, ал графиканың негізгі тұлғасы - графема. Фонема мен графика тіл және жазу, естілім - айтылым және жазба-көрініс жақтарының сәйкестігі тұрғысынан бір-бірімен байланысты. Айтылым фонемамен, дыбыспен, ал графема жазумен, әріппен байланысты.

Графемалар - тілдің жазба формасының кіші-гірім тұлғасы және фонеманың әріппен берілуі.

Қазіргі лингвистикалық әдебиеттердегі "графика" және "графема" терминдерінің жалпыға ортақ анықтамасы жоқ. Графика мен графемаға екі түрлі көзқарас тілдің ауызша және жазбаша формаларының өзара қарым-қатынасын түрліше түсінуден туындаған. Бұл екі түрлі түсініктің екеуі де И.А. Бодуэн де Куртэннің көзқарасымен байланысты. Кейбір ғалымдар тілдің жазба формасы оның ауызекі түріне бағынышты екендігін басты фактор деп есептейді де, графикалық құрамды фонемалық құрамның негізінде сипаттауды және қарастыруды құптайды.

Тілдің графикалық құрамы фонемалық құрамынан кейін жасалған, себебі тілдің жазба формасы ауызекі түрінен (сөйлеуден) кейін туған, және де графема, фонеманың

әріптік белгілеушісі ретінде, графиканың тұлғасы (бірлігі) болып табылады. Графика туралы бұл пікірді Л.В. Щерба қолдайды. Ол: "алфавиттің ережелерін, яғни сөздердің қалай жазылатындығына қарамастан, тілдің фонемаларының таңбалану тәсілдерін орфографиядан, яғни нақты сөздердің жазылу тәсілдерінен ажырату қажет" [2,89], - дейді.

Фонемаларды және олардың тіркесімін жазуда беру - графиканың маңызды қызметі. Сөйлеу, айтылым оптика - графиканың (көзге көрінетін, көру арқылы қабылданатын) тәсілдерімен беріледі, бірақ кез келген графикалық тәсілдің бәрі бірдей сөйлеу арқылы беріле бермейді. Сондықтан графиканы тілдегі фонемаларды және олардың тіркесімін таңбалайтын тәсілдер жиынтығы ретінде анықтау жеткіліксіз сияқты. Графиканың міндеті – сөйлеудің мағынасын жазба тәсілдермен беру және айтылымды таңбалау. Графика - тілдің жазба формасының тәсілі. Бір, тек сол бір, мағына сөйлеудің ауызша және жазбаша формасы арқылы берілуі мүмкін. Айтушыны тыңдасақ та, оның айтқанын оқысақ та, біз сол туралы ақпаратты ұғамыз, тек бірінші жағдайда ақпаратты есту арқылы қабылдаймыз да, ал екінші жағдайда - көру арқылы қабылдаймыз. Есту және көру арқылы қабылдаудың арасында кейбір ерекшеліктер болуы мүмкін, себебі сөйлеуде қайсыбір мағыналық астарды интонация білдірсе, жазба түрінде мағыналық жақтарды тыныс белгілері т.б. таңбалар беруі мүмкін. Интонация мен тыныс белгілерінің арасында фонемалар мен әріптердің арасындағыдай тиянақты әртүрлі сәйкестілік заңдылықтары жоқ. Сондықтан, айтушыны тыңдағанда қабылдаған мағына мен оның жазба түрін оқығанда қабылданатын мағына арасында алшақтық болуы мүмкін. Мұндай алшақтықтың болуы себебі жазба түріндегі мағына және тыныс белгілері мен таңбалық ерекшеліктер арасында, сөйлеудегі мағынаны білдіру мен интонация арасында қатал сәйкестіктің жоқтығында.

Қарапайым түрде тікелей шартты таңбалар жүйесін пайдалануда (мысалы транслитерацияда, Морзе әліппесі таңбаларын аударуда) қабылдау жүйесі өзгермейді, өйткені қабылдау көру түрінде өтеді. Бұл жағдайда тілді білу міндетті емес. Ал айтылымды жазба түрге түсіруде қиындықтар туады. Тілді білмей тұрып, айтылымды жазба түрде, керісінше, жазба түрді айтуға мүмкіндік жоқ. Айтылым естілетіндіктен, ол фонологиялық құбылыс, сондықтан фонеманы есту арқылы қабылдау үшін, тілді білу қажет. Адамдар ана тілінің фонологиялық жүйесіне қатысты сөйлеу дыбыстарын әртүрлі естиді. Графика мен фонологияның тұлғалары әртүрлі айырым белгілерімен сипатталады (графемалардың айырым белгісі - оптикалық (көру) - графикалық фонеманың белгісі - артикуляциялық - акустикалық), сондықтан әрбір жүйені жеке-жеке сипаттау, талдау қажет. Бұл екі жүйенің элементтері бір-бірімен салыстыруға, олардың арасындағы сәйкестік пен алшақтықты табуға болады, бірақ тұтастай жүйелердің араларындағы сәйкестіктерді, алшақтықтарды салыстыруға, сипаттауға болмайды.

Жазба тілдің дербес кіші-гірім тұлғасы ретінде графеманың анықтамасы, сөйлеу мен оның жазбаша түрі арасындағы өзара қарым-қатынасты түсінудің басқа түріне де негізделіп, анықталып жүр. Бұл түсінік сөйлеу мен жазба тілдің дербестігін, олардың әрқайсысының өз алдына тұлғалары бар (фонологиялық және графикалық) екі бөлек деңгей екендігін тануға негізделген.

Тілдің ауызша және жазбаша формалары — екі түрлі семиотикалық жүйе. Таңба теориясы бойынша тіл мен жазу екі түрлі мәнді таңбалар жүйесі. Екі түрлі жүйе ретінде фонема мен графика жеке-жеке қарастырылуы тиіс. Графемалар - тілдің жазба формасының дербес тұлғалары. Сонымен қатар графемалар жазу жүйесінің тұлғасы, фонемалар мен аллофондар фонологияда қандай орынға ие болса, графемалар мен аллографтар (кескіндер) жазу жүйесінде сондай орынға ие, ал фонема мен аллографтардың арақатысы қандай болса, графемалар мен аллофондардың арақатысы да сондай. Сонда-ақ, графема тілдің жазба формасының кіші-гірім тұлғасы және фонеманың әріптік берілуі. Графиканың ең қарапайым түрі графема болып табылады, ол фонемаға сәйкес келеді.

Сонымен, қазіргі тіл білімінде графема туралы бірнеше көзқарас қалыптасқан. Олар: 1) Графема-фонеманың әріптік берілуі, 2) Графема - жазба тілдік деңгейдің дербес тұлғасы, 3) Графема - фонеманың оптикалық (көзбен көретін) белгісі, және де тілдің графикалық деңгейінің дербес тұлғасы деген анықтамалар. Графеманың екі маңызды жағын да қамтитындықтан, үшінші көзқарас нанымды тұжырымдалған. Графемада бірдемені білдіру жағы да, мазмұн жағы да бар. Графеманы оптикалық - графикалық белгілер анықтайды, олар маңызды, сонымен қатар олар графикалық және фонологиялық белгілерді, ауызекі және жазба тіл ярустарының айырмашылықтарын да көрсетеді [3,122]. Графемаларды графикалық элементтерге жіктеуге, оларды көзбен қабылдауға болады.

Графемалардың оптика-графикалық белгілері мен фонеманың артикуляция-акустикалық белгілері бір-бірімен өзара арақатысты емес. Фонемалардың белгілері одан бөлінбейді. Мысалы, қатандық, ұяндық т.б. нақты фонемасыз өмір сүре алмайды, фонемадан тыс оларды біз қабылдай алмаймыз. Ал графемалардың белгілерінің әрқайсысын жеке қабылдауға болады, мысалы, А таңбасын: а, А А деп таңбаласақ та, оны бір мағынада қабылдаймыз.

Фонема мен графема - тілдің екі дербес деңгейлерінің екі дербес тұлғалары. Қызметтерінде ортақ жақтардың болуына байланысты оларды салыстыруға болады. Олардың ортақ жақтары: олар бізге өз тәсілдері, фонема - акустика - артикуляциялық, графема - оптика - графикалық тәсілдері, арқылы ақпарат жеткізеді.

Графеманың маңызды белгісі оның тілдің жазба формасының кіші-гірім дербес тұлғасы болуында ғана емес, сонымен қатар, оның фонеманың оптикалық (көруге болатын) таңбасы болуында. Графемалардың кескіні - әріптер, ал әріптердің кескіндік әртүрлігі - аллографтар. А, Ә - әртүрлі әріптер де, А, А а,а - аллографтар. Бірақ оның барлығы (А,а, А,а) - бір графема. Әріптер де, аллографтар да фонемамен арақатысты емес, фонемамен арақатысты құбылыс - графемалар. Графемалар, тілдің жазба формасының кіші-гірім тұлғасы, фонеманың немесе фонемалар тіркесінің я фонеманың элементтерінің әріппен берілуі болып табылады (қазақ тілінде: бас, бес, бос, бөлме, бөлке; орыс тілінде: кон, конь, мел, мель т.б.).

Сонымен, графема - ақпарат беру үшін қолданылатын оптика - графикалық тәсілдердің жиынтығы. Кең мағынасында графиканы бөлек графикалық деңгей ретінде саралауға болады. Ол деңгейдің құрамына белгілі бір фонетикалық және фонематикалық құбылыстарды білдіретін графемалар мен байланыстырушы таңбалар енеді. Сонымен қатар, графика аясында пунктуациялық деңгейді бөлуге (тыныс белгілері, шрифттік ажыратудың әр-түрлі графикалық тәсілдерін) болады. Графикалық деңгей фонемалық деңгеймен, ал пунктуациялық деңгей просодикалық деңгеймен арақатысты болып табылады. Жазу – тілдің әліпбиі. Қазіргі жазу түрлері сөз жазуынан, буын жазуынан әліпбилік жазуға қарай дамыған, жалпы иероглифтен әліпбиге дейін – әліпбиімен жазу пайда болды.

Міне әлем қолданатын латын графикасына қазақ жазуын көшіру басталды. Жазу – өркеиеттің негізгі қаруы. Жазу болмаған жағдайда әлем біз білетін күйде болмас еді. Жазудың негізі суретпен жазудан басталған. Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық бағдарламасымен жарық көрген «Тіл біліміне кіріспе» оқулығында жазу тілдің әліпбиі екендігі жақсы сөз болған [4,533]. Қоғамның қазіргі барлық жетістігі біздің елімізде қолданып жүрген кириллица жазуының арқасында келген. Қазіргі қалыптасып келе жатқан үрдіс көрсетіп отырғандай, латын әліпбиіне өткенде қазақ тілінің түркілік тіл бірлігіне жеткізбейтіндігі өз алдына, ол жағдай қазақ жастарын мемлекеттік тілден алшақтатып, жаппай ағылшын және орыс тілдерінің үстемдігінен де құтқара алмайтын сияқты, өйткені қазіргі күні қоғамда қазақ тіліне деген қажеттілік күннен-күнге азайып бара жатыр. Бірақ қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде Ата Заңда айқындалғаны анық.

Қазақтар да баласының болашағын ойлайды, сондықтан орыс тілін білмей, оны меңгермей біздің қоғамда өмір сүру қиындай бермек, өйткені қазір қоғамның барлық

құрылымында, барлық деңгейінде орыс тілінің өмір сүру үдерісінде қажеттілігі байқала бастады. Мемлекеттік тілді меңгеру қиындай түскен жағдайда, оның қажеттілігі анық байқалған жағдайда қазақтардың балаларын орыс мектептеріне беру үдерісі белең алатын тәрізді. Қазақстанда тұрып, қазақ тілін біле тұрып, өз мүмкіндігінді шектеу түсінікті болған жағдайда, қазақ тілінде сөйлеудің де, қазақша жазудың да қажеттілігі болмай қалатын қаупі де бар сияқты.

Әлі де болса кеш емес, біртіндеп қазақ тіліне, Мемлекеттік тілге, оны білуге республика азаматтарын міндеттеуді жоғары деңгейде қолға алып, заңдастыру қажет. Қазіргі жағдайда кирилшедегі қазақ әліпбиімен оқып тәрбие алған жас буынды латыннегізді әліпбиге үйрету оңайға түспесі анық және ұзақ процесс, өйткені қазақты жаппай сауатты, білімді еткен, өркенниетке жеткізген, әлемге танытқан кирилше әліпби. Осы әліпбиімен-ақ алдыңғы қатарлы озық елдердің қатарына қосылуға әбден болатындығы да белгілі, тіліміз өзінің мемлекеттік дәдежесіне осы жазумен көтеріле алмағаны белгілі, латын негізді әліпбиге өткеннен кейінгі кезеңде оның жағдайы қандай болары да белгісіз. Бірақ латыннегізді жазу қазақ тілін жаңғыртып, табиғи дыбыстық қалпына келері белгілі, сондықтан қазақ тілінің қажеттілігін арттыра беру талабы күн тәртібінен түспеуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Макарова Р.В. "Понятие графики и графемы". – Жинақ: "Система и уровни языка". - Москва, 1999.
2. Щерба Л.В. Фонетика французского языка. –Москва, «Рипол Классик», 2013.
3. Байтелиев А.Ә. Тіл теориясы негіздеріне кіріспе. Тараз, «Қарахан»,2016.
4. Фромкина В., Родман Р., Хайама Н. Тіл біліміне кіріспе. 10-басылым. Астана, 2018.

Аннотация

Мақалада жалпы графика, графема, жазу ұғымдарының тіл біліміндегі теориялық анықтамалары және қазақ әліпбиінің латын графикасына көшкендегі қазақ тілінің жағдайы қандай болатындығы туралы айтылған.

Аннотация

В статье рассмотрены теоретические определения понятий графики, графемы, письма в лингвистике и возможные ситуации после перехода казахского алфавита на латинский алфавит.

Annotation

The article deals with theoretical definitions of the concepts of graphics, graphemes, script in linguistics and possible situations after the transition of the Kazakh alphabet to the Latin alphabet.

ӘОЖ: 81'373.21

ТОПОНИМДЕРДІҢ ТРАНСОНИМДЕУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ДЕРИВАЦИЯНЫҢ РӨЛІ

(Атырау облысының жер-су атаулары негізінде)

Қожанұлы М.- ф.ғ.к., профессор

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ.**

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [1] еліміздің әрбір өңіріндегі ономастикалық атауларды жан-жақты зерттеуге жаңа серпін берсе, ал жер шарындағы атаулардың қойылуы мен даму тарихы туралы орыс ғалымдары

А.В. Суперанская, В.Э. Сталтмане, т.б.: «В связи с этим необходимо упомянуть двух о двух тенденциях топонимической номинации – оседлой и кочевой. Первая отмечена преимущественно у народов индоевропейской языковой семьи, вторая – урал-алтайской» [2,49 б.],- деп жазғандай, қазақ аталымдарының қойылуы және дамуын екі тенденцияда: көшпенділік және отырықшылық арқылы қатар өрбіп отырған деп қарауға болады.

Түркі тілдес халықтарында, әсіресе, қазақ халқында «көшпенділікке» қарағанда, «отырықшылық» кейін қалыптасты деген түсініктің басым екені ешкімге жасырын емес. Шынында солай ма? Тарих қойнауына үңілсек, олай емес. Мысалы, қазақта «Ауыл болсаң-қауым бол», «Бір қауым ел», «Қауым болды», т.б. деп келетін тұрақты тіркестердің өн бойынан рулық немесе рулық ұжым, рулық қауым («ауылдық қоғам») арқылы адамдардың бірте-бірте отырықшылыққа бейімделіп, қалыптаса бастағанын ескере бермейміз. Демек, жоғарыдағы ғалымдар пікірлерінен үнді-еуропа тілдер тобына жататын халықтарда «көшпенділіктен» гөрі «отырықшылық» басым болса, біздіңше, орал-алтай тілдер тобына жататын халықтарда «көшпенділік» және «отырықшылық» қатар дамып отырғанын, яғни «қауым», Н.Назарбаев сөзімен айтсақ, «бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі» [1] деген ойымен астасып жатқанын аңғарамыз.

Жалпы, қазақ аталымының қойылуы мен дамуында «көшпенділік» пен «отырықшылық» қатар пайда болды десек, тіліміздегі трансонимдеу (трансонимизация) процесінде бір кластан екінші бір класқа ауысып, жаңа объектінің атауы ретінде жұмсалуды сонау ертеден басталған құбылыс деп, Атырау өңірі аталымдарының (бұдан әрі – өңірлік аталым) трансонимдеу (трансонимизация) процесіндегі деривацияның (сөзжасамның) рөліне тоқталуды жөн көрдік.

Аталымдардың трансонимдеу процесіне тоқталмастан бұрын деривация терминіне қысқаша тоқталсақ, жалпы тіл білімінде деривация термині ұғымын ХХ-ғасырдың 30-жылдарында Е. Курилович енгізген болатын. Ол деривация теориясы арқылы деривация процесін линейные (сызық бойымен) және нелинейные (сызық бойымен емес),- деп екіге бөліп, лексикалық мағынамен және синтаксистік қатынастың аражігін ажыратуға, әсіресе, сөздердің семантикалық нәтижелерін жүзеге асыруға болатынын дәлелдеген болатын. Сонымен, деривация термині Сөздікте: «деривация (*анг.derivation, нем. ableitung, фр. derivation, <лат.derivatus*) – сөз тудыру, сөз жасау процесі. Деривация түбір сөзге қосымша жалғау арқылы жасалады...» [3,53 б.],-деп берілсе, ал Интернетте: «деривация (*лат.derivation – отведение, отвод*). Образование новых слов при помощи аффиксов или безаффиксным способом» [4],- делінген. Ал деривациялық мағына деп, өз алдына дербес қолданылмайтын сөзжасам жұрнақтары білдіретін үстеме мағына. Ол арқылы сөздің лексикалық мағынасына өзгеріс кіріп отырады: *көл - көлшік, мал – малыш* [5, 88 б.], - дегендей, қосымшалар арқылы о бастағы негізгі атау (номинатив) мағынасынан ауытқыған сөздер. Екінші сөзбен айтқанда, атау (түбір) сөздің мағынасы, оның туынды сөз жасауға қатысы, негізгі түбір сөзге сөз түрлендіруші және сөз тудырушы (сөзжасам) жұрнақтар арқылы жаңа мағынаға ие болып, о бастағы негізгі атау (номинатив) мағынасынан ауытқыған сөздердің, яғни аталымға (түбірге) қосымшалардың жалғану, қосылу заңдылығынан туған жаңа атау мағынасында дериваттың тілде атқаратын қызметі мен оның маңызын, мән-мағынасының өзгерген бастапқы және кейінгі бірліктердің нәтижесі екенін анық көреміз.

Өңірлік аталымдардың трансонимдеу (трансонимизация) процесіндегі түрленуін, тілімізде қалыптасқан дериват (сөзжасам) процесін сызық бойымен өзгерген мағынасы аясында қарастырдық. Сонымен:

Байбақты- *кен орны., жайл., құд., Қ.-қоға ауд.:* аталым құрамы екі компоненттен тұрады: *бай* және *бақты*: Бірінші компоненттегі *бай* (мағынасы: байлық), ал екінші компоненттегі *бақ* (мағынасы: бағу мәнінде) + *-ты* (етістіктен етістік тудырушы жұрнақ, мағынасы: бақты), *бай* және *бақты* сөзінің бірігуінен негізгі сөздің лексикалық

мағынасын сақтап, туынды сөз жасалған – *Байбақты* (мағынасы: алғашқы да адам аты, кейін ру атына айналған).

Бөрілі- *қайыр, қыст., Исат. ауд.:бөрі* (мағынасы: қасқыр) + *-лі* (зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ, мағынасы: көп қасқыр), сөйтіп, негізгі түбір зат есімнен туынды сөзге айналған – *Бөрілі* (мағынасы: қасқыры көп кездесетін жер).

Білеулі- *жайл, құд., Мақ. ауд.:біл* (мағынасы: бір нәрсені білу мәніндегі негізгі түбір етістік) + *-еу* (мағынасы: соя, адырайған, сөйтіп, негізгі түбір салт етістіктен туынды сөзге айналса) + *-лі* (туынды сөздің лексикалық мағынасы толық сақтап, оған қосымша мағына үстеген) – *Білеулі* (мағынасы: адырғайған жерлері көп).

Еңбекші- *жайл, қыст., Құрм. ауд.:еңбек* (мағынасы: жұмыс, қарекет абстрактылы есім негізде сөз) + *-ші* (абстрактылы мағыналы негіз сөзден пайда болған туынды сөз) – *Еңбекші* (мағынасы: абстрактылы есім).

Көздіқара - *ауыл, Мах. ауд.; өз., Қ.-қоға ауд.:көз* (мағынасы: адамның, жан-жануардың көру мүшесі мәніндегі абстрактылы есім) + *-ді* (зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ, мағынасы: бір нәрсенің шыққан жері, сөйтіп негізгі түбір зат есімнен туынды сөзге айналған) және *қара* сөзінің бірігуі арқылы (мағынасы: бір нәрсенің шыққан жерін қарау) – *Көздіқара* (мағынасы: бір нәрсенің шыққан жерін қарау).

Қоңыраулы- *ауыл, қыст. Қ.-қоға ауд.:қоңыр* (мағынасы: қара мен қызыл аралығындағы қою күрең түс, сын есім) + *-ау* (сын есімнен зат есім тудырушы жұрнақ, негізгі түбір сын есімнен туынды сөзге айналған)= *қоңырау* (мағынасы: ішіндегі тербеліп тұратын білеу арқылы дыбыс шығаратын құрал) + *-лы*(зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ, негізгі сөздің лексикалық мағынасы туынды сөзге толық сақталған, бірақ оның үстіне туынды сөзде мағына қосылған) – *Қоңыраулы* (мағынасы: қоңырауы көп жер).

Қоянды- *ауыл орны., құд., Құрм. ауд.:қоян*(мағынасы: «1. Кеміргіштер тобына жататын ұзын құлақ сүтқоректі жабайы әрі үй хайуаны» [6, 526 б.]) + *-ды* (зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ, немесе көптік мәнді қосымша, мағынасы: қояны көп), негізгі түбір зат есімнен туынды сөзге айналған - *Қоянды* (мағынасы: қояны көп кездесетін жер).

Құлынкеткен- *құд., қыст., Қ.-қоға ауд.:аталым құрамы екі компоненттен тұрады: құлын және кеткен.* Бірінші компоненттегі *құлын* (мағынасы: жаңа туған жылқы малының баласы), ал екінші компоненттегі *кет* (мағынасы: кету мәніндегі негізгі түбір етістік) + *-кен* (есімше мәндегі жұрнақ, мағынасы: қимыл-әрекеттің бұрын өтіп кеткенін білдіріп тұр), негізгі түбір етістіктен туынды етістікке айналған – *құлын және кеткен* сөзінің бірігуінен негізгі сөздің лексикалық мағынасын сақтап, туынды сөз жасалған – *Құлынкеткен* (мағынасы: құлынның кетуі немесе атау құлынның құдыққа түсіп кетуімен байланысты қойылған).

Сарайшық- *ауыл., ерт. қала орны., Мах. ауд.:сарай* (мағынасы: іші әшекейлі әсем, салтанат) + *-шық* (кішірейту мәндегі жұрнақ), сөйтіп, негізгі сөздің лексикалық мағынасы туынды сөзде толық сақталып, үстеме мағына қосылған - *Сарайшық* (мағынасы: кішігірім салтанатты сарай немесе ханның Кіші ордасы).

Тайсойған- *құмды алқап., ауыл., Қ.-қоға ауд.:аталым екі компоненттен тұрады: тай және сойған.* Бірінші компоненттегі *тай* (мағынасы: бір жастағы жылқы малы) және екінші компоненттегі *сой* (бір нәрсені сою мәніндегі негізгі түбір етістік) + *-ған* (есімше мәндегі жұрнақ, мағынасы: қимыл-әрекеттің бұрын сойғанын білдіріп тұр), *тай және сойған* сөзінің бірігуінен негізгі сөздің лексикалық мағынасын сақтап, туынды сөз жасалған – *Тайсойған* (мағынасы: ертеде тай сойылған жер).

Толтыр- *сор., т/ж. айырмасы., Жылыой ауд.:тол* (мағынасы: бір нәрсені толтыру мәніндегі түбір етістік) + *-тыр* (етістіктен етістік тудырушы жұрнақ, мағынасы: бір нәрсені толтыру мәніндегі туынды етістік) – *Толтыр* (мағынасы: бір нәрсені толтыру).

Топырақшашты - *өзен., бөгет., Қ.-қоға ауд.:аталым құрамы екі компоненттен тұрады: топырақ және шашты.* Бірінші компоненттегі *топырақ* (мағынасы: құм мәніндегі зат есім), ал екінші компоненттегі *шаш* (мағынасы: бір нәрсені шашу мәніндегі негізгі түбір етістік) + *-ты* (етістіктен етістік тудырушы жұрнақ, мағынасы: шашып

жіберді), негізгі түбір етістіктен туынды етістікке айналған – *топырақ* және *шапты* сөзінің бірігуінен негізгі сөздің лексикалық мағынасын сақтап, туынды сөз жасалған.

Осы жерде топонимнің екінші компонентіндегі *шапты* сөзінің түбірі *шап* сөзі к.-түркі тілінде қазіргі *тас* сөзі екенін, оның орта ғасырда Ташкент қаласының Шаш қаласы деп аталғаны тарихтан мәлім. Ономаст-ғалым Т. Жанұзақ атау құрамындағы *шапты* сөзінің мағынасы «тасты, тастақ жер» дегенді білдіреді [7, 211 б.],- деп жазады.

Біздіңше, *Топырақшапты* топонимінің екінші компонентіндегі *шап* сөзі - бір нәрсені шашу, бастапқы мағынасы болса, топоним құрамындағы *шап* сөзі - тасты, тастақ жер, кейінгі мағынасы деп қараған орынды. Аталым мағынасы: топырағы қаттылау жер.

Тұрлы- жайл., құд., Қ.-қоға ауд.:тұр (мағынасы: бір жерде тұрып қалу мәніндегі негізгі түбір етістік) + *-лы* (субстантивтенген мәндегі қосымша, мағынасы: толық мағыналы жеке есім түбір сөз), сөйтіп негізгі түбір салт етістіктен туынды сөзге айналған – *Тұрлы* (мағынасы: баласы жиі қайтыс бола бергендіктен, «тұрса» деген тілекпен адам аты қойылған).

Жоғарыдағы талдаудан байқағанымыздай, әрбір аталымның өзіне тән бір бүтін тұлға ретінде қызмет атқаруы, оның қосымшаларымен байланыстылығында. Яғни қосымшалар бірінен соң бірі, қалай болса солай қосыла бермей, тілдің ішкі заңдарына сүйеніп, белгілі бір жүйе бойынша рет-ретімен тіркесіп (мысалдан қараңыз), о бастағы негізгі атау (номинатив) мағынасынан ауытқыған сөздер (аталымдар) арқылы сөзжасам мен лексикологияның байланысынан олардың арасындағы белгілі бір қатынастар мен байланыстары айқындалады, заңдылықтары белгіленеді. Сондай-ақ, трансонимдеу процесіне қатысып тұрған қосымшалар табиғатына (түбір мен қосымшаға) жеке-жеке тоқталғанда, бұл құбылыстың мағыналық қасиеттерін сол лексемадағы қолданылу жиілігіне де қатысты болуы мүмкін.

Қорыта келгенде, дериват процесі тұтастай алғанда, сөзжасам жүйесіне өзара ұқсас болып келеді. Ол туралы «Қазақ грамматикасында»: «Атаулардың бәрі сөзжасам арқылы деген пікірден аулақ бола тұра, көпшілік атаулардың сөзжасам арқылы жасалатынын мойындау керек» [8,191 б.],- деп, одан әрі: «Туынды сөз бен негіз сөздің мағыналық байланысы сөзжасамдық мағынаның негізгі белгісіне жатады.

Туынды сөз жасалғаннан кейін, ол лексикологияның нысанасына айналады...» [8,194 б.],- деп жазғандай, дериват (сөзжасам) процесінде ономастикалық аталымдар мағынасынәртүрлі қырынан алып қарау және оларды бір-бірінен ажырата зерттеу, бір сөзбен айтқанда, атаулар тарихына тереңірек үңіліп, «шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табу» - уақыт еншісінде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy12_sayıp_2017.
2. Суперанская А.В., Сталтмане В.Э., Подольская Н.В., Султанов А.Х. Теория и методика ономастических исследований, М., 2009. – 256 с.
3. Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Изд. второе, испр. и доп. – А-Ата., 1966. – 208 с.
4. slovarionline.ru/malyiy-akademicheskii-slovar/pade/derivatsiya.1157.
5. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі - Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005.–440 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – А.: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.
7. Қазақтар//Казахи. А., 1998. – 480 б.
8. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. –784 б.

Аннотация

Автор қоғамда трансонимдеу процесі сонау ертеден басталғанын назарда ұстап, Атырау өңірі аталымдары негізінде трансонимдеу процесіндегі деривацияның (сөзжасамның) рөліне тоқталады.

Түйін сөздер: топонимдер, трансонимдеу (трансонимизация), деривация (сөзжасам).

Аннотация

В этой статье автор обращает внимание общественности на процесс трансономизации и рассматривает роль деривации (словообразование) в процессе трансонимы на основе топонимов Атырауского региона.

Annotation

In this article the author pays attention to public process transonomisation and considers the role of derivation (word-formation) in the process of transonyms on the basis of toponyms of Atyrau region.

ӘОЖ 81. 55

М 41

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ ТУЫНДЫ СӨЗ ЖАСАУҒА ҚАТЫСЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

Мырзабаева Н.А.

Shymkent жоғары педагогикалық колледжі, Шымкент қ.

Қазақ тілі өте бай тілдердің біріне жатады. Тілдің бай лексикасы үнемі толығып, дамып отырған. Тілдің лексикасының үздіксіз дамуы қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Қоғамның дамуы, адам санасының өсуіне байланысты өмірде жаңа заттар мен ұғымдар пайда болады да, оларды атау қажеттігі туады. Осы қажеттікті өтеу үшін, сөзжасам арқылы жаңа сөздер жасалады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде сөзжасам саласының соңғы жылдар көлемінде біршама жақсы зерттелуіне байланысты сөзжасамның негізгі теориялық мәселелері анықталып, жеке сала ретінде қалыптасты. Дегенмен, сөзжасамның көптеген мәселелері тереңірек зерттеуді қажет етеді. Солардың бірі- етістіктің сөзжасамдық қабілеті мәселесі болып табылады.

Тілде сөз жасауға қатысатын нақтылы тілдік бірліктер бар екені белгілі. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық бірліктердің бірі – түбір сөздер. Түбір сөз тілде түрлі қырынан қаралып жүргенімен, дәл сөз жасаушы негізгі тұлғалардың бірі ретінде әлі де толық зерттелді деуге келмейді. Ал түбірсіз ешбір сөз жасалмайды, сондықтан ол – сөзжасамдағы негізгі тұлға.

Түбір сөздің сөзжасам жүйесіндегі өзіндік белгілі қызметі бар. Алдымен түбірлердің сөзжасаушы тұлғалардың бірі ретінде танылуы оның жаңа сөздің мағынасын белгілеуде атқаратын қызметіне байланысты. Сөзжасам үрдісіндегі түбірдің негізі тұлға болып саналатын себебі түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің лексикалық мағынасына арқау болады, өйткені тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. Бұл тікелей тілдегі сөз таптарына байланысты.

Ендігі әңгімеміз де осы турасында болмақ.

Сөз таптарының да сөзжасамға қатысу қабілеті әртүрлі. Зерттеу еңбектеріне жасалған шолу зат есім, сын есім, етістіктер сөзжасам ісіне басқа сөз таптарынан әлдеқайда белсенді қатысатынын дәлелдеді. Зат есімнен етістіктің, сын есімнің жасалуы, керісінше

етістіктен зат есімнің жасалуы, сын есімнен етістіктің, зат есімнің жасалуы ертеден-ақ байқалып, барлық оқулықтарда, сөзжасамдық зерттеулерде дәлелденіп жүрген мәселе.

Бұл келтірілген деректер сөз таптарының сөзжасамға қатысу белсенділігінің түрлі екенін көрсетеді. Сөз таптарының сөзжасамға қатысы – бір сөз табындағы сөздің екінші сөз табына ауысып, көшіп отыратынына дәлел. Бір сөз табының сөз өз ішінде ғана емес, басқа сөз таптарының да жасалуына негіз болып, олар бірінен-біріне ауысып жатады. Түбір сөздер сөзжасамдық тәсілдердің барлық түріне де қатысады.

Қазақ тіл білімінде етістіктің сөзжасамдық тәсілдер арқылы жаңа туынды мағына беретін жағдайы морфология саласында қарастырылған екен, оның жаңа атау туғызу мүмкіндіктері сөзжасамдық ұя деңгейінде де аз зерттелмеген. Оның үстіне етістік негізді туынды сөздер жасауға сөзжасамның синтетикалық тәсілі аса белсенді екенін тілдік деректер дәлелдеп жүр [1].

Туынды сөздердің морфологиялық тәсіл арқылы жасалуы туралы ХІ ғасырдағы Махмут Қашқари зерттеулерінде кездеседі екен. Ол түбір сөздерде өзгерістер аз болатынын, бұл өзгерістер түбірдегі кейбір дыбыстардың алмасып айтылуы мен түсіп қалуы сияқты болып келетінін жазған.

Одан кейін түркологтар А. Я. Самойлович, В. А. Гордлевский, Н. К. Дмитриев, А. Н. Кононов, Н. П. Дыренкова, Н. А. Баскаков, А. К. Боровков, М. В. Насилов, В. В. Решетов, И. А. Батманов сияқты т.б. ғалымдар зерттеулерінде алғашқы деректер берілген. Оның үстіне әр кезеңде шыққан түркі тілдеріндегі грамматикаларда сөзжасамның тәсілдеріне қатысты ғылыми ойлар кездесіп қалады. Бұл зерттеу еңбектерде сөзжасам саласы жеке сала ретінде танылмағанымен, сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы жасалған туынды сөздер мен олардың тұлғалық құрамы жайлы айтылған.

Қазақ тіл білімінде етістік туралы ғылыми теориялық тұжырымдама жасаған А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н. Т. Сауранбаев, А. Ысқақов, А. Қалыбаева, И. Оралбаева, С. Исаев, Ә. Қайдар, Ж. Манкеева, Б. Қасым т.б. ғалымдар болатын.

Ғалымдар зерттеулерінде, негізінен, етістіктің синтетикалық тәсіл негізінде туынды сөз жасау процесі сөз болғанымен, оның сөзжасамдық ерекшелігі туралы толық мәлімет берілмеген.

Мұнда авторлар етістіктің күрделі сөзжасам жүйесі бар сөз табы екенін айта отырып, оның туынды сөздерге өте бай, етістік өз құрамын тілдің тарихи дамуы бойында толықтырып отырғанын атап көрсеткен. Етістіктің сөзжасам жүйесінде түрлі тәсілдер арқылы жасалатынын анықтап берген. Олар:

- синтетикалық;
- аналитикалық;
- семантикалық тәсілдер.

Етістіктің сөзжасамы туралы ғалым Н.Оралбаева еңбегінде былай деп жазады: "Етістік сөзжасамында барлық сөз табы негіз болып, сөзжасамдық бірлік қызметін атқарады. Олардан зат есім сөздерді, сын есімдерді, сан есімдерді, үстеуді, етістікті, одағайды атауға болады. Тіліміздегі барлық негізгі сөз таптары етістік жасауға негіз болады" [2.168].

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің негізгі тәсілдері бір жағынан сақтала отырып, екінші жағынан дами күрделеніп отырады. Тілдің сөзжасам жүйесіне сөзжасам тұлғалары, яғни сөздер жұрнақтар да жатады. Тілде сөз жасауға қатысатын нақтылы тілдік бірліктер бар. Сөз жасау әрекеті тілде бар бірліктің негізінде ғана атқарыла алады. Тілдік бірліктерге сүйенбей, жоқтан ешбір сөз жасалмайды.

Зерттеу еңбектеріне назар аудара отырып, сөз таптарының сөзжасамға қатысу белсенділігі әртүрлі екенін байқадық. Өйткені сөз таптарының сөзжасамға қатысы – бір сөз табындағы сөздің екінші сөз табына ауысып, көшіп отыратынына дәлел. Бір сөз табының сөз өз ішіндегі ғана емес, басқа сөз таптарының да жасалуына негіз болып, олар бірінен-біріне ауысып жатады. Түбір сөздер сөзжасамдық тәсілдердің барлық түріне де қатысады. Бірақ жоғарыда айтып өткеніміздей, етістіктің сөзжасамға қатысын анықтауға

арналған алғашқы пікірлер сөзжасамның синтетикалық тәсіліне, атап айтқанда сөзжасамдық ұялар мәселесіне байланысты екені белгілі болды.

Сөзжасамдық ұя туралы алғашқы ғылыми пікірлер "Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі" деген монографияда айтылған [3]. Бұл зерттеуде сөзжасамдық ұяға алғаш рет ғылыми анықтама берілген: "Қазақ тіліндегі негізгі түбірлердің сөзжасамға қатысу қабілетінің күштілігі сөзжасамдық ұядан анық көрінеді. Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады". Бұдан әрі бір ғана "бас" сөзінен туындаған 89 сөзжасамдық ұя талданып, сөзжасамдық ұяға енетін 143 туынды сөз көрсетілген.

Сөзжасамдық ұя туралы К.Құрманәлиев өзінің ғылыми зерттеуінде былай деп жазады: "Әр сөзжасамдық ұяның өз туынды сөздері болғандықтан, әр сөзжасамдық ұя өзінше бір күрделі құбылыс болып танылады" [4]. Бұл етістіктің сөзжасамдық ұяларын анықтау қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі екендігіне дәлел болады.

Етістікті сөзжасамдық ұя арқылы жасалған атаулардың саны да, сапасы да әр алуан болып келеді, Негізгі етістік арқылы етістіктер де, есім сөздер де жасала алады. Бір ғана етістік түбірі арқылы әртүрлі морфологиялық сападағы туынды сөздер жасала алатыны ғалымдардың зерттеу еңбектерінде айтылып та жүр. Бұған етістіктен басқа сөз таптарының жасалуына арналған ғалымдардың еңбектерін дәлел ретінде атауға болады, оларда «Етістіктен белгілі бір сөз табын жасайтын өнімді жұрнақтар» және «Етістіктен белгілі бір сөз табын жасайтын өнімсіз жұрнақтар» (үстеу мен сан есім, т.б. қоспағанда) деп көрсететін тармақшалар кездеседі емес пе?

Аталған еңбектерде етістікті сөзжасамдық ұяға енетін сөзжасамдық тізбектердің мағыналық құрылымы мен морфологиялық сипаты айқындалған. Бір сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің уәжделу дәрежесі нақты тілдік деректер негізінде талданған. Кейде етістікті сөзжасамдық ұяда неше сөзжасамдық тіркес пен туынды сөз болатыны нақты көрсетіліп, олардың мағыналық құрылымы берілген..

Тіпті етістікті сөзжасамдық ұяның ішіндегі туынды сөздердің сөзжасамдық жұбы мен сөзжасамдық сатыларының парадигматикалық және синтагматикалық сипаттары талданып, олардың араларындағы мағыналық уәжділіктің айқындылығы, мағыналық құрылымының түбір сөз мағынасына негізделетіні көрсетілген.

Осы тұста екеруге тиіс бір мәселе- қазақ тілінің етіс тұлғасы.

Етіс тұлғасын А.Б. Салқынбай сөзжасамдық тұлға ретінде зерттеген. Ол етісті анықтау үшін, ең алдымен, етістіктің грамматикалық категориясы бола ала ма, әлде бола алмай ма соны анықтауға ұмтылады да, одан әрі оның бірнеше шарттарын ұсынады [5].

Ғалым М. Оразов "етістіктің жұрнақтары арасында көп қолданылатыны, мағына жағынан бай түрінің бірі етіс жұрнақтары" деп атап көрсеткен [6.100].

Мағына жағынан бай болуының өзі оның сөзжасамдық мағынасымен байланысты. Бұл етіс тұлғаларының сөзжасамдық мағынасы бар екенін дәлелдеген деген қорытынды жасауға жетелейді.

Дегенмен бұл қысқа ғана жасалған шолу етістіктің сөзжасамға қатысты мәселесінің өз шешімін тапқанын көрсетпейді. Біз тек сөзжасамның синтетикалық тәсілі негізінде жасалған еңбектерге ғана назар аудардық.

Қорыта айтқанда, біз шағын мақаламызда етістіктен жасалған туынды сөздерді зерттеген еңбектердің бәрін толық анықтап, талдадық дей алмаймыз. Бірақ ғалымдардың зерттеулеріне сүйену арқылы олардың тек морфологиялық сипатын ғана емес, ең бастысы мағыналық құрылымы мен ондағы уәжділіктің деңгейін, дәрежесін айқындауға арналған еңбектердің жоқ еместігін байқадық.

Әдебиеттер:

1. Қазақ гаммаикасы. Астана, 2002.
2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы, 1989.

4. Құрманәлиев К. Сөзжасамдық ұя. Алматы, 1998.
5. Салқынбай А. Қимыл есімі және оның сөзжасамдық семантикасы. Алматы, 1996.
6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991.

Аннотация

Мақалада қазақ тіліндегі етістіктің туынды сөз жасауға қатысы мәселесінің зерттелуіне қысқаша шолу жасалған.

Аннотация

В статье дается краткий обзор изучения проблемы глагола в казахском языке.

Annotation

Бұл процесстің прогрессивтілігі жабық технологиялық тізбек құрумен айқындалады, онда титанның метал қалдықтары элементтік фтормен фторланған болады. Қалыптасқан фторид, жартылай фабрикат алынуы арқылы, сутегі қалпына келеді, ал бөлінген фторсутегі KN_2F_3 балқымасында электролизге ұшырайды. Бұл реакция арқылы фтор және сутегі бөлініп алынады. Сонымен қатар, газ фазасындағы TiF_4 сутегімен басқа әдістер арқылы жасау өте қиынға соғатын немесе мүмкін емес, әртүрлі пішіндегі бұйымдар мен қоспалар өндіруге болады. TiF_2 – тің сутектік қалпына келтіру процесі арқылы, газ фазасынан титан жабынын немесе балқымаларын әртүрлі мақсаттар қолданады.

Титан тетрафторидінен титан алудың сутектік жолына бірнеше белгілі кемшіліктер тән[5]. Олардың ең батысы, 900 С –қа дейін қыздырылған түтіктің ішкі бөлігіндегі қатты қалдықтарда немесе 1200С дейін қыздырылған реактор көлеміндегі субстарттың сыртқы бөлігіндегі қатты қалдықтарда да реакциялардың гомогенді ағыны байқалмайды[6]. Қарастырылып отырған, реактор көлеміндегі реакцияда гомогенді ағын тек 1400 С ден жоғары градустарда байқалады. Мұндай жоғары температураларда титан сутегінің қалпына келтіру процесі реактордың гидрофторлы ортадағы қарқынды кесіндісіне байланысты. Сонымен қатар, процессті жүргізу барысында субстратта тетрафторид титан газ ағынындағы сутекпен араласқан құрылымының төмен әрі түзу шығымы және реактордың төмен өнімділігі байқалады.

Біздің негізгі зерттеулеріміз, сілтілі металдардың төменгі эвтектикалық фторид тұздарының балқымасында, тетрафторид титанынан немесе гексафторотитан калийінен электрлік ыдырату арқылы жоғары дәрежелі таза титан ұнтақтарын алу жайын қарастырған[7].

Бұл мақсаттар үшін біз фторид тұздарының үштік эвтектикалық қоспаларын және практикалық қолданым үшін ұсынылған эвтектика $t = 472 \text{ C}$ -ие және хлорид тұздарының эвтектикасымен салыстырғанда электр өткізгіштігі жоғары[8].

Фторид тұздарының эвтектикасындағы TiF_4 немесе гексафторотитан калий (K_2TiF_6) электролиттік ыдырау нәтижесінде катодта жоғары дәрежелі таза титан ұнтағы, ал анодта элементтік фтор түзілісі реакция жүзінде бейнеленген.



Тәжербиелік электролиттік құрылым мынадай бөлімдерден тұрады:

Герметикалық электролизер -1, корпусы мен қақпағы тот баспайтын болаттан жасалған. Корпустың фланецтері және қақпағы ағынды сумен салқындалады ал тығыздалу резеңкенің көмегімен жүзеге асады. Анод қызметін тигель атқарады -2, ал катод таяқша түрінде қолданылған – 3. Анод пен катод жоғары сапалы графиттен жасалған. Маркасы АРВУ. 10 - 15 об % концентрацияға дейін араластыру үшін, анодта

бөліне бастаған F2 және катодтағы суытылған титанның қатты қалдықтарын, электролиттің фторид тұзының эвтектикалық балқымаларынан алғаннан кейін, электролизер корпусына баллоннан инертті газ (азот) түседі;

— Абсорберлер – 4, анодтағы элементтік фторды сіңіру үшін химиялық сіңіргішпен (ХП - И) немесе басқа да қатты сорбенттермен толықтырылған;

— Электрлі пеш – 5, фторид тұздарының (фторидтер Li, K және Na) эвтектикасын балқыту үшін және электролиз кезінде электролиттің берілген температурасын қалпында сақтау мақсатында. (500 С)

— Ваккумді сорғы - 6, жүйенің герметизациясынан кейін ылғал мен ауны жою үшін қолданылады;

— Бункер сыйымдылығы – 7, шығындылып жатқан заттың ұсынылуы, яғни тетрафторидтің. Ұсынылып отырған заттың мөлшерін білу үшін, сыйымдылық электронды таразыға орнатылған – 8;

— Инертті газды (азот) баллон - 9, процеске дейін немесе процесстен кейін жүйені тазалау;

— Түзеткіш құрылғы-10.

Процесс барысында артық қалдықтарды алдын алу үшін электролизер, абсорбер және вакуумді сорғы арнайы түтін сорғыны орнатады. Электролизердің сипаттамалары:

Өнімділігі 80 г/ч, TiO₂ бойынша;

Электролит температурасы 500.....550 С;

Эвтектика балқымасының қанықтылығы 4.....8%, TiF₄ бойынша

Тоқтың анодтық тығыздығы 0,09.....0,13 А/см²;

Тоқтың катодтық тығыздығы 0,42.....0,63 А/см².

Фторид тұздарының эвтектикалық қоспаларына толған және жинақталған электролизерді белгіленген вакуумдаудан кейін азотпен толтырып, тұздар еруінің температурасына дейін қыздырдық. (472 С). 7-бөліктен тұзды балқымаға TiF₄ қостық, 8 пайыздық концентрацияға дейін. Балқыту барысында қалыптасқан гексафторотитанкалийі түтікшенің сыртқы бөлігінде шығуды бітеп тастамас үшін, TiF₄ бөлшектеліп берілді 50.....10 г. Кейіннен TiF₂ берілген түтікшен, фторид тұзы балқымасының үстінен көтерді, бұл арқылы электролизер қақпағының тығыздығын барынша әлсіреттік. Электролизерді суыттық, содан кейін тетрафторид титаны берілген түтікшені графитті катодқа ауыстырдық.

Электролит балқымасын қыздыру үшін электр пешін – 5, іске қостық және графитті катодты фторидті электролитке батырдық. Электролизді графитті катод (таяқша) пен анодқа (тигель) жасау барысында үнемі тоқ жіберіп отырдық. Тоқ мөлшері 50....100 мА, кернеу – 2....10 В. Графитті катодта электролиз әдісін жасау барысында тұнба түзілді (фторид тұздарының балқымасындағы титан ұнтағы), ал анодта – тұнба түзілуін катодтағыдай болмады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Осаждение из газовой фазы / Пер.с англ. Под ред. К.Пауэлла, Д.Оксли, Д.Блочера. –М. Атомиздат, 1970-276с.

2. Иванов В. Е. Нечипоренка Е.П. Криворучка В.М. 1974.305с.

3. Раков Э.Г Велошка Н.А Аппаратура для фторидных процессов. 1974.18-23с.

4. Королев Ю.М. Столяров В.И. Восстановление фторидов тугоплавких металлов водородом. -М. Металлургия, 1981.184с.

5. Королев Ю.М. Рычагов А.В. Аппаратура для водородного восстановления галогенов редких металлов// СССР.Металлы-1978.40-46с.

6. Якименко Л.М. Металлургия и Металловедение чистых металлов. -М.Атомиздат, 1975. 230с

7. Карелин В.А., Карелин А.И. Фторидная технология переработки концентратов редких металлов. –Томск: Изд-во НТЛ, 2004.-184с.

8.Карелин В.А., Каменова О.В. Фторидный метод переработки рутилового концентрата// Известия Томского политехнического университета.-2006.-Т.309.№3.-С. 95-103.

Аннотация

Табиғи тотықты концентраттардан жоғары тазалығы бар метал титан ұнтағын синтездеу үшін жаңа фторлы әдіс ұсынылады. Процестің соңғы кезеңінде бірінші электролиз әдісі төмен балқу онда эвтектика сілтілік метал фтор тұз титан тетрафторидің декомпозициясы пайдаланылады. Осы әдісті өндірістік тәжірибеде қолдану зиянды химиялық заттармен қоршаған ортаны ластануын болдырмауға және арзан тазартылған металл титан ұнтағын алуға мүмкіндік береді.

Аннотация

Предложен принципиально новый фторидный способ синтеза высокочистого металлического порошка титана из природных оксидных концентратов. В завершающей стадии технологического процесса впервые использован электролитический метод разложения тетрафторида титана в низкоплавкой эвтектике фторидных солей щелочных металлов. Использование этого способа в промышленной практике позволит исключить загрязнение окружающей среды вредными химическими веществами и получить дешевый высокочистый металлический порошок титана.

Annotation

Fundamentally new fluoride method of synthesis of high-clean metal titanium powder from natural oxide concentrates has been proposed. In a closing stage of processing the electrolytic method of titanium tetrafluoride decomposition in soft eutectic of alkalis fluoride salts was used for the first time. Using this method in industrial practice allows excluding environment contamination with hazardous chemical substances and obtaining cheap high-clean metal titanium powder.

ӘОЖ 582
К 62

КИКОТЫ ӨСІМДІГІНІҢ ТҰРМЫСТАҒЫ МАҢЫЗЫ

Керімбекова Н.С., Менлибекова А.Т.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.

Киікоты - Қазақстанда Көкшетауда, Алтайда, Балқаш - Алакөл ойысында, Жетісу (Жоңғар), Күнгей, Іле Алатауларында, Қаратауда, көбінесе, тау беткейлерінде, сондай-ақ, далалық өңірлер мен шөлді жерлердегі аласа тау етектерінде өсетін бірнеше түрі бар өсімдік [1].

Біздегі киікоты өсімдігін шет елдер «Орегано» деп атайды екен. Бұл сөздің мағынасы «тау қуанышы» деген мағынаны білдіреді. Елімізде өсетін киікотының басым көпшілігі жабайы түрлері. Ал, шет елдерде киікотын арнайы бақшаларда емдік дәрі жасау үшін және сәндік үшін өсіреді. Сондықтан киікоты дәмдеуіші, оның латын тіліндегі атауымен аталады. «Орегано» дәмдеуішін көбіне шет ел асханалары көп пайдаланады. Мысалы, бәрімізге белгілі итальяндық пиццаға осы «Орегано» дәмдеуішін пайдаланады екен. Дәмдеуішті тағамға аса көп мөлшерде пайдалануға болмайды. Себебі, тағамыңыздың дәмін өзгертіп жіберуі мүмкін. Американдықтар киікотының құрамында карвакрол болуына байланысты, одан жасалған дәмдеуіштің тыныштандыратын және бас ауруын басатын қасиеті бар екенін дәлелдеген [2].

Киікотының керемет емдік қасиеті мен ерекше дәмін адамдар ерте кезден-ақ білген. Ас бөлмесінде, тек киікотынан жасалынған дәмдеуішті ғана емес, оның өзін де пайдалануға болады. Тағамға киікотының тек кептірілген түрі ғана пайдаланылады. Оны нан өнімдерін пісіруге, түрлі шәйлер мен сыра дайындауға, ет өнімдерін пісіруге, пицца және тауық, балық етінен дайындалатын сорпаларға пайдаланады. Киікотын тағамға пайдаланар алдында оның өткір және хош иісті екенін ескеру қажет. Сондықтан, бастапқыда аз мөлшерден ғана пайдалану қажет. Тағамыңыз дәмді, әрі хош иісін сақтау үшін, киікотыны тағамыңыз пісуге жақындағанда салыңыз. Мысалы, тартылған етке киікотын шәй қасықтың $\frac{1}{4}$ бөлігіндей ғана мөлшерде пайдаланыңыз. Кез келген сорпа түріне пайдаланғыңыз келсе, кептірілген киікотын дәкеге орап, сорпаның ішіне салып қоясыз. Тағамыңыз дайын болғанда, киікотын алып тастасаңыз болады. Қуырылған картоп немесе кеспелерге киікотын 1 шәй қасық мөлшерде қоссаңыз болады. Кептірілген киікотын аузы жабық ыдыста, бөлме температурасында сақтайды. Кей жағдайда киікоты өсімдігінің, аллергиялық реакция секілді, кері әсерлері де болуы мүмкін. Жүкті әйелдерге және неврологиялық аурумен ауыратын адамдарға киікотын пайдалануға болмайды [3].

Иісті киікотының емдік қасиеті мен химиялық құрамы. Иісті киікотынан парфюмерияда пайдаланатын эфир майы алынады. Киікотынан эфир майын алу үшін оны теріп алып, 30—40 С құрғақ жерде кептіру қажет. Киікотынның құрамында алкалоидтар, гликозидтер, қышқылдар (иілік заттар, эфир майлары, пигменттер) бар. Сонымен қатар киікотының құрамында аскарбин қышқылы мен таниндер бар. Киікоты шикізатынан 0,3-1,2% эфир майы алынады. Эфир майының құрамы: Тимол— 10 % карвакрол, сесквитерпеноидтар — 12,5 %, монотерпеноидтар — 5 %. Киікоты эфир майы түссіз немесе сарғылт түсті, хош иісті және өткір дәмі бар. Эфир майын парфюмерияда сабын, әтір, тіс пастасын жасауға қолданады (1-сурет) [4].



1-сурет. Киікоты өсімдігінен алынатын эфир майы

Киікоты өсімдігінен дайындалатын дәмдеуіш. Кептірілген киікотын пайдаланып, арнайы дәмдеуіш әзірлеуге болады. Құрамына қосылатын заттар күнделікті тұрмыста пайдаланылатын, адам ағзасына ешқандай кері әсері жоқ заттар. Дәмдеуіш құрамындағы заттар киікоты өсімдігімен ерекше үйлесім тауып, тағамға ерекше дәм және хош иіс береді. «Киікоты» дәмдеуішін дайындау үшін, барлық шөптер кептірілген, құрғақ болуы қажет. Дәмдеуіш құрамындағы заттарды, белгіленген мөлшерде ғана қосу қажет. Егер құрамындағы заттар ірі күйінде болса, оларды арнайы езгішпен немесе қолмен майдалауға болады.

Дәмдеуішті әзірлеу үшін, бізге төмендегідей заттар қажет:

1. Құрғақ базилик - 1 шәй қасық,

2. Кептірілген киікоты - 1 шәй қасық,
3. Сарымсақ ұнтағы - 2 шәй қасық,
4. Қара бұрыш - ½ шәй қасық,
5. Паприка - 2 шәй қасық,
6. Жасыл пияз ұнтағы - 2 шәй қасық,
7. Құрғақ тимьян - ½ шәй қасық,
8. Тұз - ¼ шәй қасық.

Алдымен, кептірілген киікоты, базилик және тимьян шөптерін майдалап, жақсылап араластырамыз (2 – сурет).

Үстіне қалған сарымсақ ұнтағы, қара бұрыш, паприка, жасыл пияз ұнтағы және тұзды қосып, араластырамыз (3 – сурет).



2 – сурет. Дәмдеуіш дайындау барысы



3 – сурет. Киікоты шөбінен дайындалған дәмдеуіш

Дайын болған дәмдеуішті арнайы ыдысқа салып, қалыпты бөлме температурасында сақтаймыз.

«Киікоты» дәмдеуішін ас үйде дайындалатын кез-келген тағам түріне қолдануға болады. Дәмдеуішті кез - келген ыстық тағам түріне, ет өнімдерінен дайындалатын тағамдарға және балық өнімдеріне қолдануға болады. Бұл дәмдеуіш ет және көкөніс өнімдерінен дайындалған тағамдарды дәмді етіп қана қоймай, тағамның жақсы сіңірілуіне, асқорыту жолдарының жұмысының жақсаруына көмектеседі. Сонымен қатар, артық салмақтан арыла алмай жүрген адамдарға, таптырмас дәмдеуіш [5].

Қымызды кермек иісті киікотымен ыстау. «Қымызды кім ішпейді, қызға кім көз салмайды?» - демекші, бірде апам күбіні киікотымен ыстап жатыр екен. Мәнісін сұрадық. «Қымыз баптай білу де өнер. Өзіндік әдістері бар», – дейді Ғалия апа. – Алдымен күбіні ыстық сумен тазалап, жуып аламыз. Сосын киікотымен ыстаймыз. Ол үшін шөпті тұтатып, күбінің ішіне түтін толтыру керек», — дейді. Жаңа сауылған сүтті күбіге құйып, бетін біраз уақытқа жауып қойды. Себебі киікотының хош иісі сүтке сіңуі керек, сонда ғана қымыз дәмін өзгертеді.

Күбіні киікотымен ыстау

1. Киікотын кептіріп әзірлейміз.
2. Күбіні ыстық сумен тазалап жуып аламыз (4 – сурет).
3. Күбіні ыстайтын орынды әзірлеп, киікотын жанып кетпейтін етіп шоқ қойып, киікотын түтіндетеміз (5 – сурет).



4 – сурет. Күбіні дайындау барысы 5 – сурет. Киікоты шөбін түтіндету

4. Киікотының түтініне алдымен күбінің піспегін 3-5 минут ыстап алу қажет.
5. Алдын ала әзірленген күбіні 10-15 минут түтіні шығып жатқан киікотының үстіндегі ысқа қоямыз (6 – сурет).



6 – сурет. Күбіні киікотымен ыстау барысы

6. Күбіні киікотының ыстынан алып, ішіндегі түтіндерін мүмкіндігінше шығармастан, 20-30 минут уақыт бетін жауып қою қажет.
 7. Киікотымен ысталған күбімен қымыз немесе айран пісуге болады.
- Күбіні киікотымен ыстау сусындарға ерекше иіс бере отырып, адам ағзасының тәбетін ашуға септігін тигізеді. Қымыз адам денсаулығына өте пайдалы сусын. Ол шөлді басып, қантамырды қордаланған зиянды заттардан тазартады. Күбіні киікотымен күніне 1 рет немесе екі күнде 1 рет ыстауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері (Ә.Іскендіров), «Қазақстан» баспасы – 1982;
2. "Origanum vulgare L. oregano". Plants Database, United States Department of Agriculture. Retrieved 30 January 2011.
3. П.С. Чиков. «Лекарственные растения» М.: Медицина, 2002.
4. Флора Казахстана Том 2 (М.С.Байтенов), Алматы – 2001, «Ғылым»
5. https://www.syl.ru/article/171436/new_priprava-oregano---chto-eto-takoe-primenienie-poleznyie-svoystva-oregano

Аннотация

Киікотының биологиялық ерекшеліктерімен танысып, емдік қасиеттеріне тоқталып, оның тұрмыстағы маңызы анықталған. Киікотының тұрмыстағы пайдасы туралы зерттеулер жүргізілген.

Аннотация

В данной работе исследуются биологические особенности душицы, польза для здоровья и лечебные свойства душицы. Проведены исследования о пользе душицы в быту.

Annotation

In this work are investigate biological particularities, of oregano, and health benefits, and [medicinal properties](#) for health of oregano. Conducted studies on the benefits of oregano in welfare.

ӘОЖ:

Б21.3.011.71

ТСР/ІР СТЕГІНІҢ ЗАМАНАУИ ЖЕЛІЛІК ХАТТАМАЛАРЫ

Шинышерава Ж.Б., Алтыбаев Ғ.С.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.

Қазіргі күнде әлемде миллиондаған компьютерлер қолданыста және оның 80 пайызы офистердегі кішігірім жергілікті желілерден бастап, Internet сияқты ауқымды желілерге дейінгі түрлі ақпараттық - есептеуіш желілерге қосылған. Компьютерлердің желілерге қосылуының бірнеше маңызды себептері бар, мысалы, ақпараттық хабарламалардың таратылу жылдамдығының артуы, пайдаланушылар арасындағы тез ақпарат алмасу мүмкіндігі, өз жұмыс орнында отырып-ақ хабарлама жіберу және қабылдау (факстар, е – mail хаттар және т.б.) жер шарының кез келген бөлігінен ақпаратты бір сәтте қабылдау, сонымен қоса түрлі бағдарламалық қамту бойынша жұмыс істейтін фирмалардың компьютерлерінің арасында ақпарат алмасу мүмкіндігі болды.

Есептеуіш желілердің мұндай потенциалды мүмкіндіктері өндірістік үдерістің өңдеу жұмыстары мен практика кезінде оларды ескермеуге болмайтындығын көрсетті.

Сондықтан қазіргі кезде ақпараттық есептеу желілерін ұйымдастыру барысындағы жұмыстар ғылыми-техникалық талаптарға сай өңделу керек [1].

Соны ескере отырып бұл мақалада компьютерді алыстан отырып желі арқылы басқару мүмкіндіктері қарастырылды. Желі байланыстары арқылы желідегі компьютерлерді басқару уақытты үнемдей отырып бір орында жұмыс ұйымдастыру қазіргі кездегі жаңа технологияның мүмкіндіктерін толықтай пайдалану болып табылады.

Біздің қарастырғалы отырған сондай моделдердің бірі OSI және оның ТСР/ІР сәйкестігі. Бұл моделдердің жұмыс жасау ережелері мен ақпаратты бір-біріне ауыстыру деңгейлерін ашып, салыстырамыз.

OSI – Open System Interconnection – Ашық жүйелердің байланысу моделі, бұл әртүрлі деңгейлерде (Day және Zimmerman, 1983) қолданылатын хаттамаларды халықаралық стандарттауға жасалған бірінші қадам болып табылады. OSI моделі көрші деңгейлер арасындағы байланыстар мен екі қосымша алмасу үрдісін нақты сипаттайды, және жеті деңгейлік желі архитектурасынан тұрады.



1 - сурет OSI моделіндегі және IP хаттамалары стегіндегі қабаттар

Бұл моделдегі ақпарат алмасу 1- суретте желілердің физикалық байланысуынан бастап қолданбалы бағдарламалық қамтудың алмасу хаттамаларына дейін көрсетілген.

OSI моделінің барлық деңгейлерінің қызметтерінің қысқаша сипаттамасын келтірейік:

1. Физикалық деңгей (Physical layer) – деректер биттерді кодтайтын электр импульсы, жарық байламы, электромагниттік толқындар түрінде беріледі және биттерді жіберудің физикалық арнасын құрастырады.

2. Байланысу (Data Link layer) – деректерді физикалық арналар арқылы өткізуді қамтамасыз етеді.

3. Желілік деңгей (Network layer) – маршруттау, деректер ағындарын басқару, жеткізу үшін хабарламаларды бағыттау, логикалық желілік мекенжайларды оларға сәйкес келетін логикалық желілік мекенжайларды және атауларды түрлендіруді қамтамасыз етеді.

4. Тасымалдаушы деңгей (Transport layer) – деректерді жұмысшы станциясы немесе сервердегі нақты қосымшаға жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл деңгейде порттарды адрестеу пайда болады.

5. Сеанстық деңгей (Session) – қосымшалар арасындағы сұхбаттар мен сессияларды құрады және басқарады. Қосымшалар бір байланыс шегіндегі әртүрлі деректер ағынын ажырата білуі тиіс.

6. Ұсынылу (Presentation layer) – мұнда деректер кодталады, қысылады немесе шифрленеді. Мысалы, хабарламаны жібере отырып, трафикті кеміту үшін алдын – ала қысып алу қажет.


7. Қолданбалы (Application layer) – қосымшалар арасындағы желілік қызметтерге қатынауға мүмкіндік беретін интерфейсдердің жинағын ұйымдастырады.

Әрбір деңгейден өткен кезде деректерге қосымша қызметтік ақпараттар қосылып жазылады. Бұл үрдіс инкапсуляция деп аталады. Әр деңгейдегі деректердің құрылымы әртүрлі болады және PDU (Protocol Data Unit) деп аталады. OSI моделінің жоғарғы үш қабатының деңгейі қосымшалар деңгейі деп аталатын бір деңгейге біріктіріледі. Бұл Веб клиент (браузер), Telnet клиент, Веб сервер, FTP сервер немесе біз пайдаланып отырған кез-келген бағдарлама болып табылады [2].

Біздің мақсатымыз - хаттамаларды пайдалануды түсіну үшін, желілік бағдарламалау тұрғысынан жеткілікті дерекпен және олардың нақты жобалануын, жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

TCP/IP моделі көбнесе хаттамалар стегін сипаттауға қолданылады. Хаттамалар стегі дегеніміз желі қызметін қамтамасыз ететін өзара әрекеттесуші хаттамалар жиыны. Желі

жұмысын әртүрлі есептерді жүргізе отырып, бір ғана IP хаттамасымен көрсету өте күрделі. Төмендегі суретте (2 - сурет) TCP/IP пакетіндегі хаттамалардың құрылымы көрсетілген.




2- сурет TSP/IP хаттамаларының құрылымы

TCP (Transmission Control Protocol) – бұл транспорттық деңгейдің ең кеңінен таралған түрі және деректерді қолданбалы үрдістер арасында өткізуді қамтамасыз етеді.

Бұл схемада желіге жетер деңгейде физикалық қондырғыларға өткізетін жолдың барлық хаттамалары орналасқан. Жоғарырақ желі аралық алмасу хаттамалары орналасады: IP, ARP, ICMP. Одан жоғарыда негізгі транспорттық хаттамалар TSP және UDP орналасады. Транспорттық деңгейдің үстінде қолданбалы деңгейдегі хаттамалар орналасады.

OSI классификациясына сүйене отырып TSP/IP хаттамаларының архитектурасын мына модельде көрсетуге болады (3-сурет).



Желі аралық TCP/IP стегі. TCP/IP хаттамаларының стегі төрт деңгейден тұрады:

- қолданбалы деңгей (application layer),
- транспорттық деңгей (transport layer),
- желілік деңгей (желіаралық), (Internet layer),
- каналды деңгей (link layer).

Бұл деңгейлердегі хаттамалар OSI моделінің барлық функционалдық мүмкіндіктерін жүргізеді. TCP/IP хаттамаларының стегінде IP-желілердегі қолданушылардың өзара әсерлесулері құрылған. Стек деректерді өткізудің физикалық ортасынан тәуелсіз болғандықтан, сымдық немесе сымсыз желілер арасындағы ашықтықты толық қамтамасыз етеді.

TCP/IP моделінің деңгейлері бойынша хаттамалардың үлестірілуі:

1	Қолданбалы (Application layer)	мысалы, HTTP, RTSP, FTP, DNS
2	Транспорттық (Transport layer)	мысалы, TCP, UDP, SCTP, DCCP (RIP, OSPF ұқсас маршруттау хаттамасы IP, желілік деңгей бөлігі болып табылады)
3	Желілік (желі аралық) (Internet layer)	TCP/IP бұл IP (қосымша хаттамалар ICMP және IGMP, IP жоғары жұмыс істейді, желілік деңгейге жатады; ARP хаттамасы каналды деңгейде жұмыс істейтін қосымша хаттама)
4	Каналды (Link layer)	Ethernet, IEEE 802.11 WLAN, SLIP, Token Ring, ATM және MPLS, ақпаратты кодтаудың физикалық ортасы және қағидаты, T1, E1

Қолданбалы деңгейде көптеген желілік қосымшалар жұмыс істейді. Бұл бағдарламалардың меншікті ақпарат алмасу хаттамалары болады. Мысалы, HTTP хаттамасы үшін интернет браузер, FTP хаттамасы үшін ftp-клиент (файлдарды өткізу), SMTP хаттамасы үшін электронды пошта, SSH(алыстағы машинаға қауіпсіз қосылу), DNS (символ аттарын IP-адреске түрлендіру) және тағы басқалар. Бұл хаттамалар TCP немесе UDP үстінен жұмыс істейді және белгілі бір портпен байланысады, мысалы:

- HTTP TCP-порт 80 немесе 8080,
- FTP TCP-порт 20 (деректерді өткізу) және 21 (басқарушы командалар үшін),
- SSMTP-порт 22,
- DNS сұраулары UDP портына (кейде TCP) 53,
- RIP хаттамасы бойынша маршруттарды жаңарту UDP-порт 520 [3].

Бұл порттарды хаттамалардың аты мен бірегей параметрлерін беретін агенттік анықтайды (IANA). Бұл деңгейге жататындар: Echo, Finger, Gopher, HTTP, HTTPS, IMAP, IMAPS, IRC, NNTP, NTP, POP3, POPS, QOTD, RTSP, SNMP, SSH, Telnet, XDMCP.

Транспорттық деңгей хаттамалары деректердің қандай қосымшаларға жататындығын анықтайды және желі жүктемелерін реттеуге мүмкіндік береді, қашықтағы деректерді күту уақытын кемітеді. Мұның UDP басты айырмашылығы осында. UDP ағымдық видео және компьютерлік ойындар сияқты қосымшаларда қолданылады.

Желілік (желі аралық) деңгей деректерді бір желіден екіншісіне өткізу үшін өңделген. Бұл деңгейде маршрутизаторлар жұмыс істейді, олар пакеттерді желі адресі бойынша жібереді. Мұндай хаттамалардың мысалына ARPANET желісіндегі X.25 және IPC жатады.

IP желілік хаттамасының пакеті деректерді пакеттен алу үшін келесі деңгей кодын сақтайды және бұл сан — IP-хаттамасының бірегей номері. Бұл деңгейге жататындар: DVMRP, ICMP, IGMP, MARS, PIM, RIP, RIP2, RSVP.

Каналды деңгей деректерді физикалық арналар арқылы өткізу үшін деректерді кодтау әдістерін сипаттайды. Каналды деңгей хаттамаларының мысалдарына жататындар: Enternet, IEEE 802.11 WLAN, SLIP, Token Ring, ATM және MPLS.

Желілік технологиялардағы хаттамалар ақпаратты өткізуге қатысатын әртүрлі жүйелер үшін (бағдарламалар, шлюздер, мәліметтер пакеттері және басқалар) бірдей қолданылатын ережелердің реттелмеген жинағы ретінде анықталады. Хаттамалардың арқасында осы жүйелердің өзара әрекеті алдын ала бекітілген сценарий бойынша жүргізіледі [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Крэйг Хант. TCP/IP. Сетевое администрирование, 3-е издание. - Пер. с англ. - СПб: Символ-Плюс, 2007ж. – 19-246.

2. Фейт Сидни. TCP/IP Архитектура, протоколы, реализация. Жанр: ОС и Сети Компьютеры и Интернет, 2000г. -56б.

3. Таненбаум Э., Уэзеролл Д. Компьютерные Сети. Питер, 5-е издание, 2012г. -552-554б.

4. Реймер С. Малкер М. Active Directory для Windows Server 2003. - М., 2004. -310 б.

Аннотация

Мақалада қазіргі кезде ақпараттық есептеу желілерін ұйымдастыру барысындағы жұмыстарды ғылыми-техникалық талаптарға сай өңдеп, компьютерді алыстан отырып желі арқылы басқарудың мүмкіндіктері қарастырылған. Желі байланыстары арқылы желідегі компьютерлерді басқару уақытты үнемдей отырып бір орында жұмыс ұйымдастыру қазіргі кездегі жаңа технологияның мүмкіндіктерін толықтай пайдалану болып табылады.

Біздің мақсатымыз - хаттамаларды пайдалануды түсіну үшін, желілік бағдарламалау тұрғысынан жеткілікті дерекпен және олардың нақты жобалануын, жүзеге асырылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Кілттік сөздер: OSI классификациясы, хаттамалар стегі, TCP/IP хаттамалары, желілік деңгей.

Аннотация

В статье рассмотрены возможности дистанционного управления компьютерами с удаленным доступом к сети, а также разработки работ по организации информационно-вычислительных сетей в современных условиях.

Управление компьютеров в сети через сетевые связи является организацией работы на одном месте с экономией времени и полноценное использование возможностей современных технологий.

Наша цель заключается в том, для того, чтобы понять использование протоколов, с точки зрения сетевого программирования обеспечение их достаточными данными и четкое проектирование, а также их реализация.

Ключевые слова: классификация OSI, стек протоколов, протоколы TCP/IP, сетевой уровень.

Annotation

The article deals with the possibility of remote control of computers with remote access to the network, as well as the development of work on the organization of information and computer networks in modern conditions. Management of computers in a network through network communications is the organization of work on one place with saving of time and full use of opportunities of modern technologies. Our goal is to understand the use of protocols, in terms of network programming, providing them with sufficient data and clear design, as well as their implementation.

Keywords: OSI classification, protocol stack, TCP/IP protocols, network layer.

ШТУРМ-ЛИУВИЛЛЬ ШЕКАРАЛЫҚ ЕСЕБІ

Бесбаева М.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.

Қазіргі таңда Штурм-Лиувилль есебі кеңінен қолданылуда. Себебі Штурм-Лиувилль есебі математикалық физика саласында айрықша орын алады және кеңінен қолданылады. Штурм-Лиувилль операторлары шамамен 1830 жылдан бастап зерттеле басталғанымен осы күнге дейін өзінің толық шешімін таба қойған жоқ [2]. Штурм-Лиувилль есебінің негізгі мақсаты $-y'' + q(x)y = z^2 y$ теңдеуінің біртекті $U_i[y] = a_{i1}y(0) + a_{i2}y'(0) + a_{i3}y(\pi) + a_{i4}y'(\pi) = 0$ шекаралық шарттарды қанағаттандыратын нөлге тең емес шешімдері болатын параметрдің сәйкес мәндерін табу.

$[0, \pi]$ кесіндісінде

$$-y'' + q(x)y = z^2 y, \quad (1)$$

$$U_i[y] = a_{i1}y(0) + a_{i2}y'(0) + a_{i3}y(\pi) + a_{i4}y'(\pi) = 0, \quad (i = 1, 2) \quad (2)$$

Шекаралық есебін қарастырайық, мұндағы $q(x)$ комплекс мәнді үздіксіз функция, ал a_{ij} ($i, j = 1, 2, 3, 4$) комплекс сандар, z^2 -спектрлі параметр, оның мәндері C -комплекс сандар жиынында өзгерсін деп есептейік.

Осы шекаралық есептің нөлден өзгеше шешімдері бар болған сәттегі $\mu = z^2$ параметрінің мәндерін меншікті мәндер, ал оларға сәйкес шешімдерді меншікті функциялар дейміз [3]. Есептің меншікті мәндер жиынын оның спектрі деп атаймыз.

Шекаралық шарттың түріне байланысты спектрдің болмауы, өңдеулі жиын болуы немесе бүкіл комплекс жазықтық болуы мүмкін. Мұнан басқа жағдай болуы мүмкін емес, мысалға спектрдің санаулы жиын болуы мүмкін емес.

Теорема. Егер шекаралық шарттар өзара сызықтық тәуелді болса, онда олардың коэффициенттерінен тұрғызылған мына

$$A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & a_{13} & a_{14} \\ a_{21} & a_{22} & a_{23} & a_{24} \end{pmatrix} \quad (3)$$

матрицаның барлық минорлары нөлге тең, яғни

$$\Delta_{ij} = \begin{vmatrix} a_{1i} & a_{1j} \\ a_{2i} & a_{2j} \end{vmatrix} = 0, \quad (i, j = 1, 2, 3, 4). \quad (4)$$

Керісінше егер барлық минорлар нөлге тең болса, онда шекаралық шарттар өзара тәуелді, яғни олардың сызықтық комбинациясы нөлге тең [4].

Дәлел. Егер шекаралық шарттар сызықтық тәуелді болса, онда k деген сан табылып, мына

$$a_{1j} = k \cdot a_{2j}, \quad (i, j = 1, 2, 3, 4).$$

теңдіктер орындалады. Онда

$$\Delta_{ij} = \begin{vmatrix} a_{1i} & a_{1j} \\ a_{2i} & a_{2j} \end{vmatrix} = \begin{vmatrix} k \cdot a_{2i} & k \cdot a_{2j} \\ a_{2i} & a_{2j} \end{vmatrix} = k \cdot \begin{vmatrix} a_{2i} & a_{2j} \\ a_{2i} & a_{2j} \end{vmatrix} = 0.$$

Керісінше шекаралық A матрицасының барлық минорлары нөлге тең болсын. Егер шекаралық матрицаның барлық коэффициенттері нөлге тең болса, онда тұжырым анық. Сондықтан кез-келген бағанды нөлден өзгеше болсын деп есептейік, айқындық үшін $|a_{11}| + |a_{21}| = 0$. Онда минорлардың нөлге айналу себебі:

$$\begin{pmatrix} a_{12} \\ a_{22} \end{pmatrix} = k \cdot \begin{pmatrix} a_{11} \\ a_{21} \end{pmatrix}, \quad \begin{pmatrix} a_{13} \\ a_{23} \end{pmatrix} = l \cdot \begin{pmatrix} a_{11} \\ a_{21} \end{pmatrix}, \quad \begin{pmatrix} a_{14} \\ a_{24} \end{pmatrix} = m \cdot \begin{pmatrix} a_{11} \\ a_{21} \end{pmatrix},$$

мұндағы k, l, m - комплекс сандар. Демек шекаралық A матрицасы мына түрге келеді:

$$A = \begin{pmatrix} a_{11} & ka_{11} & la_{11} & ma_{11} \\ a_{21} & ka_{21} & la_{21} & ma_{21} \end{pmatrix}.$$

Осы матрицаның бірінші жолын a_{21} -ге көбейтіп, ал екінші жолын $(-a_1)$ -ге көбейтсек сонан соң алынған нәтижелерді қоссақ нөлдік вектор аламыз.

$$c(0, z) = s'(0, z) = 1, \quad c'(0, z) = s(0, z) = 0 \quad (5)$$

шарттарға сай келетін теңдеудің шешімдерінің фундаменталді жүйесін $c(x, z)$, $s(x, z)$ арқылы белгілеп, оларды синус және косинус сияқты шешімдер деп атаймыз.

Бірінші теңдеудің (1) жалпы шешімі мынадай

$$y(x, z) = A \cdot c(x, z) + B \cdot s(x, z), \quad (6)$$

Мұндағы A, B комплекс сандар. Осы формуланы екінші шекаралық шартқа (2) апарып қойғанда, A, B белгісіздері үшін теңдеулер жүйесін аламыз.

$$\begin{cases} [a_{11} + a_{13}c(\pi, z) + a_{14}c'(\pi, z)] \cdot A + [a_{12} + a_{13}s(\pi, z) + a_{14}s'(\pi, z)] \cdot B = 0, \\ [a_{21} + a_{23}c(\pi, z) + a_{24}c'(\pi, z)] \cdot A + [a_{22} + a_{23}s(\pi, z) + a_{24}s'(\pi, z)] \cdot B = 0. \end{cases} \quad (7)$$

Егер бұл жүйенің анықтаушы нөлден өзгеше болса, онда $A = B = 0$, яғни z -тің бұл мәнінде шекаралық шарттарды тек нөлдік шешім ғана қанағаттандырады, басқаша айтсақ бұл z (1), (2) шекаралық шарттың меншікті мәні емес [1]. Сонымен егер белгілі бір z үшін (1), (2) шекаралық есептің нөлден өзгеше шешімі бар болса, онда (7) жүйенің анықтаушы z -тің осы мәнінде нөлге айналады, яғни

$$\Delta(z) = \begin{vmatrix} a_{11} + a_{13}c(\pi, z) + a_{14}c'(\pi, z) & a_{12} + a_{13}s(\pi, z) + a_{14}s'(\pi, z) \\ a_{21} + a_{23}c(\pi, z) + a_{24}c'(\pi, z) & a_{22} + a_{23}s(\pi, z) + a_{24}s'(\pi, z) \end{vmatrix} = 0. \quad (8)$$

Бұл анықтауышты таратып жазсақ мынадай

$$\Delta(z) = \Delta_{12} + \Delta_{34} + \Delta_{13}s(\pi, z) + \Delta_{14}s'(\pi, z) + \Delta_{32}c(\pi, z) + \Delta_{42}c'(\pi, z). \quad (9)$$

өрнек аламыз.

Сонымен (1), (2) шекаралық есептің әрбір меншікті мәні $\Delta(z)$ характеристикалық анықтауышының нөлі болады, ал бұл функция дәрежесі шектеулі функция болады.

C - комплекс жазықтықтың белгілі бір z_0 нүктесінде $\Delta(z_0) = 0$ теңдігі орындалсын делік [5]. Бұл сәтте екі түрлі жағдай болуы мүмкін:

- 1) Осы нүктеде $\Delta(z)$ анықтауышының барлық элементтері нөлге тең.
- 2) Анықтауыштың кемінде бір элементі нөлден өзгеше

Бірінші жағдайда кез-келген A, B үшін (6) функция (1), (2) шекаралық есептің шешімі болады, демек меншікті функциялар жиыны $c(x, z_0)$, $s(x, z_0)$ векторларынан туындаған екі салалы кеңістік. Бұл сәтте біз z_0 меншікті мәнін екі еселі дейміз.

Керісінше, егер меншікті мән екі еселі болса, яғни (7) теңдеулер жүйесінің сызықтық тәуелсіз екі шешімі болса, онда (1) теңдеудің кез-келген шешімі меншікті функция болады.

Мысалға, $A = 0, B = 1$ және $A = 1, B = 0$ десек $c(x, z_0)$ және $s(x, z_0)$ деген меншікті функцияларды аламыз. Онда (7) теңдеулер жүйесінен, характеристикалық анықтауыштың барлық элементтері нөлге айналады.

$$\begin{aligned} a_{11} + a_{13}c(\pi, z_0) + a_{14}c'(\pi, z_0) &= 0, & a_{12} + a_{13}s(\pi, z_0) + a_{14}s'(\pi, z_0) &= 0, \\ a_{21} + a_{23}c(\pi, z_0) + a_{24}c'(\pi, z_0) &= 0, & a_{22} + a_{23}s(\pi, z_0) + a_{24}s'(\pi, z_0) &= 0. \end{aligned} \quad (10)$$

Сонымен $c(x, z_0)$, $s(x, z_0)$ функцияларының екеуі де (1), (2) есептің меншікті функциялары болған сәтте ғана z_0 -меншікті мәні екі еселі болады.

(7) жүйесінің теңдеулері сызықты тәуелді ($\Delta(z_0) = 0$) болғандықтан олардың біреуін қарастыру жеткілікті, айқындық үшін A -ның коэффициенті нөлден өзгеше болсын, онда (7) жүйесін бірінші теңдеуден аламыз:

$$A = -\frac{a_{12} + a_{13}s(\pi, z_0) + a_{14}s'(\pi, z_0)}{a_{11} + a_{13}c(\pi, z_0) + a_{14}c'(\pi, z_0)} \cdot B.$$

Демек бұл сәтте меншікті функция мынадай

$$y(x, z_0) = \left[s(x, z_0) - \frac{a_{12} + a_{13}s(\pi, z_0) + a_{14}s'(\pi, z_0)}{a_{11} + a_{13}c(\pi, z_0) + a_{14}c'(\pi, z_0)} \cdot c(x, z_0) \right] \cdot B, \quad (11)$$

болады, мұндағы B - кез келген нөлден өзгеше комплекс сан. Осы формуладан, бұл сәтте меншікті функциялар кеңістігі бір салалы екенін байқаймыз.

Теорема. Егер шекаралық шарттар сызықтық тәуелді болса, онда бүкіл комплекс жазықтық (1)-(2) есептің спектрі болады.

Дәлел. Бұл сәтте меншікті мәндер мен меншікті функцияларды анықтауға тек бір ғана теңдеу бар болады, ол мынадай

$$[a_{11} + a_{13}c(\pi, z) + a_{14}c'(\pi, z)] \cdot A + [a_{12} + a_{13}s(\pi, z) + a_{14}s'(\pi, z)] \cdot B = 0.$$

Егер белгілі бір z үшін бұл теңдеудің екі коэффициенті де нөлге айналса, онда бұл мән екі еселі меншікті мән болады, басқа жағдайда жай меншікті мән болады.

Мұнан әрі қарай шекаралық шарттар сызықтық тәуелсіз болсын, яғни шекаралық матрицаның кемінде бір миноры нөлден өзгеше болады.

Егер

$$\Delta_{42} = \Delta_{14} + \Delta_{32} = \Delta_{13} = 0, \quad (12)$$

онда есепті Штурм-Лиувилльдің болымсыз есебі дейміз.

Осы мақалада шекаралық есептердің негізгі қасиеттері қарастырылған. Көрсетілген формулалар Штурм-Лиувилль есебін кең пайдалануға мүмкіндік беретінін, Штурм-Лиувилль есебінің маңызды және қолданысқа толық ие екені дәлелденген. Штурм-Лиувилльдің осы қасиеттеріне сүйене отырып, есепті толығымен зерттеуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ойнаров Р., Рамазанова Х.С. Весовые неравенства и осцилляционные свойства одного квазилинейного уравнения типа Штурма-Лиувилля // Спектральная теория и дифференциальные уравнения: матер. конф., посв. 100-летию Б.М.Левитана. – М., 2014. – С.114.
2. Мырзатаева К.Р., Рамазанова Х.С. Локальные условия сопряженности, осцилляторности полулинейного дифференциального уравнения второго порядка // Ғылым күніне орайластырылған “Дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика”: халықар. ғыл. конф. еңбектері. – Алматы, 2014. – 170 б.
3. Кураисов М.К. Айнымалы коэффициентті параболалық теңдеу үшін локалды емес шекаралық есеп // Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. «физ. – мат.» сериясы. – Алматы, 2008. - №3 (259). – С. 34-38.
4. Кангужин Б.Е. О единственности решения нелокальной по времени задачи для уравнения теплопроводности // Международный семинар «Неклассические уравнения математической физики». – Новосибирск, 2005.- С. 130-133.
5. Tuagi J. Generalizations of Sturm-Picone theorem for second order nonlinear differential equations // Taiwanese Journal of Mathematics. – 2013.- № 1(17). – P. 361-378.

Түйіндеме

Бұл мақалада Штурм-Лиувилльдің шекаралық есебі қарастырылған. Алынатын шешімдердің жоғары дәлдігі және жуық сандарының көбеюі кезінде нақты шешімнің жинақтылығы көрсетілген.

Аннотация

В этой статье рассматривается краевые задачи Штурма-Лиувилля. Показано высокая точность и сходимость полученных решений.

Annotation

This article is considered Sturm-Liouville boundary value problems. High accuracy and convergence of the obtained solutions is shown.

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ИНТЕГРАЛДАНҒАН САБАҚТАРДЫ ӨТКІЗУДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Запарова А.Д.

Shymkent жоғары педагогикалық колледжі, Шымкент қ.

Біздің қоғамдық – саяси өмірдегі әртүрлі өзгерістер білім беру саласында да өзгерістерді келтіреді, мұнда мұғалім – негізгі жұмыс буыны.

Қазіргі кезде жалпы білім беруден мамандандырылған оқытуға өтуде, пәнаралық интеграция, дифференциация қолданылады. Сонымен қатар интерактивті құрал жабдықтарды пайдалану зерттелетін материалды қабылдауды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Осыған орай «Информатиканы оқытуда интерактивті әдістерді пайдалану ерекшеліктері» тақырыбы таңдалды. Білім беру үрдісі мұғалімсіз мүмкін емес болғандықтан, ол әрқашан оқыту үрдісін жетілдірудің тиімді жолдарын үнемі іздеуде, әсіресе программалауды оқыту деңгейін жоғарылатуда.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар білім беру үрдісін дамытуға үлкен мүмкіндіктер ұсынады, білім беру үрдісі ғылым және өмірмен тығыз байланысты. Бұл байланысты информатика мұғалімі өзінің қызметі арқылы жүзеге асырады.

Бұл жұмыстың негізгі бағыттары:

1. Білімгерлердің жеке және танымдық ерекшеліктерін болжау;
2. Білім беру үрдісінің нәтижелік мониторингісін ұйымдастыру;
3. Мұғалімнің инновациялық қызметі;
4. Кәсіби шеберлігін арттыру;
5. Білімгерлердің шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту.

Білімгерлердің жеке және танымдық ерекшеліктерін болжау үш бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1. Білімгерлердің логикалық ойлауын анықтау. Төмен деңгейде болса, білімгер материалды нашар талдайды, жасырын заңдылықтарды байқамайды және оларды пайдалана алмайды. Оның логикалық ойлауы төмен дамыған. Жоғарғы көрсеткішті білімгер сабақта тек қана ойлап қана қоймай, сонымен қатар танымдық қызметпен айналысады. Материалды меңгереді, талдайды, ой елегінен өткізеді және қорытынды шығара алады.

Берілген талдау:

- Жеке бағытталған қатынасты жүзеге асыруға себепші болады;
- Дифференциацияны жүзеге асыруға көмектеседі;
- Программаларды оқытуға әртүрлі деңгейлі қатынас.

2. Білімгерлерді психологиялық – педагогикалық болжау. Оқушылардың жеке және танымдық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

3. Білімгерлердің жалпы оқу дағдылары мен біліктілігінің дамуын талдау. Бұл жұмыс оқу орнының психологиялық қызметімен бірге ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жүргізіледі. Мәліметтерге сүйене отырып, тәжірибелік және зертханалық жұмыстар құрастырылады және өңделеді, сонымен қатар оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау жүзеге асырылады [1: 20].

Қазіргі жағдайда оқыту емес, танымдық қызмет басты болып саналады. Оқушы ойлай алу, оймен бөлісуі, ізденуі, қателесе білуі қажет. Мұғалім – бағыттайды, мақсат қояды, қателерді жөндейді. Бұл үшін программалау бойынша білім сапасының мониторингісін өткізу қажет. Бұл кезде оқушының информатика пәні бойынша дайындық деңгейін ғана анықтап қоймай, оқыту сапасына әсер ететін факторларды да айқындауға болады. Мониторинг әрбір оқушыға өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін салыстыруға, өзінің кемшіліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Мониторинг міндеттері:

1.Әрбір мұғалім оқушыларды дамытудың негізгі параметрлерін өзгерту динамикасы бойынша оқу үрдісінің нәтижелілігін бағалау;

2.Білім беру үрдісінің негізгі міндеті болып табылатын пән бойынша қолданылатын оқыту құралдары, әдістемелік тәсілдер, оқыту әдістері сәйкестігін бағалау – оқушы дамуына жағдайлар жасау;

3.Берілген сыныпта оқушылардың оқу қызметінің табысты және табысты болмауын талдау негізінде пән бойынша қажетті түзету шараларының көлемінің бағытын анықтау.

Білім беру үрдісінің нәтижесін бақылау үшін кірме, аралық және қорытынды срездерді тақырып бойынша тәжірибелік бақылау жұмыстары мен тестер түрінде өткізу қажет.

Толық көлемде бақылауды жүзеге асыру үшін интерактивті құрал жабдықтар мен ақпараттық жүйелерді (тестілік қабықшалар, программа-тренажерлер, электронды құралдар) қолдануға болады [2:15].

Оқу жылының бірінші екі аптасында өткізілетін нольдік срездің мақсаты – оқыту циклінің басында оқушылар білімінің деңгейін анықтау. Нольдік срез кезінде алдыңғы кезеңде оқытуды жақсы болжауды жүзеге асыру қажет, оқытуда қиыншылықтарды жеңу үшін іс-әрекеттер сызбасын өңдеу, келесі циклге оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік дайындық деңгейін бағалауға, оқытудың адекватты әдістемесін таңдауға, оқу әрекетіне оқушыларды ынталандыруды қалыптастыру қажет.

Аралық срез өткізу мақсаты – пәндік аймағында оқушылардың жетістікке жетуін бағалау, оқытудың аралық нәтижелерін қорытындылау. Оның нәтижелерін талдау негізінде таңдалған оқыту әдістемесінің жетістігін бағалау мен оқу үрдісін түзетуді жүргізу қажет. Қорытынды срезді өткізу мақсаты – берілген оқу жылының нәтижелерін қорытындылау, пәнді оқушылардың меңгеру жетістігін бағалау және оқу бағдарламасын орындау жетістігі жөнінде қорытынды жасау қажет.

Информатика барлық білім беру облыстарын қамтиды және мемлекеттік білім беру стандарты бойынша оқушылар толығымен ақпарат, қолданбалы программалар, операциялық жүйе, алгоритм, программалау тілдері, мәліметтер базасы, оқытудың әртүрлі кезеңіндегі ауқымды желілер сияқты ұғымдарды меңгеруі тиіс.

Ақпарат ұғымының ұлғаюы мен мемлекеттік стандарттың асыра тиелгендігіне байланысты балаларды оқуға үйрету оқытудың өзектілігі болады.

Қойылған мақсатқа тек педагогикалық (тұлғалық - бағытталған) технологиялар, әртүрлі деңгейлі және дифференциалданған қатынас, сонымен қатар оқытудың қазіргі заманғы интерактивті әдістері арқылы жетуге болады.

Педагогикалық технология – бұл реттелген процедуралар жүйесі, оны мүлтіксіз атқару жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Сабақты өткізгенде төмендегі педагогикалық технологиялар қолданылады:

1. Оқытудың ұжымдық тәсілдері

2. Ойындық технологиялар

3. Серіктестік арқылы оқыту

4. Жобалар әдісі

Әртүрлі деңгейлі оқыту

1. Ақпараттық технологиялар

2. Модульдік технологиялар

3. Витагендік технология

Барлық технологиялар негізінде дифференциалданған қатынас тұлғалық – бағдарланған қатынас болады.

Оқытудың интерактивті әдістерін енгізу қысқа мерзім ішінде білімнің үлкен көлемін меңгеруге, оқушылардың оқып үйренетін материалын жоғары деңгейде меңгеруін қамтамасыз ету және оның тәжірибе жүзінде бекітуге, ақпаратты басқа ғылымдармен интеграциясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Пәннің спецификациясына байланысты қойылған мақсатқа төмендегі әдістерді қолдануға болады:

Тренингтер - оқып-үйренетін материалды тәжірибелік өңдеуге бөлінетін оқыту, арнайы берілген жағдайда модельдеу процесінде қажетті білімдер мен дағдыларды дамыту және бекітуге мүмкіндік береді. Бұл әдісті төмендегі сабақтарда пайдалануға болады: программалау, визуалды программалау.

Топтық дискуссия

Программаланған оқыту – ақпарат компьютер монитормына үлкен емес блоктармен беріледі, әр блокпен жұмыс істеп болған соң, оқып үйренетін материалды меңгеру деңгейін көрсететін тапсырмаларды орындауы қажет. Бұл әдістер Word мәтіндік процессоры, Excel кестелік процессоры, Power Point презентациялар редакторы бөлімдерін оқып үйренгенде өте ыңғайлы.

Оқу дискуссиясы – нақты мәселе бойынша үлкен емес топтарға қатысты оқу топтық дискуссиялары (6 адам, егер мұғалім дұрыс қорытынды жасаған жағдайда мүмкін болады). Оқу дискуссиясы күрделі материалды оқып үйренгенде және өндегенде, сонымен қатар қажетті қойылымдарды қалыптастыруда үлкен эффект береді. Мысалы: Интернетті соттау.

CASE-STUDY - нақты жағдайларды талдау, шешімдерді қабылдау дағдысына оқыту әдісі, оның мақсаты оқушыларды ақпаратты талдау, маңызды мәселелерді айқындау, балама шешу жолдарын генерациялау, оларды бағалау, шешімдерді таңдау және іс-әрекеттер программаларын қалыптастыру болып табылады.

Берілген әдіс бойынша проблемалық жағдайлар бір ғана тақырып немесе курстың пәнімен ғана шектелмеген, олар басқа мәселелер және сұрақтармен өзара байланысты болады. Білімгерлер әртүрлі салалардан алған білімдерін пайдалануы қажет.

Case дайындаудың бүкіл процесі ақпараттық технологиялармен жұмыс істеудің дағдылары мен іскерлігіне негізделген, ол бар білімді өзекті етуге мүмкіндік береді, ғылыми – зерттеу қызметін белсенді етеді [3:28].

Мысалы, ақпаратты жинау кезінде қазіргі заманғы коммуникацияға негізделген әртүрлі ақпарат көзі қолданылады: теледидар, видео, компьютерлік сөздіктер, энциклопедия немесе коммуникация жүйелері арқылы қолжетімді мәліметтер базасы.

Ақпаратпен жұмыс істеудің келесі кезеңі – бұл оны өңдеу, яғни зерттелетін құбылыс немесе оқиғаның жалпы суретін көрсету үшін қолда бар көптеген фактілерді жіктеу және талдау. Содан соң оқушылар алдында Case көрсету формасы туралы мәселе туындайды.

Баскет әдіс – бұл жағдайларды имитациялауға негізделген оқыту әдісі. Мысалы, оқушыға компьютерлік техника мұражайы бойынша экскурсовод болу ұсынылады. Ол дайындық материалдарынан залда көрсетілген экспонаттар бойынша барлық қажетті ақпаратты алады.

Интерактивті технологиялар оқытудың дәстүрлі түрлерінен құтылуға ғана емес, сонымен қатар білім берудегі әлемдік тенденцияларды жүзеге асыруға, біртұтас әлемдік ақпараттық кеңістікке шығу мүмкіндігін береді.

Компьютерлік технологияларды қолдану білім деңгейін оқу қызметінің мотивациясын көтеруге мүмкіндік береді.

Шығармашылық үшін әртүрлі кәсіби дағдыларды алу және бекітуге жаңа мүмкіндіктер береді және үкіметтің мектепке қоятын әлеуметтік тапсырысына сәйкес келеді. Информатика оқытушысы үздіксіз есептеуіш техника құралдарының дамуы, жаңа программалардың пайда болуын, олармен жұмыс істеу әдістерінің үздіксіз өзгеруін бақылап отыруы тиіс. Кәдімгі тақталармен қатар интерактивті, «интеллектуалды» тақталар пайда болды. Интерактивті тақтаның мүмкіншіліктері көп: флипчарттар жасау, мәтін, формалар және түстер, ресурстар кітапханасы, проектор, сеткалар, бейнелермен жұмыс, сілтемелер, сағаттар, телеграфтық лента, беттерді ұйымдастыру және презентация әдістері. Білім беруге қандай болашақ жорамалдаса да, ол оқытушы рөлінсіз мүмкін емес. Сондықтан уақыт өзгереді, мұғалім рөліне, білім беру жүйесіндегі оқытушы рөліне

көзқарастар өзгеруде. Осыған орай әр кезде заман ағымына сай болу үшін оқытушы өзінің шеберлігі мен шығармашылығын дамыту бойынша үздіксіз жұмыс жасауы тиіс.

Қазіргі кезде информатика мұғаліміне қойылатын талаптар тек қана сабақтарды тиісті деңгейде өткізу ғана емес, сонымен қатар сабақты жаңа интерактивті әдістермен ұйымдастыруда басқа пән мұғалімдеріне де көмек көрсету болып табылады.

Информатика пәнін өмір сүру ортасы, салт дәстүрлер спецификациясына сүйене отырып, оқып үйрену оқушыларда өз халқының тарихын, мәдениетін танып білуге құштарлығын оятады, демек оқушылардың бойында адамгершілік қасиетін қалыптастырады, олардың шығармашылық потенциалын дамытады. Информатика пәнін оқыту спецификациясы математика, биология, химия, физика, экономика және т.б. сияқты білім беру пәндерінің әртүрлі бағыттарында ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану мен оқып үйренудің тығыз байланысын қарастырады. Сондықтан информатика мұғаліміне терең ойлайтын және қазіргі заманғы ақпараттық – экономикалық кеңістікке бейім оқушыны дайындау сияқты зор жауапкершілік қойылады. Өз мүмкіндіктері мен дарындылығын жүзеге асыру құралы компьютер болғанда жаңа ақпараттық технологияларды енгізу болашаққа жаңа қадам жасауға мүмкіндік береді. Мұндай оқытуда олар тек қана білімді алу мен қолдану үшін оқымай, сонымен қатар қажетті оқыту құралдары мен ақпарат көздерін табуға, осы ақпаратпен жұмыс істеуге үйренеді. Қазіргі қоғамда компьютер маңызды және ажырамас бөлігі болған жағдайда оқу процесінде компьютерлік технологияларды пайдалану мемлекеттің болашақ идеяларын ойлап, оларды ғылымның барлық саласына ендіретін сауатты ұрпақ қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Шамова Т.И., Малинин А.Н., Тюло Г.М. Инновационные процессы: содержательно-организационная основа механизма ее развития. М., 2011. -30-356.
2. Инновации в практике обучения //Педагогика. №2, 2012. -45-47с.
3. Педагогическая инноватика как направления методологических исследований, педагогическая теория идеи и проблемы: сб. науч. тр. Отв. ред. В.С. Шубинский. -М: 2010. 26с.

Аннотация

Бұл мақалада информатиканы оқытуда интегралданған сабақтарды өткізуде интерактивті әдістерді пайдаланудың әдістері қарастырылған.

Аннотация

В этой статье обсуждается, как использовать интерактивные методы при интеграции уроков в информатике образования.

Annotation

This article discusses how to use interactive methods in integrating lessons in computer science Education.

АХБОРОТ КОММУНИКАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯЛАРИДА АХБОРОТ ХАВФСИЗЛИГИНИ БАҲОЛАШ МОДЕЛИНИНГ ТАДҚИҚИ

Кожалепесов С.С.

Нукусский филиал государственного института
искусств и культуры Узбекистана, Узбекистан

